



МӘДЕНИ МҰРА
ғылыми журнал

КУЛЬТУРНОЕ НАСЛЕДИЕ
научный журнал

CULTURAL HERITAGE
science journal

ISSN: 2708-3365 (print)

ISSN: 3006-1377 (online)

№ 1 (104)

Астана
2024

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

СЫДЫҚОВ Айбек Жексеналыұлы	– PhD докторы (алқа төрағасы) (Қазақстан)
ИБРАЕВА Ақмарал Ғосманқызы	– алқа төрағасының орынбасары, Қазақстан ұлттық жаратылыстану ғылымдары академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ТАЙМАҒАМБЕТОВ Жәкен Қожахметұлы	– ҚР ҰҒА академигі, тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашұлы	– тарих ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
АЙМҰХАМБЕТ Жанат Әскербекқызы	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қазақстан)
ҮМІТҚАЛИЕВ Ұлан Үмітқалиұлы	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
ЖАБАҒИН Мақсат	– тарих ғылымдарының кандидаты (Қазақстан)
БИҒОЖИН Ұлан Зейноллаұлы	– PhD докторы (Қазақстан)
САБИТОВ Жаксылық	– PhD докторы (Қазақстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD докторы (Қазақстан)
ҚАРА Әбдуақап	– доктор, профессор (Түркия)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (АҚШ)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	– филология ғылымдарының докторы, профессор (Қырғызстан)
РАДИВОЖЕВИЧ Мильяна	– PhD, қауымдастырылған профессор (Ұлыбритания)

EDITORIAL BOARD:

**Aibek
Sydykov**

– Doctor PhD (Chairman of the editorial board) (Kazakhstan)

**Akmaral
Ibrayeva**

– Deputy chairman of the editorial board, Academician of the National Academy of Natural Sciences of Kazakhstan, Doctor of historical sciences, Professor (Kazakhstan)

**Zhaken
Taimagambetov**

– Academician of NAS RK, Doctor of Historical Sciences, Professor (Kazakhstan)

**Zainolla
Samashev**

– Doctor of Historical Sciences, (Kazakhstan)

**Zhanat
Aimukhambet**

– Doctor of Philology, Professor (Kazakhstan)

Ulan Umitkaliev

– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)

Victor Merts

– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)

Maxat Zhabagin

– Candidate of Historical Sciences (Kazakhstan)

Ulan Bigozhin

– PhD (Kazakhstan)

Zhaxylyk Sabitov

– PhD (Kazakhstan)

Paula Dupuy

– PhD (Kazakhstan)

Kara Abdulvahap

– Doctor, professor (Turkey)

Uli Shamiloglu

– PhD, professor (USA)

Gulnara Aitpaeva

– Doctor of Philology, Professor (Kyrgyzstan)

Radivojevic Miljana

– PhD, Associate professor (UK)

РЕДАКЦИОННАЯ КОЛЛЕГИЯ:

СЫДЫКОВ Айбек Жексеналыевич	– PhD доктор (председатель коллегии) (Казахстан)
ИБРАЕВА Акмарал Госмановна	– заместитель председателя коллегии, Академик Казахстанской национальной академии естественных наук, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
ТАЙМАГАМБЕТОВ Жакен Кожаметович	– Академик НАН РК, доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
САМАШЕВ Зайнолла Самашевич	– доктор исторических наук, профессор (Казахстан)
АЙМУХАМБЕТ Жанат Аскербековна	– доктор филологических наук, профессор (Казахстан)
УМИТКАЛИЕВ Улан Умиткалиевич	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
МЕРЦ Виктор Карлович	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
ЖАБАГИН Максат	– кандидат исторических наук, профессор (Казахстан)
БИГОЖИН Улан Зейноллаулы	– PhD доктор (Казахстан)
САБИТОВ Жаксылык	– PhD доктор (Казахстан)
ДЮПЮЙ Пауло	– PhD доктор (Казахстан)
КАРА Абдуакап	- Доктор, профессор (Турция)
ШАМИЛЬОГЛУ Юлай	– PhD, профессор (США)
АЙТПАЕВА Гулнара Амановна	- доктор филологических наук, профессор (Кыргызстан)
Радивожевич Мильяна	- PhD, ассоциированный профессор (Великобритания)

МАЗМҰНЫ / CONTENT / СОДЕРЖАНИЕ

Археология / Archaeology / Археология

Таймагамбетов Ж.К., Анойкин А.А., Бочарова Е.Н., Павленок Г.Д., Курбанов Р.Н., Дуванбеков Р.С.
Шығыс Қазақстандағы мезолиттік Қарасай тұрағы

Taimagambetov Zh.K., Anoin A.A., Bocharova E.N., Pavlenok G.D., Kurbanov R.N., Duvanbekov R.S.
About the Karasai mesolithic site in East Kazakhstan

Таймагамбетов Ж.К., Анойкин А.А., Бочарова Е.Н., Павленок Г.Д., Курбанов Р.Н., Дуванбеков Р.С.
О мезолитической стоянке Карасай в Восточном Казахстане.....7

Артықбаев Ж.О., Макеев М.С., Құттыбай М.М. Ежелгі Ботай тұрғын үйі қазақ шошаласы: түрлері, қызметі, генезисі және қазіргі жағдайы

Artykbayev Zh.O., Makeev M.S., Kutybay M.M. Ancient Botai dwelling is Kazakh shoshala: types, function, genesis and current state

Артықбаев Ж.О., Макеев М.С., Құттыбай М.М. Жилище древних ботайцев - казахская шошала: виды, деятельность, генезис и современное состояние.....17

Атдаев С.Д., Маммедова Б.Ж. Түркмендердің динг мұнаралары (ХІХ ғасыр материалдары негізінде)

Atdaev S. J., Mammedova B. J. Towers-dings of the Turkmen (based on materials of the 19th century)

Атдаев С.Дж., Маммедова Б.Дж. Башни-динги у туркмен (по материалам ХІХ в.).....33

Кошман Т.В., Егінбай Ә.Е. XX ғасырдың 20-жылдарындағы Ақмола музейінің палеонтологиялық жинағын құру тәжірибесі

Koshman T.V., Yeginbay A.E. Experience of creation of the paleontological collection of the Akmola museum in the 20s of the XX century

Кошман Т.В., Егінбай А.Е. Опыт создания палеонтологической коллекции Ақмолинского музея в 20-е гг. XX в.....46

Құрманиязов Ы.С., Шарапова Қ.Ә., Альсейтова С.Ж. Арал маңы Қарақұмындағы жаңа зерттеулер

Kurmaniyazov Y.S., Sharapova K.A., Alseitova S.Zh. New studies of the Aral sea Karakum

Құрманиязов Ы.С., Шарапова Қ.Ә., Альсейтова С.Ж. Новые исследования приаральских Каракумов.....58

Султанова А.К. Түркілердің заманауи өнеріндегі материалдық және рухани мәдениеті (Қазақстан Ұлттық музейінің бейнелеу өнері экспозициясы негізінде)

Sultanova A.K. Material and spiritual culture of Turks in the modern art (based on art exposition in National museum of Kazakhstan)

Султанова А.К. Материальная и духовная культура тюрок в современном искусстве (на основе экспозиции изобразительного искусства Национального музея Казахстана).....74

Шораев Б.К., Оспанова А.К. Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың сауда саттықтағы рөлі

Shorayev B.K., Ospanova A.K. The role of medieval cities in Kazakhstan in the Great Silk Road

Шораев Б.К., Оспанова А.К. Роль средневековых городов Казахстана в торговле на Великом Шелковом пути.....90

Молдахмет А.А. Сырдария өзенінің төменгі ағысы бойындағы Алтын орда дәуіріндегі қалалардың зерттелу тарихы

Moldakhmet A.A. The history of the study of the cities of the Golden Horde era in the lower reaches of the Syr Darya

Молдахмет А.А. История изучения городов эпохи Золотой Орды в низовьях Сырдарьи.....105

Философия / Philosophy / Философия

Кузембаева С.Е. Ою-өрнек өнерінің философиялық танымы

Kuzembayeva S.E. Philosophical knowledge of ornamental art

Кузембаева С.Е. Философское познание орнаментального искусства.....118

Бақдәулет Ж.Ж., Кузембаева С.Е. Кілемдегі ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәні

Bakdaulet Zh.Zh., Kuzembayeva S.E. Philosophical knowledge of ornamental art

Бақдаулет Ж.Ж., Кузембаева С.Е. Философские знаки и идейное значение ковровых узоров.....129

Қазақстан музейлері / Museums of Kazakhstan/ Музеи Казахстана

Алманқұлова Ж.А. Отандық тарихымыздың құнды жәдігерлері сақталған – Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі

Almankulova Zh.A. Zhambyl regional museum of local lore is a place of priceless exhibits of national history

Алманқұлова Ж.А. Жамбылский областной историко-краеведческий музей – хранилище ценных памятников нашей национальной истории.....139

Археология / Archaeology / Археология

<https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.01>

МРНТИ 03.41.91

*Таймагамбетов Ж.К.¹, Анойкин А.А.², Бочарова Е.Н.²,
Павленок Г.Д.², Курбанов Р.Н.³, Дуванбеков Р.С.¹

¹Национальный музей Республики Казахстан
Астана, Казахстан

²Институт археологии и этнографии СО РАН
Новосибирск, Россия

³Московский государственный университет им. М.В. Ломоносова
Москва, Россия

*e-mail: zhaken.taimagambetov@gmail.com

О МЕЗОЛИТИЧЕСКОЙ СТОЯНКЕ КАРАСАЙ В ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ

Аннотация. В статье представлены результаты археологических исследований стоянки Карасай в Шиликтинской долине, проводившихся в 2023 г. Основной целью работ в 2023 году стало уточнение стратиграфии и границ распространения культурных слоев на стоянке. Подъемный комплекс артефактов по своим характеристикам был разделен на две группы. Первая соответствует индустрии, выявленной ранее на памятнике в стратифицированном залегании (слой 2 раскопа 2019 г.) и может быть отнесена к мезолитическому времени. Вторая группа по морфологическим характеристикам выглядит более древней и предварительно может быть датирована развитым верхним палеолитом, поскольку имеет определенное сходство с комплексом артефактов из шурфа № 2 (2022 г.), а также подошвы слоя 5 и кровли слоя 6 стоянки Ушбулак. Кроме того, в 2023 году была выполнена серия датировок методом оптико-люминесцентного стимулирования образцов из шурфа 2022 г., археологическая коллекция которого демонстрирует более архаичные черты. Результаты датирования, показавшие возраст около 35 тыс. л.н., подтверждают верхнепалеолитическую атрибуцию этого комплекса.

Ключевые слова: Казахстан, Шиликтинская долина, разведочные работы, верхний палеолит, мезолит, Карасай, ОСЛ-датирование.

Для цитирования: Таймагамбетов Ж.К., Анойкин А.А., Бочарова Е.Н., Павленок Г.Д., Курбанов Р.Н., Дуванбеков Р.С. О мезолитической стоянке Карасай в Восточном Казахстане // Мадени Мұра. 2024. №1 (104). 7-16 с. (Рус.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.01>

Введение

В 2023 году археологическое исследование на памятнике проведено на основании договора Национального музея РК с Институтом археологии и этнографии СО РАН в рамках проекта научно-исследовательской работы последнего № FWZG-2022-0008 «Центральная Азия в древности: археологические культуры каменного века в условиях меняющейся природной среды».

Стоянка Карасай расположена в среднем течении ручья Западный (Шиликтинская долина, Восточный Казахстан), в месте его выхода в предгорную равнину, на высоком обрывистом левом берегу (рис. 1, 1).

В ходе полевых исследований, проведенных в 2019 и 2022 гг., было установлено, что Карасай – это многослойный стратифицированный археологический комплекс, включающий горизонт, датируемый мезолитом, а также еще один горизонт, предварительно отнесенный к развитому верхнему палеолиту (Павленок и др., 2021, 2022; Pavlenok et al., 2020). В 2023 году были продолжены исследования совместной археологической экспедиции.

Долина водотока в окрестностях стоянки имеет V-образный профиль, с периодическими локальными расширениями (рис.1, 3). Левый борт долины, высотой около 5 м, состоит из рыхлых отложений. Правый борт выше и круче, сложен песчаниками и алевролитами кояндиной свиты.

Материалы и методы исследования

В ходе разведочных работ на территории Шиликтинской долины в 2016–2018 гг. на месте осыпных

отложений на левом берегу ручья неоднократно производились подъемные сборы археологического материала (Павленок и др., 2021).

В 2019 году на месте концентрации материала был заложен шурф 2×1 м. Затем с целью более подробного изучения стратиграфии и характеристик распространения археологических артефактов, в южном направлении была прирезана траншея 4×1 м (рис.1, 3) (Павленок и др., 2021; Pavlenok et al., 2020). В результате исследований выделено 4 слоя. Слои 1 и 2 содержали археологический материал, слои 3, 4 были стерильны в археологическом отношении. Находки из слоя 1 относятся к неопределенному периоду в пределах эпохи палеометалла. Анализ коллекции каменных артефактов слоя 2 показал наличие развитой отжимной техники для получения микропластин и пластинок с объемных нуклеусов, а также оружийный набор, включающий микрорезцы, микроскребки и вкладыши на мелких пластинчатых заготовках, которые указывают на раннеголоценовый возраст комплекса. Абсолютное датирование культурного слоя 2 и подстилающего его слоя 3 подтверждает мезолитический возраст памятника (рис.1, 4). АТС-даты были получены для средней части и кровли слоя 2: $10\ 213\text{--}9\ 707$ кал. л.н. в интервал достоверности 95,4 % (GV-02376) по кости и $8\ 977\text{--}8\ 445$ кал. л.н. 95,4 % (GV-02375) по раковине моллюска. ОСА-дата для средней части слоя 2 имеет значение от $10\ 700 \pm 2\ 300$ л.н. до $9\ 300 \pm 2\ 200$ л.н. (Pavlenok et al., 2020). Нижняя граница возможного возраста для культурного слоя 2 ограничивается датой $13\ 700 \pm 1\ 400$, полученной по образцу, взятому из средней части литологического слоя 3.

В 2022 году были продолжены работы

по выяснению границ памятника. В 50 м от раскопа 2019 г. ниже по течению ручья, в зоне выхода ручью в долину, был заложен шурф № 2 (рис. 1, 2, 3). Исходя из облика инвентаря, было сделано предположение, что в

материалах шурфа не прослеживается прямых аналогий с индустрией слоя 2 стоянки Карасай и скорее они имеют определенное сходство с комплексами из слоя 5 стоянки Ушбулак (Павленок и др., 2022).



Рис. 1. Стоянка Карасай в Шиликтинской долине (Восточный Казахстан).
1 – карта расположения археологических объектов в Шиликтинской долине;
2 – южная стенка шурфа № 2 (2022 г.) с указанием места отбора ОСЛ-образцов;
3 – вид на стоянку с севера;
4 – стратиграфический разрез южной стенки раскопа 2019 г. стоянки Карасай, место отбора образцов на АТС- и ОСЛ-датирование (по: (Павленок и др., 2021)).

Fig. 1. Karasai site on Shilikty valley (East Kazakhstan)
1 – the map of location of archaeological objects on Shilikty valley;
2 – the southern wall of the pit No. 2 (2022) indicating the place of sampling of OSL samples;
3 – the view to the site from north;
4 – stratigraphic section of the southern wall of the 2019 excavation of the Karasai site, the sampling site for ABS and OSL dating (according to: (Pavlenok et al., 2021)).

Обсуждение

Экспонированные артефакты, обнаруженные в ходе работ 2023 года, были рассеяны в границах памятника, на склоне по левому борту ручья, где образовались несколько небольших осыпей. Основное скопление каменных артефактов было зафиксировано на участке протяженностью около 15 м, вниз по течению ручья от раскопа 2019 г. (рис. 1, 3). Осмотр территории объекта показал, что в целом сохранность стоянки удовлетворительная, часть склона в некоторых участках частично разрушена из-за вытаптывания крупным и мелким рогатым скотом.

В общей сложности коллекция подъемного материала составила 66 предметов, в том числе нуклевидные

формы – 2 экз., пластины – 3 экз., пластинки – 4 экз., отщепы – 32 экз., технические сколы – 6 экз., осколки – 5 экз. Три предмета вторичной обработкой преобразованы в орудия.

Нуклевидные изделия представлены двумя ядрищами. Первый нуклеус торцовый для микропластин (рис. 2, 1).

Ударная площадка прямая. Латерали оформлены несколькими сколами, легкая ретушь присутствует по гребню изделия. Изделие по общей морфологии можно соотнести с материалами раскопок 2019 года и подъемными сборами 2022 года. Второй нуклеус одноплощадочный, однофронтальный, сильно истощен. Технические сколы представлены четырьмя краевыми сколами, сколом с фронта нуклеуса




Рис. 2. Археологический материал стоянки Карасай.

1, 3 – нуклеус; 2 – базальная часть орудия.

Fig. 2. Archaeological complex of Karasai site.

1,3 – the nucleus; 2 - the basal part of the tool

для микропластин. Торцовый нуклеус и имеющиеся технические сколы соотносятся с каменной индустрией слоя 2 раскопа 2019 года.

Среди сколов преобладают отщепы средних и крупных размеров, мелкие отщепы представлены единично. Крупные отщепы в большинстве покрыты карбонатной коркой. Пластинчатые сколы представлены пластинами (3 шт.), а также фрагментами пластинок (ширина 6–11 мм). Два фрагмента пластин имеют мелкую краевую ретушь. Среди пластинчатых сколов есть одна целая массивная пластина с мелкой краевой ретушью на одной из латералей и дистальный фрагмент орудия на крупной пластине (с карбонатной коркой), которые можно соотнести к материалам шурфа 2022 г. По морфологии изделий материалы могут быть отнесены к развитому верхнему палеолиту и, скорее всего, синхронны индустриям, залегающим в подошве слоя 5 или кровле слоя 6 стоянки Ушбулак (Anoikin et al., 2019).

Типологически выраженные орудийные формы представлены ножом на крупной пластине (изделие окатано), унифасильно оформленной базальной частью орудия (рис. 2, 2) и боковым скребком на отщепе.

Подъемный материал условно можно разделить на два комплекса. Первый комплекс, в состав которого входят торцовый нуклеус для микропластин, пластинки и технические сколы, хорошо коррелируется с археологическими материалами из слоя 2 стоянки Карасай, которые датируются ранним голоценом (Павленок и др., 2022). Второй комплекс, который включает в себя крупные пластины, а также крупные отщепы с карбонатной коркой, соответствует скорее материалам из шурфа 2022 г.

и может быть отнесен к развитому верхнему палеолиту.

С целью уточнения границ распространения культуросодержащих слоев в прошедшем году на Карасея были проведены рекогносцировочные раскопочные работы. На бровке левого борта ручья, в 10 м ниже по течению от раскопа 2019 г., был заложен шурф-врезка № 3, 1,0 × 1,5 м (см. рис. 1, 3). Тесто определялось наличием концентрации подъемного материала. В целом полученный на шурфе стратиграфический профиль хорошо соотносится с разрезом южной стенки раскопа 2019 г. и шурфа 2022 г. Сводный разрез включает следующие подразделения (сверху вниз).

Слой 1. Современная почва. Площадь поражения деятельностью землероев до 80 %. Точность – 0,1–0,15 м.

Слой 2. Супесь средняя светло-серая (белесая), плотная, с вкраплениями карбонатов. Площадь поражения деятельностью землероев до 50 %. Точность – 0,5 м.

Слой 3. Супесь средняя коричневая, плотная, однородная. Точность – 0,15 м.

Слой 4. Щебнистый горизонт с супесчаным заполнителем коричнево-серого цвета. Вскрытая мощность до 0,2 м.

В шурфе зафиксировано два уровня залегания фаунистического и археологического материала. В слое 1 обнаружены фрагмент трубчатой кости и отщеп. В кровле слоя 2 – двифронтальный (один фронт со встречным скальваем), ортогональный, трехплощадочный нуклеус для отщепов (рис. 2, 3) и крупный скол. Талое количество артефактов затрудняет хронологическую атрибуцию комплекса, однако, основываясь на стратиграфических условиях залегания

и морфологии нуклеуса, можно предположить, что слой 2 шурфа № 3 скорее всего имеет аналогии с материалами слоя 2 стоянки Карасай. Продолжение работ на этом участке позволит проводить такие аналогии более аргументировано.

Результаты

Археологические исследования требуют точных методов датирования для определения возраста артефактов и вмещающих их отложений. В 2022 году на стоянке Карасай, в шурфе № 2 было отобрано два образца для ОСЛ- датирования из средней части и подошвы слоя 2. ОСЛ-датирование отложений выполнено в Скандинавской люминесцентной лаборатории Risø Орхусского Университета, Дания.

Результаты ОСЛ-датирования для образцов из стоянки Карасай рассчитаны по полевому шпату. Для средней части слоя 2 они имеют значения возраста от $35,7 \pm 1,7$ тыс. л.н. (по кварцу $33,2 \pm 2,8$ тыс. л.н.). Возраст для подошвы слоя 2 $35,1 \pm 1,8$ тыс. л.н. (рис.1, 2) Эти даты хорошо согласуются с ОСЛ-датой слоя 5.2 – $32,3 \pm 1,9$ тыс. л.н. и датами, полученными для слоя 6.2 стоянки Ушбулак – $35,0 \pm 2,1$ тыс. л.н. (ОСЛ) и 39 049–36 330 л.н. (УМС, кал. л.н. (InCal 20)) (Курбанов и др., 2021). Эти даты дополняют уже имеющуюся хронологию стоянки Карасай принципиально новыми данными. Ранее нижний возраст стоянки Карасай ограничивался возрастом $13\,700 \pm 1400$ лет (рис. 1, 4). Различия в возрасте отложений на разных участках стоянки, вероятно, можно связать с особенностями деятельности ручья. Вероятно, на участке, где расположен

шурф №2, отложения, зафиксированные выше по ручью при раскопках 2019 г., были размыты и переработаны водотоком. Дальнейшее геологическое изучение стоянки позволит сделать вывод о строении левого борта ручья Западный более обоснованным.

Выводы

Новые находки на Карасе, как в стратифицированных условиях, так и в поверхностном залегании, представляют собой несколько комплексов артефактов, которые характерны как для мезолитической индустрии памятника (Pavlenok et al., 2020), так и для группы более древних артефактов, которые синхронны индустриям, залегающим в подошве слоя 5 или кровле слоя 6 стоянки Ушбулак (Anoikin et al., 2019). Совместно с новыми данными абсолютной хронологии эти находки уточняют временные рамки заселения Шиликтинской долины в периоды верхнего палеолита и позволяют рассматривать стоянку Карасай как многослойный объект, отражающий разные этапы заселения этой территории древним человеком, что представляет собой редкость в региональном контексте.

Материалы стоянки Карасай и данные абсолютного датирования указывают на то, что территория Шиликтинской долины была обитаема на протяжении длительного периода времени, о чем демонстрируют материалы стоянки Карасай, которые подразделяются на два комплекса: развитого верхнего палеолита и мезолита. Последний выделен на территории Шиликтинской долины впервые.

Литература

1. Anoikin A.A., Pavlenok G.D., Kharevich V.T., Taimagambetov Zh.K., Shalagina A.V., Gladyshev S.A., Ulyanov V. A., Duvanbekov R.S., Shunkov T. V., 2019. Ushbulak – A New Stratified Upper Paleolithic Site in Northeastern Kazakhstan. // *Archaeology, Ethnology and Anthropology of Eurasia*. Vol. 47, N 4. P. 16–29.
2. Курбанов Р.Н., Янина Т.А., Тюррей Э.С., Семиколенных Д.В., Свистунов Т.И., Штыркова Е.И., 2019. Возраст карангатской трансгрессии Черного моря. // *Вестн. Моск. ун-та. Сер. география*. № 6. С. 29–40.
3. Павленок Г.Д., Бочарова Е.Н., Харевиц В.Т., Такаров С.С., Папин А.Д., Таймагамбетов Ж.К., Дуванбеков Р.С., Танскова Е.А., Анойкин А.А., 2022. Разведочные работы в Шиликтинской долине (Восточный Казахстан) в 2022 году. // *Проблемы археологии, этнографии, антропологии Сибири и сопредельных территорий*. Новосибирск: Изд-во ИАЭТ СО РАН. Т. 28. С. 222–228.
4. Павленок Г.Д., Гладышев С.А., Ульянов В.А., Бочарова Е.Н., Курбанов Р.Н., Кулик Н.А., Таймагамбетов Ж.К., Анойкин А.А., 2021. Мезолит Восточного Казахстана (по материалам стоянки Карасай). // *Stratut plus. Археология и культурная антропология*. № 1. С. 301–318.
5. Курбанов Р.Н., Ульянов В.А., Анойкин А.А., Павленок Г.Д., Семиколенных Д.В., Харевиц В.Т., Таймагамбетов Ж.К., Тюррей Э.С., 2021. Первая люминесцентная хронология начального верхнего палеолита Восточного Казахстана (по материалам стоянки Ушбулак). // *Вестн. Моск. ун-та. Сер. 5. География*. № 5. С. 131–148.
6. Pavlenok G., Bocharova E., Gladyshev S., Ulyanov V., Tarkovskiy G., Kharevich V., Taimagambetov Zh., Anoikin A., 2020. The Karasai site: The first stratified Mesolithic assemblage in eastern Kazakhstan. *Archaeological Research in Asia*. Vol. 25. doi: 10.1016/j.ara.2020.100249
7. Turray A.S., Thomsen K.J., Tasuda N., Buylaert J.P., Jain T., 2012. Identifying wellbleached quartz using the different bleaching rates of quartz and feldspar luminescence signals. // *Radiation Measurements*. Vol. 47. P. 688–695.

References

1. Anoikin A.A., Pavlenok G.D., Kharevich V.T., Taimagambetov Zh.K., Shalagina A.V., Gladyshev S.A., Ulyanov V. A., Duvanbekov R.S., Shunkov T. V., 2019. Ushbulak – A New Stratified Upper Paleolithic Site in Northeastern Kazakhstan. *Archaeology, Ethnology and Anthropology of Eurasia*, Vol. 47, N 4. Pp. 16–29.
2. Kurbanov R.N., Yanina T.A., Turray A.S., Semikolennykh D.V., Svistunov T.I., Shtyrkova E.I., 2019. Vozrast karangatskoj transgressii Chernogo morya. [The age of the Karangat transgression of the Black Sea]. // *Vestnik Moskovskogo un-ta. Seriya 5. Geografiya*. Vol 6. Pp. 29–40.[in Russian]
3. Pavlenok G.D., Bocharova E.N., Kharevich V.T., Takarov S.S., Papin A.D., Taimagambetov Zh.K., Duvanbekov R.S., Tanskova E.A., Anoikin A.A., 2022. Razvedochnye raboty v Shiliktinskoy doline (Vostochnyj Kazakhstan) v 2022 godu [Archaeological Survey at Shylikty Valley (Eastern Kazakhstan)] // *Problemy archeologii, etnographii, antropologii Sibiri i sopredelnykh territorij*. Novosibirsk: IAET SB RAS. Vol. 28. Pp. 222–228.[in Russian]

4. Pavlenok G., Gladyshev S., Ulyanov V., Bocharova E., Kurbanov R.N., Kulik N.A., Taimagambetov Zh., Anoikin A., 2021. Mezolit Vostochnogo Kazakhstana (po materialam stoyanki Karasai) [The Mesolithic of the Eastern Kazakhstan (Based on the Karasai Site materials)]. Stratum Plus. Archeologiya i kulturnaya antropologiya. Vol. 1. Pp. 301–318. [in Russian]
5. Kurbanov R.N., Ulyanov V.A., Anoikin A.A., Pavlenok G.D., Semikolennykh D.V., Harevich V.T., Taimagambetov Zh.K., Turray A.S., 2021. Pervaya lyuminescentnaya chronologiya nachalnogo verhnego paleolita Vostochnogo Kazakhstana (po materialam stoyanki Ushbulak) [The first luminescent chronology of the initial Upper Paleolithic of Eastern Kazakhstan (case study of the Ushbulak archaeological site)]. // Vestnik Moskovskogo un-ta. Seriya 5. Geographiya. Vol 5. Pp. 131–148. [in Russian]
6. Pavlenok G., Bocharova E., Gladyshev S., Ulyanov V., Tarkovskiy G., Kharevich V., Taimagambetov Zh., Anoikin A., 2020. The Karasai site: The first stratified Mesolithic assemblage in eastern Kazakhstan. // Archaeological Research in Asia. Vol. 25. DOI:10.1016/j.ara.2020.100249
7. Turray A.S., Thomsen K.J., Tasuda N., Buylaert J.P., Jain T., 2012. Identifying wellbleached quartz using the different bleaching rates of quartz and feldspar luminescence signals. // Radiation Measurements. Vol. 47. pp. 688–695.

***Таймагамбетов Ж.К.¹, Аноикин А.А.², Бочарова Е.Н.²,
Павленок Г.Д.², Курбанов Р.Н.³, Дуванбеков Р.С.¹**

¹Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
Астана, Қазақстан

²РФА СБ Археология және этнография институты
Новосибирск, Ресей

³М.В. Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университеті
Мәскеу, Ресей

*e-mail: zhaken.taimagambetov@gmail.com

ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МЕЗОЛИТТІК ҚАРАСАЙ ТҰРАҒЫ

Аннотация. Мақалада 2023 жылы Шілікті алқабындағы Қарасай аумағында жүргізілген археологиялық зерттеулердің нәтижелері ұсынылған. 2023 жылы жүргізілген зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – аймақтағы мәдени қабаттардың стратиграфиясы мен таралу шекарасын нақтылау болып табылады. Артефактілер кешені белгілеріне қарай екі топқа бөлінді. Біріншісі, аймақтағы бұрын анықталған стратификацияланған салаға сәйкес келеді (2019 жылғы қазбаның 2 қабаты) және оны мезолит дәуіріне жатқызуға болады. Екінші топ, морфологиялық белгілері жағынан салыстырмалы түрде ерте кезең деген болжам жасалды және жоғарғы палеолитке жатқызуға болады, себебі Үшбұлақ тұрағының 6-қабатының төбесі және 5-қабатының ең төменгі бөлігі №2 қазбадан (2022 ж.) алынған артефактілер кешенімен белгілі бір ұқсастығы бар екені анықталды.

Сонымен қатар, 2023 жылы 2022 жылғы қазбасынан алынған үлгілер

үшін оптикалық-люминесцентті стимуляция әдісін қолдану арқылы бірқатар мерзімдеме жұмыстары жүргізілді, олардың археологиялық жинағы архаикалық ерекшеліктерге ие екенін көрсетті. Мерзімдеме нәтижелері бұл кешеннің жоғарғы палеолиттік атрибуциясы екендігін және шамамен 35 мыңжылдыққа жататынын дәлелдеп отыр.

Кілт сөздер: Қазақстан, Шілікті алқабы, барлау жұмыстары, жоғарғы палеолит, мезолит, Қарасай, ОСЛ - мерзімдеме.

Дәйексөз үшін: Таймагамбетов Ж.К., Аноикин А.А., Бочарова Е.Н., Павленок Г.Д., Курбанов Р.Н., Дуванбеков Р.С. Шығыс Қазақстандағы мезолиттік Қарасай тұрағы // Мәдени мұра. 2024. №1 (104). 7-16 б. (Орыс.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.01>

***Taimagambetov Zh.K.,¹ Anoikin A.A.², Bocharova E.N.², Pavlenok G.D.², Kurbanov R.N.³, Duvanbekov R.S.¹**

¹National Museum of the Republic of Kazakhstan
Astana, Kazakhstan

²Institute of Archeology and Ethnography SB RAS
Novosibirsk, Russia

³Moscow State University. M.V. Lomonosov
Moscow, Russia

*e-mail: zhaken.taimagambetov@gmail.com

ABOUT THE KARASAI MESOLITHIC SITE IN EAST KAZAKHSTAN

Abstract. The article presents the results of archaeological studies of the Karasai site in the Shylikty Valley conducted in 2023. The main goal of the work in 2023 was to clarify the stratigraphy and boundaries of the distribution of cultural layers in the site. The lifting complex of artifacts was divided into two groups according to its characteristics. The first group corresponds to the industry identified earlier on the monument in a stratified occurrence (layer 2 of the excavation in 2019) and can be attributed to the Mesolithic period. The second group looks more ancient in morphological characteristics and can be tentatively dated to the developed Upper Paleolithic, since it has certain similarities with the complex of artifacts from pit No. 2 (2022), as well as the soles of layer 5 and the roof of layer 6 of the Ushbulak site. In addition, in 2023, a series of dating was performed using optical-luminescent stimulation of samples from the 2022 pit, the archaeological collection of which shows more archaic features. The dating results, which showed an age of about 35 thousand years old, confirm the Upper Paleolithic attribution of this complex.

Keywords: Kazakhstan, The Shilikty valley, exploration, Upper Paleolithic, Mesolithic, Karasai, OSL dating.

For citation: Taimagambetov Zh.K., Anoikin A.A., Bocharova E.N., Pavlenok G.D., Kurbanov

R.N., Duvanbekov R.S. About the Karasai Mesolithic site in East Kazakhstan // Madeni mura. 2024. №1 (104). 7-16 p. (in Rus.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.01>

Сведения об авторах:

1. **Таймагамбетов Ж.К.**, доктор исторических наук, профессор, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан
2. **Анойкин А.А.**, кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник, Институт археологии и этнографии СО РАН, Новосибирск, Россия
3. **Бочарова Е.Н.**, младший научный сотрудник, Институт археологии и этнографии СО РАН, Новосибирск, Россия.
4. **Павленок Г.Д.**, кандидат исторических наук, старший научный сотрудник, Институт археологии и этнографии СО РАН, Новосибирск, Россия.
5. **Курбанов Р.Н.**, кандидат географических наук, Московский государственный университет им. М.В. Ломоносова, Москва, Россия
6. **Дуванбеков Р.С.**, магистр, старший научный сотрудник, Национальный музей Республики Казахстан, Астана, Казахстан

Авторлар туралы мәлімет:

1. **Таймагамбетов Ж.К.**, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, Астана, Қазақстан.
2. **Анойкин А.А.**, тарих ғылымдарының кандидаты, РҒА СБ Археология және этнография институтының жетекші ғылыми қызметкері, Новосибирск, Ресей.
3. **Бочарова Е.Н.**, РҒА СБ Археология және этнография институтының кіші ғылыми қызметкері, Новосибирск, Ресей.
4. **Павленок Г.Д.**, РҒА СБ Археология және этнография институтының аға ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының кандидаты, Новосибирск, Ресей.
5. **Курбанов Р.Н.**, география ғылымдарының кандидаты, Мәскеу мемлекеттік университеті. М.В. Ломоносов, Мәскеу, Ресей.
6. **Дуванбеков Р.С.**, магистр, Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің аға ғылыми қызметкері, Астана, Қазақстан.

Information about the authors:

1. **Taymagambetov Zh.K.**, Doctor of Historical Sciences, Professor, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.
2. **Anoykin A.A.**, candidate of Historical Sciences, leading researcher, Institute of Archeology and Ethnography SB RAS, Novosibirsk, Russia.
3. **Bocharova E.N.**, junior researcher, Institute of Archeology and Ethnography SB RAS, Novosibirsk, Russia.
4. **Pavlenok G.D.**, candidate of Historical Sciences, senior researcher, Institute of Archeology and Ethnography SB RAS, Novosibirsk, Russia.
5. **Kurbanov R.N.**, candidate of Geographical Sciences, Moscow State University. M.V. Lomonosov, Moscow, Russia.
6. **Duvanbekov P.S.**, master, senior researcher, National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

FTAMP 03.41.91

Артықбаев Ж.О.¹, *Макеев М.С.², Құттыбай М. М.²

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
Астана, Қазақстан

²«Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы
Саумалкөл, Қазақстан

*e-mail: mara_25_90@mail.ru

ЕЖЕЛГІ БОТАЙ ТҰРҒЫН ҮЙІ ҚАЗАҚ ШОШАЛАСЫ: ТҮРЛЕРІ, ҚЫЗМЕТІ, ГЕНЕЗИСІ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ

Аңдатпа. Мақалада Ботай мәдениетіне қатысты 1980 жылдан бастап зерттеліп келе жатқан Ботай тұрғын үйі мен қазіргі кезде қазақ даласында сақталып қалған қазақ шошаласына салыстырмалы тұрғыда зерттеу жасалынған. Қазақ шошаласы мен Ботайлық тұрғын үй ұқсас болып келеді. Ботай мәдениетінде пайда болған Ботай тұрғын үйі қазақ киіз үйінің прототипі болуына негізгі бір дәлелі - қазақ шошаласы. Зерттеу барысында шошала Еуразия алқабындағы тұрғын үйдің, соның ішінде киіз үйдің генезисінде айрықша қызмет атқарғандығы және қазақ шошаласы ғасырлар бойы сақталып келген ежелгі Ботай тұрғын үйлері деп айтуға ғылыми негіз бар екендігі анықталды. Ботайлықтардың тұрғын үйлері 1980 жылы Ботай қонысы ашылғаннан бастап көптеген ғалымдардың негізгі зерттеу объектісіне айналған болатын. Ботай мәдениеті өзінің алты қанатты тұрғын үйлерімен әйгілі. Ботай тұрғын үйінің түпнұсқасы бүгінгі күнге дейін сақталмағандықтан Ботай тұрғын үйінің эксперимент түрлері өте көп. Мақалада бірнеше мыңжылдықтардың арасын жалғаған тарихы бар Ботай мәдениеті мен Ботай тұрғын үйлері туралы, шошала сөзінің шығу этимологиясы және Ботай ғылыми-эксперименталды тұрғын үй кешені туралы кең көлемде ақпарат ұсынылған.

Кілт сөздер: Ботай, археология, тұрғын үй, энеолит, шошала

Дәйексөз үшін: Артықбаев Ж. О., Макеев М. С., Құттыбай М. М. Ежелгі Ботай тұрғын үйі қазақ шошаласы: түрлері, қызметі, генезисі және қазіргі жағдайы // Мәдени мұра. 2024. №1 (104). 17-32 б. (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.02>

Кіріспе

Біздің ата-бабаларымыздың заманында күнделікті қолданыста болған қазақи этнографиялық дүниелер қазіргі таңда қолданыстан шығып, жойылу үсінде. Бірнеше мың жыл Еуразияның орталық алқабын мекендеген, қоғам дамуына тікелей әсер етіп отырған қазақ өркенитенің негізгі құндылықтарын сақтау, оны насихаттау бүгінде өзекті тақырыптардың бірі. Заманның соңынан ілескен жақсы, бірақ осы орасан жылдамдыққа ілесеміз деп біз өзіміздің мыңдаған жылдар бойы тіршілігімізге жаратып келген материалдық және рухани құндылықтарымызды керексіз ету, жадыдан шығару ұлт үшін үлкен қауіп десек болады. Осындай мәдени мұрамыздың бірі, бірнеше мың жылдардың арасын жалғаған тарихы бар Ботай мәдениеті мен Ботай тұрғын үйлерін ғылыми негізде зерттеу өз маңыздылығын арттырып отыр.

Ботай мәдениеті Солтүстік Қазақстан облысы Айыртау ауданында орналасқан энеолит дәуіріне жататын және дүние жүзіне жылқыны алғаш қолға үйреткен, сүтінен қымыз жасаған ежелгі, әрі әлемге әйгілі қоныстардың бірі. Сондай-ақ, Ботай мәдениеті өзінің алты қанатты тұрғын үйлерімен әйгілі. 1980 жылы Ботай қонысы ашылғаннан бастап көптеген ғалымдардың зерттеу объектісіне айналып келеді. Ботай тұрғын үйінің түп нұсқасы бүгінгі күнге дейін сақталмағандықтан эксперимент түрлері өте көп кездеседі. Әр жылда ғалымдар өз тұжырымдарын еңгізіп, Ботай тұрғын үйі алты, сегіз, он екі қанаты болды, бірақ барлық эксперимент түрінде салынған тұрғын үйлер жел, қарға қолайсыз ауа райына төзімсіз болды. Қазіргі кезде қазақ даласында кездесетін алты

қырлы шошала әуел баста біздің арғы замандағы ата-бабаларымызға баспана болған, бергі замандағы ата-аналарымыз үшін шаруашылық тұрмысында кеңінен толданылған баспана түрі болып табылады. Ботай тұрғын үйі негізіндегі қазақ шошаласының түрлері мен генезисін және қазіргі жағдайын ғылыми негізде зерттеу қазақ этнографиясы үшін өзекті зерттеудің бірі.

Материалдар мен әдістер

Тарихи-библиографиялық және құжаттар мен материалдарды сараптау арқылы ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізілді. Тақырыпқа қатысты құжаттар мен тың материалдарды анықтау мақсатында осы аймаққа тән тұрғын үй орындары мен зерттеуге алынған аймақтағы археологиялық мұра объектілерінің орналасуының жалпы көрінісіне мұрағаттық, библиографиялық материалдар негізінде талдау жасалынды.

Шошала туралы мәліметтер мен зерттеулер жоққа тән. Зерттеу барысында қазақ этнографиясы саласындағы еңбектерді ақтарып бір ғана кітаптан құнды мәліметтерді кездестірдік. Бұл ұлт мәдениетінің жанашыры болған атақты мемлекет қайраткері Ө. Жәнібековтың «Жолайрықта» кітабы. Зерттеуші шошалаға сипаттама бере келе, оның қазақ жерінің әр өңірінде әр түрлі құрылыс материалынан «шымнан, қамыстан, қамкесектен, қыштан, тақтатастан» тұрғызылған, тек Ақмола, Атбасар, Құсмұрын, Жетікөл сияқты бұрын орманды-далалы болып келген аудандарда бес қабырғалы етіліп қиыстырылып жасалатынын, ағаш шаңырағы түндікпен, кіріп-шығатын ойығы-киіз есікпен жабылатын

- деп, баяндайды. Ө. Жәнібековтың пікірінше шошала «қазаққа тән тұрақты мекенжайдың ең көне нұсқасы» (Жәнібеков, 1995: 40). Бізде өз зерттеуімізде шошала қазақ жеріндегі адамзат баласы мекен еткен ең көне баспана деген пікірге келісеміз.

Шошалаға қатысты көлемді зерттеу жұмысының бірі Шығыс Қазақстан облысы Сәулет-этнографиялық және табиғи-ландшафттық музей-қорығының қазақ этнографиясы бөлімінің меңгерушісі М.С. Қабдоллаевтың «Шығыста сақталған қазақ баспанасының бір түрі- тошала» атты мақаласы (Қабдоллаев, 2019: 42-45) М.С. Қабдоллаев зерттеуінде Шығыс Қазақстан аумағында шошаланы «тошала» деп атайтұғынын ескерте келе 2018 жылы ШҚО Күршім ауданында этнографиялық экспедиция кезінде көрген екі түрлі шошаланы сипаттайды. Оның біріншісі «шарбақ шошала» (шарбақ үй) қабырғасы шыбықпен тоқылған сегіз тірек ағаштан жасалған. Бұл бөренелер қабырғаны да, төбесін де ұстап тұрады. Есігі ағаш, пеш кіре берісте орналасқан. Төбенің оң жағында түтін шығатын дөңгелек тесік бар. Шошаланың іші-сырты сары балшықпен сыланған, ішкі қабырғалары ақталған. Екінші шошаланың қабырғасы саманнан қаланып салынған. Төбесі ағаштардан кесіп қиюластыру арқылы конус пішінімен жасалған. Оның бетін қамыспен жауып, үстінен қыста жылы болу үшін сары балшықпен сыланған. Қабырғалары іші-сыртынан сыланған, ішкі қабырғалары өмір сүруге қолайлы болу үшін ақталған. Төбесінде жарық түсуге төртбұрыш пішінді түндік жасалған. Кіреберісте сол жақта тіктартпа (тіккөмей) пеш бар. Бұл шошалар Қазақстан жерінде 1950 жылдары салынып бүгінгі күнге дейін

жеткен.

Қазақстан өз алдына тәуелсіздік алып, дербес мемлекет болған уақыт аралығында археология ғылымы өз алдына жаңа қарқынмен жылжы бастады. Соның ішінде Ботай мәдениетін зерттеуде отандық ғалымдардан өзге, шетелдік зерттеушілерде белсене атсалыса зерттеп келеді. Ботайлықтардың тұрғын үйлері қазіргі кезге дейін сақталып келген Қазақ шошаласына тікелей байланысы бар екені анық.

Нәтижелер мен талқылаулар

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің «Ботай» мемлекеттік тарихи-мәдени музей қорығы 2018 жылы құрылғаннан бастап Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 21 наурыздағы № 279 қаулысымен «Ботай қонысы» археологиялық ескерткіші мемлекеттік қорғауға алынды.

Музейдің негізгі қызметі – тарихи-мәдени мұра нысандарын қорғау және сақтау мақсатында ғылыми-зерттеу, мәдени-білім және туристік қызметтерді ұйымдастыру ғана емес, Қазақстанның тарихи және рухани ескерткіштерін зерттеп, сақтау болып табылады.

Ботай қонысындағы соңғы зерттеулердің арқасында 6000 жылдан астам уақыт бұрын Қазақстанның ежелгі тұрғындарында болған әлеуметтік-экономикалық және дүниетанымдық контексттердің жоғары деңгейі туралы айтуға мүмкіндік беретін маңызды нәтижелер алынды. В. Ф. Зайберттің пікірінше, бұл адамдар-алғашқы жылқышылар, олар экожүйені тиімді пайдалану дағдысын меңгеріп қана қоймай, сонымен қатар күрделі архитектуралық құрылыстарды салуға да бел буды. Оның дәлелі ретінде Ботайдың

ежелгі архитектуралық мәдениетін негізге ала отырып, ғалымдармен бірлесе отырып жасалған ботайлықтардың тұрғын-үйлерінің эксперименталды макетін тілге тиек етуге болады. Мамандар тек сыртқы келбетін ғана емес, сонымен қатар тұрғын үй интерьерінің элементтерін де қалпына келтірді. Бұл тұрғын үй, сондай-ақ ботайлықтардың басқа да шаруашылық және діни ғимараттарының макеттері мемлекеттік бағдарламалардың басқа ғылыми нәтижелерімен бірге еліміздің ежелгі тарихының аса маңызды беттерін баяндайтын ашық аспан астындағы тағы бір бірегей Қазақстандық брендке айналатыны сөзсіз (Зайберт, 1985: 3-17).

Шошала қазақ ұлан-ғайыр даласында түгел тараған баспанының түрі, оның кейбір түрлері Қазақстанға көршілес аймақтарда да кездеседі, бірақ әр жерде құрылыс материалдарына байланысты шошаланың аймақтық ерекшеліктері көп. Мысалы, шошаланың қабырғалары, төбе жағы әр түрлі құрылыстарымен ерекшелінеді, солтүстік өңірде ағаштан бұрап (сруб түрінде, жергілікті қазақтар «ағаштан қиып» деп те айтады) алты, не сегіз қырлы болып жасалады. Қазақ жерінің оңтүстік және оңтүстік шығыс өңірлерінде талдан тоқылған шошала жиі қолданылған. Ол үшін биік сырықтар тік етіліп қойылады да, олардың арасы талмен тоқылып бекітіледі. Қазақстанның орталық бөлігінде ағаштын аздығынан шошаланың қабырғалары көбінесе тастан қаланады да жоғарғы жағы шошақ түрінде ағашпен жабылады. Қазақ жерінің оңтүстігінде кей жағдайда шошала қам кесектен салынады немесе шошала аралас құрылыс материалдарынан жасалады, мысалы негізгі ірге тастан, саман кірпіштен қаланса, жоғарғы жағы ағаштан т.б.

Шошаланың барлық түріне ортақ бір ерекшелігі қабырғаларының іші-сырты балшықпен сыланып, жоғарғы жағының шыммен жабылуы. Бұл шошала ішінде қоңыр салқынды тұрақты ұстап тұруға мүмкіндік береді. Қазақ шошаласына ортақ тағы бір ереже – құрылыс қабырғаларында терезе болмайды, оның орнына жоғарғы жағында түндік, яғни төбеде арнайы тесік жасалады. Сонымен бірге тағы бір ерекшелік – солтүстік ағашты аймақта шошала үй ауласында жеке орнатылса, орталық және оңтүстік өңірде негізгі тұрғын үйге жалғасып орналастырылған. Бүгінгі күні шошала барлық аймақтарда жазғы ас үй немесе азық-түлік, шаруашылыққа керек заттарды сақтайтын орын ретінде, жалпы шаруашалық құрылыс есебінде қызмет атқарады.

Қазақстан жеріндегі шошала түрлерін салыстыра келе біз оның ең тарихи және классикалық түрі Ботай мәдениетіне ұқсас және Ботай мәдениетіне жақын Көкшетау аймағында, яғни Солтүстік Қазақстан мен Ақмола облыстары жерінде кездесетін орташа бөренелерден алты қырлы етіп жасалатын түрі деп есептейміз. (Сурет 1).

Шошала құрылыс материалдарының әр түрлі болуына қарамастан архитектурасы жағынан бір - біріне ұқсас. Оның негізгі ерекшелігі іргетасының шеңбер түрінде болуы, аса биік емес (шамамен 150-160 см) және шошақ формадағы жоғарғы жағы (170-200 см) құрайды. Қазіргі таңда алты қырлыдан төрт бұрышқа ауысқандары көп. Шошаланың күмбез жағы негізгі іргеден биік болатыны өте қарапайым түсіндіріледі, оның ортасына жер ошақ қазылады да, одан шыққан түтін жоғарыдағы шағын шаңырақ арқылы шығады. Егер күмбез жағы қысқа болса

шошаланың іші түтіндеп кетеді. Сол себепті мәселен сіз шошаланың ішінде ет ыстайтын болсаңыз шаңырақты жауып қоясыз.

Шошаланы негізгі іргесін ішінен-сыртынан балшықпен қалың қылып сылап, ал іш жағын ақ балшықпен ақтап қояды, жоғарғы жағы әдетте 10 – 15 жіңішке леу ағаштан жасалып, оның үстінен жұқа талмен шабақтап, оның үстінен шыммен жабылады. Шошаланың жоғарғы жағын кей жерлерде, әсіресе оңтүстік жақта ескі киізбен немесе қамыспен жауып, лаймен сылайды. Шошаланың жоғарғы жағы киіз үйге ұқсайды, бірақ конус тәрізді шатыр десек болады.

Орталық Қазақстан жерінде шошаланың төбесін мықты көтеріп ұстап тұру үшін жіңішке дөңбектен төрт бұрышына тіреу қоятын тәжірибе бар, оның төменгі жағы жерге көміліп орнатылады. Бұл шошаланың төбе жағы ауыр шыммен жабылатыны себепті болса керек. Мұндай құрылғы болмаған жағдайда бірнеше жерден бұтақтары бар дөңбек ағаштар орнатылуы да мүмкін. Бұл бұтақты ағаштардың екінші қызметі оларға әр түрлі заттарды, мысалы етті іліп қоюға болады, оны адалбақан деп атайды. Көптеген шошалалардың жоғарғы жағына етті, қарынды, басқа заттарды іліп қоятын бірнеше жіңішке сырғауылдар көлденеңінен бекітіледі.

Ботай қонысында қазіргі таңда 1980-2023 жылдар аралығында 200-ге жуық үйлердің орындары ашылып, барлығы 15 мың кв.м. мәдени қабат ашылды. Қоныстың аумағында бірнеше баспаналардың шұңқырлары зерттеліп баспаналар жартылай жерге отырғызылған, формалары көпбұрышты үйлердің тереңдігі 0,6-0,8 м. аумағы 25-120 кв.м. болып отыр.

Археологиялық материалдар бойынша ботайлықтардың үй салудағы дәстүрлері жайлы тың зерттеліп, алғашқы рет өткен ғасырдың аяғында үй ғылыми эксперименталды үйлер салына бастап төзімділігіне қатысты ғылыми еңбектерде жазылды.

Бұл жұмыстары сол кезде ашылған Ботай мәдениетінің құрылыс салу өнері, архитектурасы байланысты алғашқы тұжырымдар жасалынып қолдағы бар шикізатты пайдалана отырып алғашқы тәжірибелер жасалынып, өкінішке орай екі жыл ғана тұрған.

Шошала атауы ұлан ғайыр қазақ даласында түгел және Оңтүстік Сібір сияқты көршілес аймақтарда да қолданыста болғаны жоғарыда айтылды. Қазақстанның шығыс аймақтарында Қытай және Моңғол қазақтары арасында шошаланы «тошала» деп атайды, бұл "ш" мен "т" дыбыстарының өзара ауысу заңдылығына байланысты пайда болған құбылыс.

Кеңес үкіметі кезінде жаппай колхоздар мен кеншарлар құру аясында тастан кірпіштен көптеген қазақ ауылдарына үйлер салынды сол кезден қазақ шошаласы өзінің өмірін тоқтатуға мәжбір болды, өйткені қазақ шошаласы өмір сүруге өте тар болды. Осы кезден бастап қазақ шошаласы тек қана қазақтарға шаруашылық үй ретінде ғана керек болды.

Қазақстанның көбінесе негізгі орталық, солтүстік, шығыс, оңтүстік-шығыс аймақтарында шошала сөзі ас-су сақтайтын, ас пісіретін, құрт қайнататын арнайы құрылыс немесе ортасында жер-ошағы бар ас үй, шаруашылық үй ретінде қолданылады. Қазақстанның батыс өңірлерінде (Жайық бойы, Сырдың төменгі жағы, Ақтөбе, Ырғыз т.б.) және оған жапсарлас Түркімен, Орынбор жағында шошала деп малға,

әсіресе сиырға жәйсіз жәндікті айтады (овод, gadfli). Қазақстанның өзге өңірлерінде бұл ұшатын сона сияқты жәндікті сәйгел деп атайды. Батыс аймақтарда бұл сөз неге жәндікке қатысты айтылатындығын анықтау өте қиын. Бұл мәселе тым ерте кезеңдердегі тарихты, мысалы алғашқы сиыршы тайпалар мен жылқышылар арасындағы қарым-қатынасты да нұсқауы мүмкін. Ұлы дала тұрғындары алғашқы бетте сиырды қолға үйреткені, кейін соның тәжірибесін пайдаланып жылқыны бағындырғаны анық (Артықбаев, 2017).

Біздің ойымызша объективті анализ жасау үшін шошала сөзін екіге бөліп қарау керек. Оның бірінші бөлігі – шош - үшкір, сүйір, конус сипатындағы дүниеге, затқа, оқыс мінезге қатысты қолданылады. Мысалы шошақ, немесе шошаю, бұдан әрі шошалаң, шошақай, шоштию т.б. Бұл мысалдарды әрі қарай өрбітсек - шошаң-шошаң, шошу, шошымалы т.б. Соныменен біздің тіршілігімізде кездесетін көп нәрсенің бәрі «шош» түбірінен шығады десек қателеспейміз.

Енді шошала сөзінің екінші бөлігіне келейік, бұл жерде мәселе оңай шешіледі. «Ала» сөзінің түпкі мағынасы алаша сөзімен, яғни жылқымен байланысты. Бұл тақырыпқа қатысты біздің «алаша» сөзінің этимологиясына қатысты еңбектерімізді қараңыз (Артықбаев, 2017: 265-295).

Соныменен осы талдауды тиянақтасақ «шошала» сөзінің алғашқы мағынасы түсінікті, ол жылқы шаруашылығымен айналысқан қазақ халқының негізгі тұрғын үйі.

Жоғарыдағы этимологиялық талдау шошаланың өте көне ұғым екенін дәлелдейді деген пікірдеміз, яғни шошала алғашқы жылқышылық заманнан - энеолит дәуірінен, біздің

жыл санауымызға дейінгі IV-III мыңжылдықтардан қалған асыл мұра.

Ашылғалы бері қырық жыл уақыт өткен ескерткішке В.Ф. Зайберттің жетекшілігімен жүргізілген зерттеу жұмыстарының қорытындысы бойынша Ботай қонысынан алынған материалдарды жан-жақты зерттей келе тас дәуірінің соңғы кезеңінде Қазақстан мен Орал-Ертіс өзен аралығында ежелгі Ботай мәдениетінің тұрғындары бүкіл әлем тарихында ең алғаш жаяу адам атқа көшкенін анықтады. Сонымен қатар дала тұрғындары жылқының сүті – бірегей қымыздың дәмін алғаш татқанын батыстың жетекші ғылыми орталықтарындағы зертханаларда дәлелденді (Зайберт, 1993: 10-20; Зайберт, 2011: 24–25).

The second stanza of Kul Tigin's inscription was deciphered by scientists as follows: "From all four sides there were enemies. They sent there lance-bearing armies to conquer all those people in the four quarters of the world and made them still. They made bow those, who had heads and made kneel those, who had knees. To eastwards up to the Kadyrkhan mountain forests and westwards as far as the Iron Gate they went on campaign" (TURK BITIG, electronic resource). It is possible that this stanza was chosen by the artist

not by chance: the geopolitical location of Kazakhstan in the formation of its own state was dangerous, but these words express hope for the future of the country. It is also worth noting some inaccuracies in the image of the runic inscription – the words in the lines are mixed up, some words are only half written.

In the central part of this painting there is an image of a sun-headed deity from the Tamgaly valley, overlapping part of the Kul Tigin inscription, as well as symbols of mountain goats, which repeat the image of this animal on a written stele of the 8th century. This once again demonstrates the desire of modern artists to show the continuity of different cultures that were located on the territory of Kazakhstan in different eras.

A number of images of the Turkic era, inspiring artists of Kazakhstan, are completed by the legendary hero Korkyt ata. The museum fund of the National




Fig. 9. Kazbek Satybaldin "Korkyt ata". 2016

Museum has 10 paintings depicting Korkyt ata or symbols representing him. The exhibition features works by artist Abai Chunchalinov and sculptor Kazbek Satybaldin.

The image of Korkyt, famous throughout the Turkic space of myths and legends, is well known as a saint, mentor of all baksy (shamans), masterly kuishi (performer of musical compositions on kobyzy or dombra), as a man who sought eternal life (Aymukhambet, 2016: 60). In the works of art, Korkyt appears in the image of a white-bearded old man with a kobyzy in his hands. In the work of Abay Chunchalinov, Korkyt appears in the image of an old man with a white beard in the steppe space with flying swans in the background. Emphasized sharp shapes, deep colors convey the intensity of the playing music, similar to the cries of flying birds. Sculptor Kazbek Satybaldin depicted the legendary hero in proud calmness, expressed by the static of



Fig. 10. Abay Chunchalinov "Korkyt ata". 2013

his face and hands. Despite the differences in the materials used and the methods of demonstration, the image of Korkyt ata in the two works is very similar. Painting, unlike sculpture, has more possibilities in depicting the emotional state of an object. Sculpture is limited by the difficulty of application, the ways of expressing the surrounding space.

Results

Political and social changes after the collapse of the Soviet Union influenced the final formation of the historical genre in the visual culture of Kazakhstan, which dates back to the second half of the XXth century. In search of visual markers for self-identification in globalization, the artists turned to archaeological finds, ethnographic and linguistic research, demonstrating the continuity of different cultures with the help of various symbols.

During the study, 8 works of

Kazakhstani artists were identified, depicting the material and cultural heritage of the Turks in their works. The exposition of the National Museum of the Republic of Kazakhstan lacks the abstract vision of the artists of the Turkic era; paintings broadcasting the cultural heritage of the Turkic period are represented in landscape, symbolic painting and portrait.

Depending on our own styles, we can observe common features of the works of Batima Zaurbekova, Zhumakyn Kayrambaev and Sultan Ilyaev. The central object of these paintings is stone sculptures. Not only the objects represent the main motives of the artists, but also the names of these works – “Sounds of Centuries”, “Time”, “Heritage”, expressing stone sculptures as witnesses of historical phenomena and events.

The artist Gulmira Telgozieva also turned to the archaeological monument to express the originality of her work – to the stanzas of the written stele of Kul Tigin and the rock carvings of the stele itself and the Tamgaly valley.

The works of Abay Chunchalinov, Kazbek Satybaldin, Bakhytzhan Abishev and Dauren Kasteev are based on literary and linguistic research, depicting

mythological heroes, thereby expressing the spiritual heritage of the Turks.

Conclusion

Archaeological finds on the territory of Kazakhstan, linguistic, literary and philosophical research have become a visual reference point for contemporary artists of Kazakhstan, who sought inspiration not only in the surrounding objects, historical events and phenomena, which they witnessed themselves. The interconnection of scientific research actively conducted after independence, changes in methodological approaches to the study of these finds are reflected in the visual arts of modern Kazakhstan.

Ancient monuments of the past have become a way of expressing the self-identification of modern artists for the present, the main objects of continuity of different cultures on the territory of Kazakhstan for present and future viewers. The paintings located in the exhibition halls get acquainted with both archaeological finds and paintings and sculptures depicting these finds as objects not only of self-identification, but also representations of the past and interpretation by modern artists.

References

1. Akhinzhanov S.M., 1978. Ob etnicheskoj prinadlezhnosti kamennyh izvayaniy v “trehrogih” golovnyh uborah iz Semirechya [About the ethnicity of stone statues in “three-horned” headdresses from Semirechye]. // *Arheologicheskie pamyatniki Kazakhstana*. Alma-Ata. pp. 65-79. [in Russian]
2. Ayazbekova U., Nurfeizova N., 2013. Batima Zaurbekova [Batima Zaurbekova]. Almaty: QR Memlekettik A.Qasteev atyndagy oner muzeyi. 152 pp. [in Russian]
3. Aymukhambet Zh., 2016. Korkyt ata v kazahskom folklоре i literature [Korkyt ata in Kazakh folklore and literature]. *Evrasijskij Soyuz Uchenyh (ESU)*. № 5 (26). pp. 59-63. [in Russian]
4. «Bolashaqqa bagdar: rukhani zhangyru» [“Looking to the future: Rukhani zhangyru”]. [E-source]. URL: https://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_

conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy (Accessed: 13.02.2024). [in Kazakh]

5. Eleukenova G.Sh., 1999. Ocherk istorii srednevekovoj skulptury Kazakhstana [An essay on the history of medieval sculpture in Kazakhstan]. Almaty. 220 p. [in Russian]

6. Evsyukov V., 1988. Mify o vselennoy [Myths about the universe]. Novosibirsk: Nauka. 177 p. [in Russian]

7. Jadaibayev A., 2016. Istoricheskij zhanr v sovremennom izobrazitelnom iskusstve Kazakhstana. Tendencii i perspektivy [The historical genre in the modern visual arts of Kazakhstan. Trends and prospects] // Obrazy Nezavisimosti. Iskustvo suverennogo Kazakhstana: materialy nauchno-prakticheskoy konferencii. Almaty. pp. 53-58. [in Russian]

8. Klyashtorny S.G., 1980. Terhinskaya nadpis (predvaritelnaya publikaciya) [Terkhin inscription (preliminary publication)]. // Sovetskaya tyurkologiya. pp. 82-95. [in Russian]

9. Kyzlasov L.R., 1949. K istorii shamanskikh verovanij na Altae [On the history of shamanic beliefs in Altai]. // KSIIMK. Vypusk XXIX. M.-L. pp. 48-54. [in Russian]

10. Miziano V., 2011. "Vspomnit vse". Postsovetskij opyt: ot "otyгрыvaniya" k "prorabotke" ["Total recall". Post soviet experience: "from acting out" to "working through"]. Mezhdru proshlym i buduschim. Arheologiya aktualnosti. Almaty. pp. 19-26. [in Russian]

11. Mukanov M., Turgynbai B., Nurbekova A., 2020. Khudozhestvennyj obraz bogini Umay v sovremennoy izobrazitelnoy kulture Kazakhstana [The artistic image of the goddess Umai in the modern visual culture of Kazakhstan] // Kasteevskie chteniya – 2020. Rol muzeev v sohranении kulturnogo naslediya: materialy nauchno-prakticheskoy konferencii. Almaty. pp. 55-64. [in Russian]

12. Pismennaya civilizaciya drevnetyurskoj epohi i drevneuygurskogo perioda (VI-XIV vv.) [The written civilization of the Ancient Turkic epoch and the Ancient Uighur period (VI-XIV centuries)] , 2023. Almaty: OF "MKNIK". 320 pp. [in Russian]

13. Postanovlenie Pravitelstva Respubliki Kazakhstan ot 10.12.2007 № 1203 «Ob utverzhdenii Programmy «Kulturnoe nasledie» na 2007-2009 gody» [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated December 10, 2007 No. 1203 "On Approval of the Program "Cultural Heritage" for 2007-2009"]. [E-source].

URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P070001203_ (Accessed: 13.02.2024). [in Russian]

14. Programma istoricheskikh issledovanij «Narod v potoke istorii» [Historical research program "People in the flow of history"]. [E-source].

URL: <https://e-history.kz/ru/e-resources/show/13321> (Accessed: 13.02.2024). [in Russian]

15. Reznikova E., 2019. Sovremennoe iskusstvo Kazakhstana i klassicheskoe nasledie: hudozhestvennyj dialog kultur [Contemporary art of Kazakhstan and classical heritage: artistic dialogue of cultures]. // Almanakh «ETNODIALOGI». № 1 (57). pp. 94-109. [in Russian]

16. Reznikova E., 2023. Transformaciya obraza shamana v iskusstve Kazakhstana [Transformation of the image of a shaman in the art of Kazakhstan]. // Saryn. Vol.11. № 2. pp. 32-48. [in Russian]

17. Rozenfeldt R.A., 1974. Zabytaya kollekciya bronzovykh antropomorfnykh izobrazhenij [A forgotten collection of bronze anthropomorphic images]. SA. № 13. pp. 190-195. [in Russian]

18. Rozwadowski A., Hampson J., 2021. Visual Culture, Heritage and Identity: using Rock Art to reconnect past and present. Archaeopress Archaeology. 144 p.

19. Sultan Ilyayev. Simvolicheskie transformacii [Sultan Ilyayev. Symbolic transformations], 2013. Shymkent. 57 pp. [in Russian]
20. Tekin T., 2014. Orhon Yazıtları. Ankara. 232 s. [in Turkish]
21. Thomsen V., 2011. Orhon yazıtları araştırmaları. Ankara. 453 s. [in Turkish]
22. Truspekova Kh., 2016. Virazhi vremeni: postsovetskoe iskusstvo Kazakhstana [Turns of time: post-Soviet art of Kazakhstan]. // Obrazy Nezavisimosti. Iskusstvo suverennogo Kazakhstan: materialy nauchno-prakticheskoy konferencii. Almaty. pp. 135-141. [in Russian]
23. TURK BITIG. [Electronic resource]. Available at: TURK BITIG
24. Ukaz Prezidenta RK ot 13.01.2004 «O Gosudarstvennoj programme «Kulturnoe nasledie» na 2004-2006 gody» [Decree of the President of the Republic of Kazakhstan dated January 13, 2004 “On the State program “Cultural Heritage” for 2004-2006”]. [E-source]. URL: https://adilet.zan.kz/rus/archive/docs/U040001277_/13.01.2004 (Accessed: 13.02.2024). [in Russian]
25. Zholdasbekov M., Dosymbaeva A., 2013. Zapadnyj Tyurkskiy kaganat [The Western Turkic Khaganate]. Astana: «ServicePress». 848 pp. [in Russian]
26. Zholdasbekov M. Zh., Sartkozhauly K., 2006. Atlas Orhonskih pamyatnikov [Atlas of Orkhon monuments]. Astana: Kultegin. 360 pp. [in Russian]
27. Zhubanova G. A., 2020. Musinshi Baqytzhan Abishev shygarmashylyndagy «Turkilik dunietanym saryndary» ["Turkic worldview trends" by sculptor Bakytzhan Abishev] // Kasteevskie chteniya – 2020. Rol muzeev v sohraneniі kulturnogo naslediya: materialy nauchno-prakticheskoy konferencii. Almaty. pp. 237-245. [in Kazakh]

Султанова А.К.¹

¹Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Астана, Қазақстан

e-mail: kanatovna160695@mail.ru

ТҮРКІЛЕРДІҢ ЗАМАНАУИ ӨНЕРІНДЕГІ МАТЕРИАЛДЫҚ ЖӘНЕ РУХАНИ МӘДЕНИЕТІ

(Қазақстан Ұлттық музейінің бейнелеу өнері экспозициясы негізінде)

Аңдатпа. Мақалада Қазақстанның заманауи суретшілері мен мүсіншілерінің «кенептегі майлы бояу» бейнелерін пайдалану арқылы түркілердің материалдық және рухани мұра объектілерінің тарихи рөлі талданған. XX ғасырдың соңында Кеңес Одағының ыдырауымен посткеңестік кеңістіктегі басқа мемлекеттердегі сияқты Қазақстанда да ғылым мен өнердің түрлі салаларында ұлттық құндылықтарға қайта оралу үрдісі басталды. Бұл тарих ағыны заманауи өнерді де қамтыған болатын.

Мақалада Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің Бейнелеу өнері залында тұрақты көрмеге қойылған музей қорындағы қазақ суретшілерінің туындылары ұсынылған. Түрік қағанатының рухани және материалдық мұрасын білдіретін дала кеңістігінде кең таралған

түріктердің тас мүсіндері суретшілердің шығармашылығындағы басты нысандардың бірі болды. Аты аңызға айналған Қорқыт ата мен Ұмай тәңірінің бейнесі қазақ бейнелеу (мүсін және кескіндеме) өнерінде ерекше маңызды орын алады.

Зерттеу барысында археология, тарих, философия және өнертануды біріктіретін пәнаралық зерттеуге негізделген көркемдік талдау және салыстыру әдістері қолданылды.

Кілт сөздері: түкілер, Қорқыт ата, бейнелеу өнері, тас мүсіндер, кескіндеме, руникалық жазбалар, заманауи өнер.

Дәйексөз үшін: Султанова А.К. Түркілердің заманауи өнеріндегі материалдық және рухани мәдениеті (Қазақстан Ұлттық музейінің бейнелеу өнері экспозициясы негізінде) // Мәдени мұра. 2024. №1 (104). 74-89 б. (Ағылш.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.06>

Султанова А.К.¹

¹Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Астана, Казахстан

e-mail: kanatovna160695@mail.ru

МАТЕРИАЛЬНАЯ И ДУХОВНАЯ КУЛЬТУРА ТЮРКОВ В СОВРЕМЕННОМ ИСКУССТВЕ

(на основе экспозиции изобразительного искусства
Национального музея Казахстана)

Аннотация. В статье анализируется роль предметов материального и духовного наследия тюрок в трансляции исторического прошлого посредством использования их изображений на «холсте» современными художниками и скульпторами Казахстана. С распадом Советского союза в конце XX века в Казахстане, как и в других государствах постсоветского пространства, в разных сферах науки и искусства начался процесс возвращения к национальным корням. Этот «поток истории» охватил также и современное искусство.

В статье представлены работы казахстанских художников из музейной коллекции Национального музея Республики Казахстан, находящиеся в постоянной экспозиции зала Изобразительного искусства. Одними из главных объектов в работах художников стали каменные изваяния тюрок, которые широко распространены в степном пространстве и представляют духовное и материальное наследие Тюркского каганата. Не менее важное место в казахстанском изобразительном искусстве (скульптуре и живописи) занимает образ легендарного Коркыт ата и богини Умай.

В процессе исследования были использованы методы художественного

анализа, сравнения, которые основаны на междисциплинарном подходе изучения, объединяющем различные науки – археология, история, философия и искусствоведение.

Ключевые слова: тюрки, Коркыт ата, изобразительное искусство, каменные изваяния, живопись, рунические надписи, современное искусство.

Для цитирования: Султанова А.К. Материальная и духовная культура тюрков в современном искусстве (на основе экспозиции изобразительного искусства Национального музея Казахстана) // Мәдени Мұра. 2024. №1 (104). 74-89 с. (Англ.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.06>

Information about author:

Sultanova Ayagoz, doctoral student of the Department of Anthropology and Ethnology, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Republic of Kazakhstan.

ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-2506-0192>

Автор туралы мәлімет:

Султанова Аягоз, археология және этнология кафедрасының докторанты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан Республикасы.

ORCID: 0000-0003-2506-0192

Сведения об авторе:

Султанова Аягоз, докторант кафедры археологии и этнологии, Евразийский национальный университет им. Л.Н. Гумилева, Астана, Республика Казахстан.

ORCID: 0000-0003-2506-0192

FTAMP 03.41.91

Шораев Б.К.¹, Оспанова А.К.²¹Археология және этнография ғылыми орталығы

Қызылорда, Қазақстан

²Қазақстан Республикасы Ұлттық Музейі

Астана, Қазақстан

*e-mail: baglan_shoraev@mail.ru

ҰЛЫ ЖІБЕК ЖОЛЫ БОЙЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ҚАЛАЛАРДЫҢ САУДА САТТЫҚТАҒЫ РӨЛІ

Аңдатпа. Қазақстанның оңтүстік аймағындағы ортағасырлық қалалары ежелгі дәуірден бері Орталық Азия халықтары мен мәдениетінің ең маңызды байланыс аймағы болды. Ғылыми мақалада Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан Қазақстандық ортағасырлық қалаларының сауда саттықтағы ролі қарастырылған. Өркениет тарихы тұрғысынан басты рол атқарған қалалардың халықаралық саудадағы тарихи маңыздылығы археологиялық зерттеулерге сүйене отырып баяндалады. Сол кезеңде өмір сүрген мемлекеттердің экономикалық, саяси және мәдени жағдайына сауда жолының тигізген әсері талданады. Қазба жұмысы барысында Отырар, Жанкент, Сығанақ қалашықтарынан табылған көне тиындардың (монеталардың) қандай кезеңге тиесілі болғандығы туралы ақпарат ұсынылған. Шығыс Түркістан, Анадолы және Ираннан басып шығарылған күміс тиындардың табылуы Қазақстанның халықаралық саудада маңызды рөл ойнағандығын көрсетіп отыр. Ұлы Жібек жолы тек халықаралық сауда жолы ғана емес, сонымен бірге ақпарат, технология, инновация, білім және тәжірибе алмасу жолы болғанын бүгінгі зерттеулер дәлелдеп отыр. Ғылыми мақаланы жазу барысында археологиялық және тарихи-салыстырмалы әдіс қолданылды, сондай-ақ, тақырыпты тереңдей зерттеу мақсатында Түрік және Ресейлік зерттеушілердің еңбектері басшылыққа алынды.

Кілт сөздер: Ұлы Жібек жолы, Қазақстан, халықаралық сауда, орта ғасыр, тиын (монета)

Дәйексөз үшін: Шораев Б.К., Оспанова А.К. Ұлы Жібек жолы бойындағы Қазақстандағы ортағасырлық қалалардың сауда саттықтағы ролі // Мәдени мұра. 2024. №1 (104). 90-104б. (қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.07>

Кіріспе

Ұлы Жібек жолы - солтүстікте Қара теңіз, Кавказ, Каспий және Хорасанның оңтүстігінде Басраға дейін, шығыста Үндістаннан батыста Эгей теңізіне дейін созылған Аширанд¹ аймағы аралығында ежелгі өркениеттер мен көне жолдардың үстінде орналасқан, әлемдік сауданың ең белсенді және көлемді жолы болды (Şahin, 2020: 73). Бүгінде Ұлы Жібек жолы халықаралық ынтымақтастықты, интернационалдандыруды қамтамасыз еткенін және өркениеттің дамуы үшін тарихи маңыздылығы жоғары екенін көрсетіп отыр.

Шығыс пен батысты жалғастырған сауда жолы арқылы әртүрлі континенттегі мемлекеттерге қару-жарақ пен құнды тауарлар тасымалданды. Бұл тарихи сауда жолы мемлекеттердің экономикалық дамуына әсер етіп қана қоймай, мемлекет қазынасын нығайтуға да үлкен мүмкіндіктер ашты. Алайда, мұндай құнды жол арқылы сауда тасымалдау қақтығыстар мен соғыстардың басталуына да себепкер болды. Қытай, түрік, араб, Византия, Сасанидтер сияқты тарихта қуатты империялар құрған мемлекеттер бұл жолда үстемдік ету үшін саяси-дипломатиялық жоспарлар құрып, тіпті әскери жорық жасаған да болатын. Бұл саяси қақтығыстардан Селжұқ, Хорезмшах, Темір мемлекеті, Анадолы Селжұқтары, Сефевидтер және Османлылар бұл саяси күрестен өздерін аулақ ұстай алмады. Сонымен қатар, Еуропалық мемлекеттердің бұл процеске араласуы Жібек жолының әлсіреуіне тікелей әсер

еткен болатын. Сауда жолы арқылы түсетін басты табыс көздерін мұсылман түрік мемлекеттеріне жоғалтқысы келмеген Батыс Еуропалық мемлекеттер балама әдістер де қолданған болатын (Işıktaş, Duran, 2017: 585). Осының нәтижесінде пайда болған географиялық ашылулар дүниежүзілік сауда жолының өзгеруіне себеп болды. Бұл жағдайлар Жібек жолының әлемдік ықпалын азайтқанымен, тарихтағы миссиясын жоя алмады. Жібек жолында көптеген мәдениеттер мен өркениеттердің пайда болуы мен өзара әрекеттесуі жаңа құндылықтардың пайда болуына әкелді.

Материалдар мен әдістер

Ғылыми мақала деректанулық, археологиялық, тарихи-салыстырмалы әдістерге негізделген. Зерттеу жұмысында құжаттарды талдау және әдебиеттерді сканерлеу әдістері қолданылды. Жібек жолы бойындағы ортағасырлық қалалар туралы жарияланған зерттеулер мен ғылыми монографияларға дерекнамалық талдау жасалынды. Ортағасырдағы Қазақстандық қалалардың керуен жолының қалыптасуы мен дамуының деректік маңызына тоқтала отырып, сол кезеңде өмір сүрген мемлекеттердің экономикалық, саяси және мәдени жағдайына сауда жолының тигізген әсері салыстырмалы-тарихи әдісі негізінде талданды. Отырар, Жанкент, Сығанақ қалашықтарынан табылған көне тиындардың (монеталардың) қандай кезеңге тиесілі болғандығын, яғни тарихи тарихи мәселені сипаттағанда нақтылыққа алып келетін деректанулық зерттеу әдісіне ерекше мән берілді. Сонымен қатар, зерттеу барысында деректерді саралау, деректанулық сыни әдістер пайдаланылды.

Археологиялық зерттеу барысында

¹Аширанд: Оңтүстік Азияны, Үндістанды, Иранды және Анадолыны қамтитын тарихи процестердегі мәдени және саяси тұтастықты көрсететін негізгі аймақ.

табылған Шығыс Түркістан, Анадолы және Ираннан басып шығарылған күміс тиындарға қатысты археолог зерттеушілердің көзқарастары мен тұжырымдарын бір-бірімен салыстыра отырып, тарихнамалық шолу жасалынды.

Жібек жолының тарихи маңыздылығын зерттеп жүрген түрік тарихшылары Tahir Erdoğan Şahin «İpek Yolu: Tarihsel Geçmişi, Kültürü Ve Türk Dünyası İçin Önemi», Işıktaş E., Duran A. «Geçmişten Günümüze İpek Yolu'nun Önemi ve Buna İlişkin Yapılmış Bilimsel Çalışmalar» еңбектері басшылыққа алынды. Бұл зерттеулерде жібек жолының халықаралық маңызы талданған. Сонымен қатар, Togan Z. «Umummi Türk Tarihine Giriş»; Osman Turan «Selçuklular Tarihi ve Türk İslam Medeniyeti»; Ramazan Şeşen «İslam Coğrafyacılarına Göre Türkler ve Türk Ülkeleri» атты зерттеулерінде авторлар XIII ғасырдың екінші жартысында сауда қарым-қатынастарында қолма-қол ақшаның айналымға енгізілуі және ортағасырлық қалалардың сауда жолындағы халықаралық маңыздылығына тоқталған.

Мақаланың тақырыбы мен мазмұнын ашу барысында Қазақстандық зерттеушілер: Байпаков К.М., Смагулов Е.А., Көшенев Ғ.И., Шалекенов Ұ.Х., Байбосынов К., Байсариева Г., Қожа М. еңбектері пайдаланылды. Сонымен қатар, Ресейлік ғалымдардың ғылыми еңбектері де сараланды. Атап айтсақ, Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г., Бернштам А.Н., Сенигова Т.Н., Бернштам А.Н., Кочнев Б.Д., Бубнов М.А., Половникова И.А., Левина Л.М. т.б. Археологиялық нақты зерттеуге негізделген бұл еңбектерде Отырар,

Сарайшық, Тараз қалалардың сауда жолындағы тарихи маңыздылығы жан-жақты талданып, X-XIII ғ. қолданыста болған тиындардың (монеталар) ортағасырлық қандай мемлекетке тиесілі болғандығы және қай жерде басылып шығарылғандығы туралы мәліметтер ұсынылған. Жоғарыда аталған зерттеулер тақырып мазмұнын терең талдауға мүмкіндік берді.

Нәтижелер мен талқылаулар

Ұлы Жібек жолы алғашында тек қана Қытай тауарларын Батысқа тасымалдау үшін қолданылса, кейінгі жылдары осы жолы арқылы Рим, Византия, Үндістан, Иран, Араб, орыс князьдіктерінен және басқа да Еуропа елдерінен Қытайға тауар әкелінді (Көшенев, 2007: 107). Моңғол дәуірінде де, бұл сауда қарым-қатынасының жалғасқанын археологиялық қазба жұмыстары дәлелдеуде. Мәселен, Тальхизден² XVII ғасырдың соңы – XVIII ғасырдың басына тән жапон фарфоры және керамика ыдыстары табылған. Отырардан табылған күміс қазынада Шығыс Түркістан: Алмалық, Пулад, Омыл, Орду-ал Азам; Кавказдық Қырым, Анадолу қалалары: Сивас, Конья; Ирандық Тевриз, Түркістандық Жезд қалаларында басып шығарылған ақшалар табылған. Нумизматикалық зерттеулерге қарағанда бұл ақшалар XVIII ғасырдың 40-60 жылдары арасында басылған. Мұндай археологиялық қазба жұмыстары тек қана сауданың дамуын анықтаумен шектелмей, Қазақстандағы ортағасырлық қалаларының халықаралық саудада маңызды рөл

²Тальхиз немесе Талыр - Алматы облысында орналасқан орта ғасырлық қала орны. Талғар қаласының оңтүстігінде, Іле Алатауы бөктерінде, Талғар өзенінің оң жақ жағалауында орналасқан.

ойнағандығын да көрсетеді (Байбосынов, 2007: 107).

Қытайдан басталып, шығыс-батыс және солтүстік-оңтүстік бағытында жүргізілген сауда жолы тарихы мыңдаған жылдардан басталып, тасымалданатын тауарлар да сан алуан болғанын бүгінгі зерттеулер дәлелдеп отыр. Ең көп тасымалданған ерекше тауарлар - нефрит, қағаз және жібек т.б. Сонымен қатар, мирро мен ладан, жасмин суы мен амбра, кардамон мен мускат жаңғағы, өміртамыр (женьшень) мен питон еті, кілемдер мен маталар, бояулар мен минералдық шикізат, алмас пен яшма, янтарь мен маржан, піл сүйегі, құйма күміс пен сом алтын, аң терілері мен теңгелер, садақтар мен жебелер, семсерлер мен найзалар және басқа да көптеген заттар тасымалданды.

Ұлы Жібек жолымен Ферғананың арғымақтары, Араб сәйгүліктері, түйелер мен пілдер, мүйіз тұмсықтар мен арыстандар, қабыландар мен еліктер, қаршығалар мен қырандар, тауыстар мен тотықұстар да, түйеқұстар т.б сатылды. Мәдени өсімдіктер: жүзім, шабдалы, қауын дәмдеуіштер (бұрыш, қалампыр т.б.) мен қант, көкөністер мен жидектер, көк мәуелер т.б тұрмысқа қажет заттар сатылымда болды. (Şefer, 1981: 77) Сол кезеңде алтынмен бірге жібек халықаралық валютаға айналды. Патшалар мен елшілерге жібектер сыйға тартылып, жалдамалы әскер ақысы және мемлекеттік қарыздар жібекпен төленді. Қазақстанның Жібек жолы бойында орналасқан ортағасырлық қалалар тарихын археологиялық зерттеу барысында осы кезеңге жататын түрлі елдерде жасалған бұйымдардың табылуы негізгі дәлел бола алады.

Ерте ортағасырда Орталық Азияда дәуірлеген феодалдық мемлекеттер болып, олардың сауда

айналымына шығарған ақшаларының молырақ кездескен жері Орталық Азияның оңтүстік және шығыс территорияларында өмір сүрген Түркеш, Қарлұқ және Қарахан мемлекеттерінің ақшалары болатын. Олардың басым көпшілігі Талас, Шу өзендерінің алқаптарында сақталған ортағасырлық қалаларды зерттеу барысында табылды (Шалекенов, 2007: 30).

Талас өңірі халқының бір бөлігі егіншілікпен, бір бөлігі қолөнермен айналысқаны белгілі. Талас өңірінің Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ең ірі орталығы – Тараз қаласы туралы мағлұматтарды VIII ғасыр жазбаларынан кездестіреміз. VII-VIII ғасырларда бұл өңірдегі елді мекендердің көпшілігі орталықтанып, XIX-XX ғасырларда ірі сауда орталықтарына айналған. Аталмыш ғасырларда қалалармен қоса, қала типіндегі елді мекендер де көбейді (Беленицкий, Бентович, Большаков, 1973: 206).

Тауар қатынасының дамуы елдегі сауданың негізгі табыс көзіне айналуына байланысты барлық елді мекендерде бақылауды күшейту мақсатында VII-ғасырларда Түркеш пен Тукус теңгелерін шығарып, көптеген қалаларға айналысқа енгізгені белгілі (Байбосынов, 2007:103). Археолог, шығыстанушы А.Н. Бернштам: «Түркеш қағанатының күшейгені сонша, 704-766 жылдары Қарлұқ билігіне қарамастан Талас аңғарындағы Таразда теңге шығаратын сарай болған» (Бернштам, 1940: 109), деген дерек келтіреді. Осы ғылыми тұжырымның дұрыстығын Қазақстандық археолог Т.Н. Синигова Тараздағы археологиялық қазба барысында VIII-X ғасырлардағы төменгі мәдени қабаттан тапқан теңгелермен дәлелдеді (Сенигова, 1972: 144).

Түркі қағанаты кезінде сауда-тауар байланысының кең ауқымды дамуына орай, халықтың тауарға сұранысын қанағаттандыру мақсатында Тараз, Суяб пен Жаңакент қалаларында ақша шығаратын сарайлар жұмыс істеген. Мұның өзі қала датқаларының өз алдына билікке, сауданы өз қолына ұстауға тырысқанын байқауға болады. Орталық базардағы қаланың негізгі бөлігі – Цитадельде жүргізілген қазба барысында бір ғимараттың еденінен 10 түркеш, 2 соғды теңгелері табылды (Байбосынов, 2007:103).

1940 жылы Төменгі Барысхан қаласының батыс жағындағы қоныс орнынан кездейсоқ табылған құмырадан табылған монетаның Тараз қаласында жасалғаны дәлелденіп отыр. Оның біреуінде: Халиф ал-Кайм /422-467 жж./, екіншісінде: ал-Муктади /467-487 жж./ деген аттар жазылған (Бернштам, 1941:66). Төменгі Барсхан, Жікіл және Қос төбе ортағасырлық қалалардағы қазба барысында табылған теңгелер айырбас саудадан жаппай теңге айналымына өту мемлекет аралығындағы саудасаттық жұмысының жоғарғы дәрежеде дамығанын көрсетіп отыр.

Көлемді археологиялық зерттеу жүргізілген ертедегі ортағасырлық Шу өзенінің орта ағысындағы Ақтөбе (Баласағұн) қаласынан шығарылған монеталар (теңгелер) сол кезеңде сауданың жоғары дәрежеде дамығанын көрсетіп отыр. Кеңестік археолог Б.Д. Кочнев «Монетный чекан Куз орду-Баласагуна (11 в.)» атты мақаласында Қарахан империясы кезінде билеушілердің басшылығымен шығарылған дирхем теңгелерді талдап, олардың 1067-68 жылдары күз ордада жасалғанын, теңгелердің бетіне құран сүрелері араб әріпімен жазғанын баяндай келе, Баласағұн ертедегі

ортағасырдағы түріктердің ақшасын шығарған орталықтардың бірі болған деген ғылыми болжамға келген (Кочнев, 1989: 144-158; Шалекенов, 2007:30-31).

Бұл ғылыми болжам М. Қашқаридің айтқанымен сәйкес келеді. Ол Түркештердің ақша шығаратын орындары Талас (Тараз) және Баласағұнда болғанын жазды. 1987 жылы Ақтөбе (Баласағұнның) цитаделінің батыс оңтүстігінде (Шахристан-2) қазғанда қираған, өртенген бөлменің ішінен көмбе табылды. Ол Қарахан дәуірінің құмырасына салынған, жалпы саны 2744 дана. Оның 744 теңгесі тазартылған. Олардың ішінен жазуы бары 217 дана, жазуы жоқ 527 дана. Бұлардың барлығы мыс теңгелер. Ол теңгелердің бетінде араб әріпімен жазылған құран сүрелері болса, көпшілігі теңге жасауға дайындалған, алайда еш жазулары жоқ теңгелер. Табылған көмбенің қасынан арыстанның бейнесі салынған тас мөр және екі таразы ілініп тұратын жіптері де сақталған. Табылған жәдігерлер Қарахан мемлекетінің ислам дінін қабылдағаннан кейінгі шығарылған теңгелері деген болжам бар. (Шалекенов, 2007: 30-31)

XIII ғасырда Түркістанның Қытаймен сауда қарым-қатынасы жоғары деңгейде дамыды. Мұсылман саудагерлерінің бұл сауда да ролі күшті болды. Үлкен керуен сауда жолын моңғол аристократтары ақшамен, ал мұсылмандар болса тауармен қамтамасыз етіп отырды. Түрік тарихшысы З. Тоғанның айтуынша, дала саудасы үлкен сауда керуендерімен, арасында үзілістер бере отырып жүргізілді (Togan Z. 1981: 125).

Ортағасырларда Түркістан аймағындағы қалалары тек қана өндіріс орталықтары ғана емес, ірі сауда орталықтарының бірі болды. Араб

географы Ал-Истахридің айтуынша Түркістан аумағына кіретін Самарқант құрлықтағы ең үлкен орталықтың бірі болды (Беленицкий, Бентович, Большаков, 1973: 291). Мұнда бүкіл Мауераннахр тауарлары жиналып, басқа жерлерге таратылып отырды. Самарқанттан жүн, мақта маталар, темір заттар мен Бұқара кілемдері – Шығыс елдеріне шығарылған басты тауарлардың бірі болған. Самарқант, Ферғана және Илак тауларында алтын, күміс, қола, көмір мен фируза тастары шығарылған (Turan, 1965: 357).

Мауераннахрдың солтүстік-шығыс аймақтарында көшпелілермен жүргізілген сауда үлкен пайда келтірді. Осы арқылы кейбір жерлерде XII ғасырларға дейін маусымдық жәрмеңкелер жұмыс істеді. Бұл жәрмеңкелер даламен шектескен – Сауран, Жаңкент, Дех-Нуджикес, Баладж, Берукет сияқты қалаларда құрылды. Бұқара аймағындағы Тававис, Сарга, Дихи-Нуджикет қалаларында әр жылы көктемде үш ай сауда жұмысы жүргізілді. XII ғасырда сауда қарым-қатынасының қарқынды түрде дамуымен маусымдық жәрмеңкелер апталық базарларға айналып жұмысын жалғастырған болатын (Беленицкий, Бентович, Большаков, 1973: 291).

XIII ғасырдың екінші жартысында сауда қарым-қатынастарында қолма-қол ақшаның айналымға түсе бастады. Көшпелілермен жасалған сауда да, тек мал өнімдері емес, сонымен бірге құл саудасы да маңызды орынға ие болды. Мауераннахрға көшпелі түріктерден артығымен әкелінген құлдардың шет елдерге сатылғандығы, араб географы Ал-Истахридің еңбектерінде айтылады. Шығыс елдерінде бұл құлдар өте жоғары бағаланды (Şeşen, 2001: 163).

Қазақстанның оңтүстік бөлігіндегі

ортағасырлық қалаларда айырбас сауда үш үлкен топ арасында жүргізілді. Олар: егіншілер мен қолөнершілер; көшпелілер мен отырықшылар; аймақаралық. Сауданың негізгі орталығына айналған аймақтарда қонақтар мен керуендер түсетін үлкен керуен сарайлар болды. Керуен сарайлардың салынуы Түркістан билеушілерінің сауданың дамуына ерекше көңіл бөлгендігін көрсетеді.

Ортағасырлық Отырар қаласы негізгі қолөнер мен сауда орталығы қызметін атқарды. Жазба деректерде басқа ұсақ қалаларға қарағанда жиі аталатын Отырардың сауда-саттығы жөнінде мәліметтер өте аз кездеседі. Тек, көп жылдық археологиялық зерттеулер нәтижесінде Отырардың ортағасырлық дәуірдегі ішкі және сыртқы сауда-саттығы, оның бағыттары жөнінде жаңа материалдар ғылыми айналымға енгізілген болатын. Жазба және археологиялық, нумизматикалық деректер Отырардың ортағасырдың түрлі кезеңдеріндегі сауда-саттығын сипаттауға мүмкіндік беріп отыр (Байсаријева, Қожа, 2007: 85).

Отырар өңірінен Мардан қорымын қазба барысында қабірлердің біреуінен Қытайдың біздің заманымыздағы I-IV ғасырларға жататын жеті «Ушу» теңгесі табылған (Нурмуханбетов, Бурнашева, 1975: 25-35). «Ушу» теңгесі император У-ди (б.з.б. 140 – 86 ж.ж.) кезінде 118 ж. шығарыла бастап б.з. 621 жылға дейін айналымда болғандығы айтылады (Бурнашева, 1989: 11-12). III-V ғғ. жататын Көкмардан мазарындағы қазба барысында янтарь моншақтар табылды. Янтарь негізінен Балтық жағалауынан немесе Карпат-Днепрлік өңірде өндірілген. Ол Еділ-Каспий бойымен Хорезм арқылы Орта Азияға тараған деген пікір бар. Археологиялық

зерттеулер янтарьдың сауда жолдары Әмудария мен Сырдария өзендері бойы жүргенін көрсетеді. Орта Азияда янтарь саудасы б.з.б. I мыңжылдықтың ортасынан бастап б.з. V ғ.дейін кең өріс алған, ал Қытай еліне янтарь б.з. III ғ. бастап ғана белгілі болған (Бубнов, Половникова 2001: 124).

Отырар өңірінде табылған оймышты геммалар Ирандық бағыттағы байланыстарды көрсетіп тұр. Мұндай тастар Жетіасар ескерткіштерінде кездескен. Олар III-V ғғ. жатады (Левина, 1996: 237-243). Отырар өңірінде бір топ Сасанилік геммалар табылып отыр (Смагулов, 1993: 163). Сыртқы сауда байланыстарының бағыттарын Отырар қазбаларының табылған VII ғ. Соғды ихшидтерінің, Ферғананың түркі билеушілерінің, Қытайдың Таң әулеті мен Бұхараның «гитрифи» үлгісіндегі теңгелері, Шаштың VII ғ. аяғы – VIII ғ. басындағы көне түркі теңгелері айғақтап тұр (Бурнашева, 1989: 60-68).

Қазба жұмысы кезінде Жанкент қалашағынан шамамен X ғасырларға жататын монеталар (Бұхаралық мотенеталар, Саманидтік фельстер) табылған болатын (Сур.1,2,3). Сонымен қатар, Отырар, Құйрық - төбе, Мардан - Құйқа жерінде жасалған қазба нәтижесінде Самарқандта, Бұхарда, Шаш пен Испиджабта, Барабта (Фараб) X ғасырдың басы – XI ғасырда жасалған саманидтік фельстер табылған. Орталық Азияда Саманидтік фельстер сол кезеңде сауда айналымында маңызды рөл атқарды. Археологиялық зерттеу нәтижесінде табылған тиындар қала экономикасының дамығандығын көрсетіп, сауда айналымының жоғары дәрежеде болғандығына дәлел бола алады.

Жергілікті сауда-саттықтың дамуының айқын көрінісі деп жергілікті



Сур. 1. Бұхаралық фельс (монета).
Салмағы - 2,52 г. Диаметрі – 25,5 мм.
Табылған жері: Жанкент, 2005.

Fig. 1. Bukhara fels (coin)
Weight - 2.52 g. The diameter is 25.5 mm.
Place of discovery: Zhankent, 2005.



Сур. 2. Бұхаралық фельс (монета).
Салмағы- 2,43 гр. Диаметрі – 25,8 мм.
Табылған жері: Жанкент, 2005.

Fig. 2. Bukhara fels (coin)
Weight - 2.43 g. The diameter is 25.8 mm.
Place of discovery: Zhankent, 2005.



Сур. 3. Саманидтік монета. Нақты анықталмаған. X ғ.

Салмағы - 1,34 г. Диаметрі - 23,5 мм.
Табылған жері: Жанкент, 2005.

Fig. 3. Samanid coin. Not exactly defined. X c.
Weight – 1.34 g. Diameter – 23.5 mm.
Place of discovery: Zhankent, 2005 (Аржанцева, 2010: 49).

түркі билеушілері соқтырған бір бетінде арыстан бейнелі, екінші жағында таңбалары бар теңгелерді айтуға болады. Отырар алқабынан табылған теңгелерді нумизмат, тарихшы Р.З. Бурнашева VII-VIII ғғ. жататындығын зерттеп, үш топқа бөлген (Бурнашева, 1989: 11-12). Сондай-ақ, көне түркілердің күміс ыдыстарының бейнесі, ою-өрнегін қайталайтын керамикалық ыдыстар Отырардан табылып отыр. Бұл құмыралар мен саптыаяқтар қоңыр, шие түсті, сұр-қызыл түсті ангобпен көмкерілген, тұтқалары жұлдызша етіп жасалынған, қисық тор көзді өрнекпен, геометриялық сызықшалармен, толқынды сызықшалармен ыдыс сырты нақышталған. Аталмыш ыдыстар саяси үстемдік орнатқан түркі элитасының ыдыстарына туындаған сұранысты қанағат ету мақсатында пайда болған өнімдер. Бұлар қала іші мен алқап саудасының көрінісі деуге толық негіз бар (Байсариева, Қожа, 2007: 87). Отырардың стратиграфиялық қазба материалдары негізінде мұндай ыдыстарды VII-XIX ғғ. жатады. Отырар оазисіндегі Күйікмардан қала орнынан VII-VIII ғғ. қабаттарынан алма шитті мақта, бидай қалдықтары, қоладан жасалған белдік бөліктері табылып отыр (Байпаков, Подушкин, 1989: 75).

Сауда керуен жолында орналасқан ортағасырлық Сығанақ қаласы (Сунақ) Сыр бойындағы қалалар: Отырар, Сауран, Түркістан т.б. тығыз сауда қарым-қатынасын жасап қана қоймай, Мәуераннахр қалалары Үргенш, Шаш, Самарқанд т.б. қалалармен тығыз байланыста болған. Қаланың керуендердің тоқтауына қолжетімді болуы және қалада сауда айналымының тоқтаусыз жүруі қаланың экономикалық өсіп-өркендеуіне мүмкіндік туғызып отырған. Сондықтан да, Сырдарияның

орта және төменгі ағысы бойындағы жоғарыда аты аталған қалалармен де сауда байланысын ерте кездерден-ақ жүргізіп келген (Жолдасбаев, 2010: 98).

Сығанақ қаласында сауда қатынасының дамыған уақытын қыпшақтардың бұл аймаққа орналаса бастаған кезеңімен (XI ғ) байқауға болады. Қыпшақ хандығының Хорезм шахы Текешпен (1172-1200) байланысы сауда қарым-қатынасын күшейтті. XII-ғасырдың екінші жартысынан бастап Сығанақ қаласы Қыпшақ хандығының астанасына айналды (Қазақстан тарихы, 2006: 421). Бұл кезеңде Сығанақ қаласы тек сауда орталығы болып қана қоймай, Қыпшақтардың әскери және саяси орталығы болды. Қыпшақ хандары ертедегі түркілердің дәстүрлерін ұстанып екі қанатқа бөлініп, оң қанаты Жайық өзенінің бойынан Сарайшық қаласында болса, сол қанаты Сырдария өзені бойындағы Сығанақ қаласы болды. Осы негізде қыпшақтардың саяси билігі жағынан беделі күшті қалалардың бірі болды (Жолдасбаев, 2010: 98).

Батыс Қазақстан аймағын басып өтетін сауда жолы туралы алғашқы деректер VI-VIII ғасырларда белгілі бола бастады. Батыстағы сауда жолында тұрған Сарайшық қаласы ортағасырдағы ірі сауда орталығының бірі болды. Қала құрлық пен теңіз портының тоғысқан орталығы болып, оның жылдам дамуына себепкер болды. Ол кезеңде құрлық пен сауданың тоғысқан жері ортағасырлық қалалар арасында тек Сарайшық қаласы болды (Қасенов, 2007: 153).

Қорытынды

Ұлы Жібек жолы бойындағы сауда байланыстарына қатысты зерттеушілердің тарихи және археологиялық деректеріне тарихи талдау жасалынды. Ортағасырлық

авторлардың деректері мен археологиялық зерттеулер VI ғасыр мен XIII ғасырдың басында Ұлы Жібек жолы бойында халықаралық сауданың өркендегенін және қалалық өркениеттің дамуына үлкен ықпал еткенін көрсетіп отыр. VI ғасырдың екінші жартысында түркілер Ұлы Жібек жолының біраз бөлігіне иелік етті. Осы түркі кезеңінде Қытайдан Жетісу арқылы Батысқа және Қазақстанның оңтүстігінен өткен Ұлы Жібек жолы бойында ір қалалардың жандануына негіз болды. Бұл жол сауда жолының негізгі торабы болып, VI-XIII ғасыр басында керуен саудасы мен елшілік сапарлар осы жол негізінде өткен болатын. Бұл жол Жетісу, Қазақстанның оңтүстігі мен батыс бөлігіндегі ежелгі қалалардың өркендеуіне әсерін тигізді.

Керуен жолы бойында орналасқан ортағасырлық Испиджаб (Сайрам), Тараз, Суяб, Алмалық, Фараб (Отырар), Түркістан), Сауран, Сығнақ, Жанкент (Янгикент), Жездіб қалаларында сауда орындары мен керуен сарайларының салынуы халықаралық сауданың жақсы дамығанын көрсетіп отыр. Халықаралық сауданың дамуы қолөнер өндірісінің дамуына, әлеуметтік-экономикалық формациялардың қалыптасуына әсер етті. Сауда жолының бойындағы бұл қалаларда ақша немесе айырбас тауар айналымы жақсы дамыды. Тараз, Отырар, Жанкент қаласынан табылған тиындар (фелъстер) оған басты дәлел

бола алады.

Қазақ қоғамындағы көшпенділер мен отырықшы аудандардың өзара қарым-қатынасы керуен жолы негізінде күшейіп, көшпелі және отырықшы мәдениеттердің өзара бірігуіне әсер етті. Аталған деректер сол кезеңде халықаралық сыртқы географиялық ортамен байланыстардың ерекше өркендеуіне және мемлекеттің экономикалық тұрғыдан дамуын жеделдеткен тарихи процесс болды. Бұл тарихи процестер халықтың, мемлекеттің экономикалық жағдайының жақсаруына да айтарлықтай ықпал етті.

Қазіргі таңда Жібек жолы тарихи зерттеу тұрғысынан да, заманауи, туристік пайдалану жағынан да басты назар аудартып отыр. ЮНЕСКО-ның Жібек жолы бойында тұратын халықтардың әлеуметтік-мәдени ерекшеліктерін зерттеу мақсатында экспедиция ұйымдастыруының өзі, бүгінге дейін бұл керуен жолының тарихи маңыздылығын көрсетіп отыр. Ұлы Жібек жолының негізгі орталығында орналасқан Қазақстан да Орталық Азиядағы басқа мемлекеттер сияқты экономикалық және әлеуметтік-интеграциялық даму процесіне әсер ететін белгілі бір тарихи, экономикалық, әлеуметтік-саяси және этнологиялық ерекшеліктерге ие екенін көрсетіп отыр.

Әдебиеттер

1. Аржанцева И., 2010. Сводный отчет об археологических работах на городище Янкент в 2005–2007, 2009 гг., Кызылорда. 49 с.
2. Байбосынов К., 2007. Ежелгі Талас аңғарындағы сауда мен теңге айналымы. Ортағасырлық Қазақстандағы ақша айналымы және сауда: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Түркістан: Тұран баспасы. 103 б.
3. Байсариева Г., Қожа М., 2007. Отырардың ортағасырдағы сауда байланыстары. Ортағасырлық Қазақстандағы ақша айналымы және сауда. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Түркістан. 292 б.
4. Беленицкий А.М., Бентович И.Б., Большаков О.Г. 1973. Средневековый город Средней Азии. Ленинград. 390 с.
5. Бернштам А.Н. 1940. Тюркешские монеты // ТОВГЭ, I. 105-111 с.
6. Бернштам А.Н. 1941. Памятники старины Таласской долины. Алматы: Издательство. Казах. объедин. гос. изд. 81 с.
7. Бурнашева Р.З. 1989. Отрар, отрарский оазис и Южный Казахстан, Нумизматические исследования по денежному делу южно-казахстанских городов VII-XVII вв. Алматы: Отырар. С. 11-12.
8. Бурнашева Р.З. 1989. Монеты Казахстана как один из источников изучения социально-экономического, политического и духовного взаимодействия городов Южного Казахстана и Средней Азии (VII-XII вв.) Алма-Ата. 464 с.
9. Бубнов М.А, Половникова И.А. 2001. Янтарь в Средней Азии - Древние цивилизации Евразии: история и культура. Москва. С. 124-133.
10. Байпаков К.М., Подушкин А.Н. 1989. Памятники земледельческо-скотоводческой культуры. Коллективная монография. Алма-Ата: Наука. 169 с.
11. Жолдасбаев С. 2010. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X-XVIII г.). Түркістан. 224 с.
12. Işıktaş E., Duran A. 2017. Geçmişten Günümüze İpek Yolu'nun Önemi Ve Buna İlişkin Yapılmış bilimsel Çalışmalar. Social Sciences studies Journal (Issn:2587-1587). Vol:3, Issue:5. pp. 584-596.
13. Кочнев Б.Д. 1989. Монетный Чекан Куз Орду – Баласағуна (XI в.). Красная Речка и Бурана. Фрунзе. С. 144-158
14. Көшенов Ғ.И. 2007. Түркістандағы сауда қарым-қатынастары. Ортағасырлық Қазақстандағы ақша айналымы және сауда: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Түркістан: Тұран баспасы. 107 б.
15. Қасенов М. 2007. Батыс Қазақстандағы керуен жолдары, Ортағасырлық Қазақстандағы ақша айналымы және сауда. Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары, Түркістан. 292 б.
16. Қазақстан тарихы. 2006. I Том. Алматы. 421 б.
17. Левина Л.М. 1996. Этнокультурная история Восточного Приаралья. I тысячелетие до н.э. — I тысячелетие н.э. // Москва. 396 с.
18. Нурмуханбетов Б.Н., Бурнашева Р.З. 1975. Погребение с монетами из могильника Мардан: (Отрарский оазис) // Известия Академии наук КазССР: Серия общественных наук. № 5. Алма-Ата. С. 28-35.
19. Osman Turan. 1965. Selçuklular Tarihi ve Türk İslam Medeniyeti. Ankara: Türk

Kültürünü Araştırma Enstitüsü. 448 s.

20. Ramazan Şeşen. 2001. İslam Coğrafyacılarına Göre Türkler ve Türk Ülkeleri. Ankara: Türk Tarih Kurumu Basımevi. 304 s.

21. Сенигова Т.Н. 1972. Средневековый Тараз. Монография, Алматы. 228 с.

22. Смагулов Е.А. 1993. Находки сасанидских темм в Отрарском оазисе // Археологические памятники на Великом шелковом пути. Алматы. С. 163-172.

23. Tahir Erdoğan Şahin. 2020. İpek Yolu: Tarihsel Geçmişi, Kültürü Ve Türk Dünyası İçin Önemi. Tarih Araştırmaları Dergisi, cilt.39.S.71-97

24. Togan Z. 1981. Umummi Türk Tarihine Giriş. İstanbul: Enderun Kitabevi. 125 s.

25. Шефер Э. 1981. Золотые персики Самарканда. Книга о чужеземных диковинах в империи Тан. Москва. 608 с.

26. Шалекенов Ұ. Х. 2007. Баласағұндағы ақша шығарылған Ортағасырлық Қазақстандағы ақша айналымы және сауда. Халықаралық ғылым және практикалық конференция материалдары. Алматы, 292 с.

References

1. Arzhanceva I. 2010. Svodnyj otchet ob arheologicheskikh rabotah na gorodishche Iankent v 2005–2007, 2009 gg [Summary report on archaeological work at the Yankent site in 2005–2007, 2009] Kyzylorda, 49 p. [in Russian]

2. Bajbosynov K. 2007. Ezhelgi Talas angaryndagy sauda men tenge aynalımı [Trade and tenge circulation in the ancient Talas Valley]. Ortagasyrlyk Qazaqstandagy aqsha ainalymy zhane sauda: halyqaralyq gylmi-praktikalyq konferenciya materialdary. Turkestan: Turan baspasy. 103 p. [in Kazakh]

3. Baisariyeva G., Kozha M. 2007. Otyrardyn ortagasyrdagi sauda bailanystary. [Trade relations of Otyrar in the Middle Ages]. Ortagasyrlyk Qazaqstandagy aqsha ainalymy zhane sauda: halyqaralyq gylmi-praktikalyq konferenciya materialdary. Turkestan 292 p. [in Kazakh].

4. Belenitsky A.M., Bentovich I.B., Bolshakov O.G. 1973. Srednevekovyj gorod Sredney Azii [Medieval city of Central Asia]. Leningrad. 390 p. [in Russian]

5. Bernshtam A.N. 1940. Turgeshskie monety [Turgesh coins] // TOVGE, Vol. I. 105-111 pp. [in Russian]

6. Bernshtam A.N. 1941. Pamyatniki stariny Talasskoy doliny [Ancient monuments of the Talas Valley] Almaty: Kazakh obedin.gos.izd. 81 p. [in Russian]

7. Burnasheva R.Z. 1989. Otrar, otrarskij oazıs i Yuzhnyi Kazakhstan, Numizmaticheskie issledovaniya po denezhnomu delu yuzhno-kazakhstanskikh gorodov VII-XVII vv. [Otrar, Otrar oasis and Southern Kazakhstan, Numismatic studies on the monetary affairs of southern Kazakhstan cities of the 7th-17th centuries.] Almaty: Otyrar, 11-12 pp. [in Russian]

8. Burnasheva R.Z. 1989. Monety Kazakhstana kak odin iz istochnikov izucheniya socialno-ekonomicheskogo, politicheskogo i duhovnogo vzaimodeystviya gorodov Yuzhnogo Kazakhstana i Srednei Azii (VII-XII vv.) [Coins of Kazakhstan as one of the sources for studying the socio-economic, political and spiritual interaction of the cities of Southern Kazakhstan and Central Asia (VII-XII centuries)] Alma-Ata. 464 pp. [in Russian]

9. Bubnov M.A., Polovnikova I.A. 2001. Yantar v Srednei Azii - Drevnie civilizacii Evrazii: istoriya i kultura [Amber in Central Asia - Ancient civilizations of Eurasia: history

and culture]. Moskva, 124-133 pp. [in Russian]

Қазақтың ою-өрнек өнерінің қалыптасуы жайында философиялық ой-пікірлер мен тұжырымдар көп айтылған. Мәселен, қазақтың ұлттық өрнектері жайында И.Ожегов: «геометриялық, өсімдік тектес немесе жан-жануарлар элементтерінен тұратын өрнектер; кескіндемелік, мүсіндік, графикалық әсемдеу» - деп сипаттайды (Ожегов, 1989: 458).

Ою-өрнектерге байланысты материалдарды сараптау мен зерттеуде ғасырлар бойы қалыптасқан халық қолөнеріндегі кескіндемелік, мүсіндік, графикалық ою-өрнек өнері кілемде, сырмақта, текеметтерде, киімдерде,

ыдыс-аяқта, үй жиһаздарында, аяқ-киімдерде, зергерлік бұйымдарда көп көрініс тапқандығы айқындалады. Осындай ұрпақтан-ұрпаққа мирас болған дәстүрлі өнер түрлерінің қалыптасу және даму ерекшеліктерін табиғи ортада пайда болған бұйымдар мен тұрмыстық заттар зерттеу әдісіміздің негізінде танылған тарихи-мәдени-рухани құндылықтарымыз. Зерттеу әдістері қазақтың ою-өрнек өнерінің қалыптасу кезеңдері мен дамуы ұлттық өнеріміздің ең ежелгі, әрі кең таралған саласы екенін дәлелдеп береді. Ою-өрнек қазақ халқының мәдени дамуының шежіресі, эстетикалық мәні зор рухани өнері болып табылады. Бүгінде қазақ халқының 2000-ға жуық ою-өрнегінің атаулары бар. Ою-өрнек түрлерінің тұрақты көріністері мен қолданылу аясы (пішіні, мазмұны, бояу түсі) бойынша әрбір буын түрлері қолөнер шеберлерінің шығармашылығында біртұтас (синкреттілік) кейде жеке-дара болып қарастырылып келеді. Ою-өрнек өнері халықтың философиялық дүниетанымдық түсінігімен сабақтасып жатқаны жайында М.С.Каган: «философияның дүниетанымдық мәні мәдениет формаларын кең кеңістіктік және уақыттық ауқымда салыстыра қарастырған жағдайда жақсырақ ашылады» - деп ой қорытады (Каган, Холостова, 1988: 6-10).

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақ халқының ою-өрнектерін зерттеуді философиялық тұрғыдан қарастырғанда ғана, ою-өрнек түрлерінің жеке-дара өмір сүре алмайтындығын айқындай аламыз және ою-өрнек синкретті өнер ретінде бір-бірімен үйлесім тауып, терең мазмұн құрайтын сипатынан көреміз. Қазақ халқының қолөнер шеберлері ою-өрнек

атауларын философиялық сипатына орай екі топқа бөлген. Біріншісі, ою-өрнектердің жеке-дара тек тікелей өзіне және түріне байланысты атаулары, Екіншісі, ою-өрнекті қолданылу аясында пішіні мен мазмұны, бояу түстері. Қолөнершілер ою-өрнектің түрлері мен түстерін орналастырудың құрылымдық (композициялық) жүйесін ұтымды шеберлікпен іске асырған. Ою-өрнектің философиялық белгілері мен тұрақты көріністерін қолөнер түрінің бірлігінде қарастырудың теориялық жағын анықтап, әр қайсысын орналастыру аясына байланысты философиялық ой тереңділікпен ұсынылған. Сондықтан ою-өрнектің атаулары мен бояу түстері қолөнердің барлық түрлерінде табиғи бірлікте бағалануға тиіс. Ою-өрнектің жарасымдылығы мен әсемділігі кілемде, сырмақта, киімдерде, үй жиһаздарында, зергерлік бұйымдарда эстетикалық мағынасымен, философиялық бірлігімен айқындалып, көркемделеді. Осындай әдістерді қолөнер саласында шеберлер ою-өрнектердің философиялық мазмұндық және мағыналық ерекшеліктеріне байланысты бояу түсін, сызықтық ырғағын, олардың үндестігін белгілі бір тәртіппен қолөнер түрімен бірге орналастыра білген. Қазақ халқы зергерлік бұйымдарында, кілемдерінде құстың, балықтың, ағаштың, гүлдің бейнесін ерекше үндестікпен бейнелеген. Олай қолдану аясының себебі, философиялық көзқарас тұрғысынан қарағанда, құс-көктің, балық-судың, ағаш-жердің белгісі деп білген. Бұл халықтың данышпандығы мен тапқырлығының шеберлікпен қосқан ой тереңдігін көрсетеді. Ою-өрнек түрлерін геометриялық, табиғи және аралас деп бөліп қарастыруға болады. Көбіне ою-өрнекпен емес, жеке-дара қарастырылып келе жатқан

өрнек белгісінің бір түрі – таңба. Таңба қазақтың көшпелі тұрмыс-тіршілігінен бастау алып, кеңістік сырын түсінудегі табиғат көріністерін образды бейнеде ғана емес, субъективті қатынастарда қалыптасқан құбылыстың символды көрінісі деп түсінгеніміз дұрыс. Таңбалар қолөнерде дүниетанымдық белгі болумен бірге, ою-өрнек өнерінің қалыптасуы мен дамуына түрткі болды. Символ арқылы берілген қазақ ою-өрнегінің кілемге, киімдерге, зергерлік бұйымдарға қолданылған түрлері біріншіден, халық білімінің толыққанын, ой өрісінің ұшқырлығын, шеберлігінің өскенін көрсетсе, екіншіден, халықтың талғампаздық дүниесі, өзін қоршаған ортадан алған әсері ою-өрнек мазмұнын байыта түсті. Ою-өрнек әсемдеу, сәндеу және әртүрлі заттарды, ғимараттарды әшекейлеуге арналған жүйелі ырғақпен қайталанатын әр үйлесімділікке құрылған өрнек-нақыштар. Ұлттық ою-өрнек өзіне тән белгілерінің жүйелілігі қазақ халқының қалыптасуымен, еліміздің қазіргі аумағын мекендеген түркі тектес халықтар мәдениетімен тығыз байланыста дамыды. Бұл ортағасырлық архитектуралық ғимараттардағы геометриялық ою-өрнектерден (Айша-бибі, Ахмет Ясауи кесенесі) көруге болады. Ою-өрнектің қоңыр түсі дәстүрлі тоқыма өнері үлгісінде, кестеде, ағаш, мүйіз, сүйек, металға өрнек салуда жетілді. Ою-өрнек ісі тым ерте заманнан бастап-ақ қазақ қолөнерінің барлық түріне бірдей ортақ әсемдеп әшекейлеудің негізі болды. «Ою сөзінің ұғымы бір нәрсені ойып, кесіп алып жасау немесе екі затты оя кесіп қиюластырып жасау, бір нәрсенің бетіне ойып бедер түсіру деген мағына береді. Қазақ халқы бір өрнекке салып, қиып алған үлгіні, үлгіге салып кескен сырмақтың қиығын ою дейді.

Ал өрнек дегеніміз – әр түрлі ою, бедер, бейненің күйдіріп, бояп, батырып істеген көркемдік түрлердің, әшекейлердің ортақ атауымен ою-өрнек деп қосарланып айтылады» (Қасиманов, 1969: 15).

Өрнектің философиялық мағыналық ерекшелігі – түрлі-түсті кесіп, қиып алынған оюлардың бояу түсін шеберлер тереңнен таңдап, олардың бір-бірімен үндестігін, сызықтар ырғағын шеберлікпен орналастырған.

Қазақтың ою-өрнегіндегі бояу түстерінің дүниетанымдық мағынасының көркемдігі жөнінде Қ.Нұрланова: «Кез-келген қоғам өзіне қажетті белгілермен ғана қызмет етеді. Дәстүрлі дүние қатынаста рационалды және иррационалды сәттер қайшы келмейтіндігіне де байланысты оның сарқылмас тылсым сырындағы терең байлық анықталады дейді» (Нурланова, 2017: 209).

Қазақтың өрнекті әшекеймен істелетін қолөнердің түрлерінің ішінде ең көп тарағаны осы – ою-өрнек. Ою-өрнектер қолшебер өнерінде, түзу және ойқастыра тоқу тәсілдерінде көп қолданылады. Түркі халықтарының қолтаңбаларында өрнексіз заттың мәні жоқ деп түсінген. Қазақ халқы ою-өрнекті қадір тұтып, киімдеріне түсірген. Ою-өрнекке қарап, қай ұлттың ұрпағы екенін таныған, кімнің қазақ, кімнің ұйғыр, татар екенін білген. Қырғыздарда «қошқар мүйіз», «тұмар», «теке мүйіз», ұйғырларда «бадам», «шәдә», өзбектерде «пахта гүл», «бадам» деп аталады. Қазақтар осындай ою-өрнектерді киім-кешекке кестелеп бейнелеген. Қазақтың ою және өрнек деген қос сөзі латын тілінде орнамент деген ұғымды береді. Мағынасы әдемі ырғаққа арналып құрылған өрнектер әсемдеу, сәндеу дегенді білдіреді.

Талдау

Қазақ халқының ою-өрнек өнерінің қалыптасу кезеңдері мен даму тарихын талдап қарастырсақ, тылсым табиғаттың сырын ұғынуда халық шеберлерінің философиялық ой-пайымдарынан туындағанын көруге болады. Ою-өрнек түрлерін талдау барысында құрт-құмырсқаға, малдың денесіне, аңның дене мүшесіне, қару-құралдарға, құстарға, ай, күн, жұлдыздарға, көк әлемге, жер, су, өсімдік бейнелі болып бөлінетіндігі осының айғағы. Қазақ ұлттық мәдениетінің аса құнды салаларының бірі – ою-өрнек өнері бұл әсемдік пен сәнділіктің белгісі емес, ол халықтың философиялық ой тереңділігінің құдіреті, ізгі арман-ойының жемісі, тілек мүддесінің нышаны. Қазіргі философиялық көзқарас тұрғысынан алғанда, ою-өрнек түрлерінің мазмұндық ерекшелігі халықтың ұлттық сезімінен туындаған рухани құндылық, философиялық мәні терең және мазмұны ой салатын шексіз, шетсіз мәдени мұра. Қазақтың қолөнердің саласында кең қолданылып келе жатқан ою-өрнек өнері халықтың сәндік өнерінің барлық түрлерінде көрініс тауып келеді. Философиялық ой тереңділік тұрғысынан ою мен өрнек қолөнер бұйымдарының философиялық танымын, эстетикалық мәнін аша түседі. Ою-өрнектің алғаш пайда болған тұсынан бастап тасқа, ағашқа, сүйекке түсірілген. Уақыт өте келе ою-өрнектер киімдерге, киізге, алаша, кілем тағы басқа заттарға салынған. Бұл өрнектер арқылы халық белгілі бір философиялық ұғым түсініктерді аңғартып, өнегелі өмірінің сырын білдірткен. Философиялық тұрғыдан талдап қарастырсақ, қазақ ою-өрнек өнерінің қалыптасу кезеңі өмір қажеттілігінен туғанын байқаймыз.

Қазақтың ұлттық ою-өрнек

өнерінің дамуын философиялық ой тереңділікпен талдап зерттесек, оның шығу тегі мен қалыптасу жағдайы, даму кезеңдері уақыт талабына байланысты қалыптасып, геометриялық және бейнелеу элементтерінің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесім тапқан алғашқы тас, мыс, қола, темір дәуірлерінен бастау алғанын байқаймыз. Ою-өрнек өнерінің қалыптасу және даму кезеңдері алғашқы қауымдық кезеңінің бастапқы сатысы болып табылатын тас дәуірінің реалистік бейнелеу өнерінде ерекше танылған. Адамдар тұрмыс-тіршілігінің өзегі болған табиғат тынысын, хайуанаттар әлемін реалистік сипатта геометриялық сынық сызықпен бейнелеп, «ирек», «ирексу», «су өрнегі», «гүл», «жапырақ» өрнектерімен дүние құбылысының сырын ұғынып, танымдық тұрғыдан тұспалдаған. Бұл дәуірде пайда болған «күн» - ою-өрнегі күнді меңзеген, «мүйіз» - өрнегімен малдың екі мүйізін бейнелеген. Ежелгі адамдар мүйіз бейнеленген оюлардың философиялық, символдық мәнін бақыт-береке, байлық, мал-жанының көбеюі деп түсінген. Бұйымдардағы алғашқы ою-өрнек біздің жыл санауымызға дейінгі VII-VI ғасырларда пайда болған. Алтай өңірін мекендеген адамдардың тұрмыс-тіршілігіндегі қол өнерінде ерекше көрініс тапқан. Ежелгі адамдар өз философиялық танымын тасқа, сүйекке, ағашқа ойып, қашап түсіріп отырған. Соның айғағы ретінде тас, мыс, қола, темір дәуірлеріндегі ою мен өрнек түрлері геометриялық тұрғыдан дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш бейнесінде көрсете алған. Сондықтан жазу-сызу шыға қоймаған ерте заманда ою элементтерінің қалыптасуы мен дамуын жоғарыда айтылған тарихи-философиялық деректермен саралаймыз. Ежелгі

палеолит (тас), мезолит (мыс, қола), неолит (темір) дәуірлерінде өмір сүрген адамдар күнделікті тұрмыс-тіршілігінде қоршаған дүниенің сырын терең ұғынып, уақыт өте келе тастан құрал-саймандар (балта, кетпен, дән үккіш, келі, келсап) жасаған. Ал мыс пен қоланы пайдалануда адамдар өзіне қажетті еңбек құралдарын тастан жасады. Осы дәуірдегі адамдар өздерінің өмір тәжірибесінен алғандарын жетілдіріп, күнделікті тұрмысында кеңінен пайдаланатын түп жағы шығыңқы балта, балға, егін орағын, шалғы құралдарын жасағанын байқауға болады.

Алынған нәтижелер

Жоғарыда ғылыми-зерттеу жұмыстарымен талдауға алған ою-өрнек түрлерінің қалыптасу, даму жолдары ерте қалыптасқанын көреміз. Ертеде тас өңдеу мен сүйек ұқсату өнерінің өркендеуіне байланысты сүйек пен металдан жасалған бұйымдарды шеберлер терең меңгеріп, заттарды әсемдеуде геометриялық, өсімдік тектес, зооморфтық ою-өрнек үлгілерімен өрнектеп, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен қолданған. Көне дәуірдегі адамдар табиғат құбылысынан алған түсініктерін тасқа бейнелеп, мыс, қола, темірден жасалған бұйымдарына өрнектерді салып, нәтижесінде заттардың кескін-келбетін бейнелеуде түрлі өрнек түрлерін ойлап тапқан. Уақыт өте келе заттардың бетіне түскен геометриялық және бейнелеу элементтерінің жүйелі ырғақпен қайталанып, үйлесімді құрылуының нәтижесінде ою-өрнектердің ең қарапайым үлгілері пайда болған. Осы уақыттағы ою-өрнек түрлеріндегі геометриялық бейнелі оюлар тас дәуірінен бастау алып, дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш, ромбы, ирек және т.б. қолөнер өнерінде

өте жиі пайдаланып келеді. Ал мыс, қола, темірден жасалған бұйымдарды шеберлер төртбұрыш, үшбұрыш, ромбы, ирек өрнектермен көркемдеп әшекейлеген. Оюлардың геометриялық бейнелері ежелгі тайпалардағы адамдардың философиялық ойларынан туындап, қоршаған ортаны кейіптеуші ретінде көрсеткен. Тылсым дүниенің сыры мен мәнін түсіне келе, ежелгі шеберлер ромбы тәріздес ою-өрнекті – дүниенің төрт бағыты деп түсінген. Шұғылалы ою-өрнекті – ай белгісінде алған. Дөңгелек оюды (шеңбер) болса – күннің бейнесінде бейнелеген. Ирек ою-өрнекті – су белгісі деп білген. Нәтижесінде, мыс, қола, темірден жасалған бұйымдарды ою-өрнек түрлерімен өрнектеуде қолөнер шеберлері қоршаған ортадан, тылсым табиғаттан, аспан әлемінен алған философиялық таным-түсініктерін ою-өрнек өнерінде айқын танытып, түрлі заттарда бейнелеу мен орналастыру жолдарын анық танытқан.

Табиғаттың тылсым сырын танудағы адамның дүниетанымы жайында «Затты, табиғатты олардың заңдылығы, ішкі мазмұны, даму жолдары арқылы қабылдауға, білуге ұмтылады. Бұл көзқарас бойынша кез-келген зат, құбылыс, табиғат символ. Оның мазмұны заттың өзінен тыс жатыр» - деп ой түйген» (Нысанбаев, Әбжанов, 1992: 26).

Палеолит дәуірінде (тас дәуірі) өмір сүрген адамдар тастан тұрмыс-тіршілігіне қажетті балта, кетпен, дәнүккіш, келі, келісап жасап, тастарды тегістеу арқылы өздеріне керек дүниелерді игерді. Осы дәуірдегі адамдар тасты, ағашты және сүйекті тұрмысына пайдалана отырып, тегістелген тастың бетіне геометриялық сызықтар мен иректер сала бастады. Бұл дәуірде

жасалған әшекейлер мен білезіктердегі оюлардың алғашқы үлгісі геометриялық ирек сызықтармен көркемделді. Осы тұста алғашқы ою-өрнектің түрлері болыптабылатын жануарлардың бейнесі пайда болды. Әлі анық айқындалмаған геометриялық дөңгелек, үшбұрыш, ирек бейнедегі оюлардың философиялық танымы біздің заманымызға дейінгі адам ойлауының толық жетілмегенін көрсетеді. Мұнымен бірге бұл дәуірде сүйектен жасалған еңбек құралдар, киім тігуге арналған инелер пайда болғанын көруге болады.

Мезолит дәуірінде (мыс, қола дәуірі) Қазақстан аумағын мекен еткен тайпалар еңбек құралдарын, қарулар, сәндік заттар, тұрмыстық бұйымдар жасауда құю, қақилау, өрнектеу, жону, тегістеп жылтырлату техникасын жақсы меңгерген. Заттарға өрнек салып, малдың денесіне, мүшесіне, ізіне құстарға, ай, күн, жұлдыздарға, жер, су, өсімдік бейнелеріне байланысты ирек», «ирексу», «су өрнегі», «гүл», «жапырақ» оюларын жасаған. Қола дәуірінен жеткен ескерткіштердің бірі – «Таңбалы тастардағы» ескерткіштер. Тасқа бейнеленген күн іспеттес геометриялық пішіндегі өрнектер сол уақыттағы адамдардың философиялық танымын аңғартады.

Неолит дәуірінде (темір дәуірі) үңгірде өмір сүрген адамдар керамикалық ыдыстарды қолмен жасау әдістерін игерген. Сол уақыттағы ыдыстардың жоғарғы жартысына тікті қалыппен сызықшалар, ойықтар, мүсіндер түріндегі өрнектер салған. Табиғат аясында өмір сүрген халықтың мекені – Көк пен Жердің арасындағы кеңістік. Дүниенің сырын ұғынудағы адамдардың тәжірибелерінен туындаған таңбалар мен ою-өрнектер бір-бірімен бірлік байланысқа түсіп, қолөнерінде

біртұтас үйлесім тапқан. Бұйымдарда бейнеленген белгілі геометриялық сызықтар мен ирек өрнектердің, дөңгелек, үшбұрыш т.б. таңбалардың қазақ халқының қолөнеріндегі ою-өрнектерге өте ұқсас келетінін осыдан және ою-өрнек өнерінің шығу тарихын зерттеген ғалымдардың еңбектері дәлелдеп берді. Алғашқы қауымдық құрылыс кезіндегі Андрон, Беғазы-Дәндібай мәдениетінде үңгірді мекендеген адамдар философиялық танымдарын сурет арқылы баяндап, үңгір қабырғаларына қашап салған. Ғылыми еңбектерде ою-өрнектердің айрықша көрінісін анықтайтын оюдың пішін түрлері малдың дене мүшелеріне байланысты «қосмүйіз», «сынық мүйіз», «қырықмүйіз» деп жасалған. Қазақтың ою-өрнек өнері қайта жаңғырып, бай мазмұнға ие болған тұстан бастап жаңа түрге еніп, халқымыздың қазыналы қолөнерінде көрініс тапқандығын жоғарыда келтірілген материалдармен нәтижелеуге болады. Ою-өрнектің философиялық танымы туралы ой қозғасақ, ою, белгілі бір затты ою (тас, темір, ағаш), кесу (ағаш, сүйек), тілу (былғары, тері), қию (қағаз, мата) тәсілдері арқылы жүзеге асырылып, зергерлік, кілем т.б. қолөнерінде рәмізді бейнелерінде көрініс тапқандығын көреміз.

Қорытынды

Ою-өрнек өнерінің философиялық танымын қортындылай келгенде, қолөнер шеберлерінің қолынан туындаған ою-өрнек атауларын екі топқа бөліп қарастырамыз. Біріншісі, ою-өрнектердің тікелей өзіне, түріне катысты негізгі атаулары. Екіншісі, ою-өрнекті теориялық ілім, философиялық таным. Ою-өрнек атаулары біздің дәуірімізге дейінгі V-III ғасырлардағы сақ дәуіріндегі

мәдени мұраларымыздан бастау алып, күні бүгінге дейін дәстүр жалғастығын тапқан рухани құндылықтарымыз. Демек, ою-өрнектерден қарағанда, бейнелеу өнерінің тарихы ертеден басталған. V-III ғасырлардағы зергерлік алтын бұйымдарда төртбұрыш, үшбұрыш, ромбы, ирек өрнектер қазақ халқының материалдық байлығының мол болғандығын көрсетеді. Зергерлік бұйымдағы аң стилімен жасалған ою-өрнектерден зергерлік өнердің тым ерте дамып, биік шеберлікке жеткендігін көреміз. Қолөнер шеберлері жасаған ою-өрнектің атауын таба білген және тұрмыс-тіршілігінің қажеттілігіне дұрыс қолдана алған. Әрбір тарихи кезеңдердің тізінен өткен ою-өрнектермен шеберлер мешіт, күмбездерді әшекейлеген. Қазақтың алғашқы ою-өрнек өнерінің қалыптасуы мен дамуын таңбалармен байланыстырсақ, оның философиялық танымын, эстетикалық талғамын, терең мағынасын ежелгі тас дәуірінен бастау алған көркемдік өнер екендігін білеміз. Сондықтан ою-өрнек пен таңба екеуінің дамуы мен қалыптасуы бір-біріне өмір сүре алмайтын және қолөнерде егіз қалыптасқан халықтың рухани жан дүниесінің сыры. Ежелгі палеолит (тас), мезолит (мыс, қола), неолит (темір) дәуірлерінде таңба белгілері қолөнерде белгілі бір мақсатта қолданылып, оның көркемдік белгілері күрделеніп, ою-өрнектерге жалғасқан. Халықтың дүниетанымдық пайымдары ою-өрнектің жаңа түрлерінің қалыптасуына игі әсерін тигізіп, қолөнер саласында таңбалар мен ою-өрнектер белгілі бір тәртіппен орналастырылған. Таңбалар мен ою-өрнектердің элементтерін құстың, гүлдің, жануарлардың түрін түспалдап көрсеткен туындылардан көреміз. Ерте замандағы адамдардың

түсінігінде, құс – көктің, балық – судың, ағаш – жердің белгісінде алынған. Көне андронов, сақ, ғұн, үйсін мәдени мұраларындағы бұйымдарда жан-жануарлардың мүйізі, дене мүшесі, тұяғы, құстың тұмсығы, түлкінің басы, бөрінің құлағы немесе иттің құйрығы т.б. және өсімдіктердің түрлері кеңінен белгіленуі таңба мен ою-өрнектердің бірлігінде көрініс тапқан көркем туынды болып табылады.

Жоғарыда айтылған таңба мен ою-өрнек жайындағы ойымызды теориялық тұрғыдан: «ою-өрнектер қалыптасу тарихына байланысты заттарды, архитектуралық құрылыстарды әсемдеу үшін белгілі бір тәртіппен үйлесімділікке құрылған элементтерден тұратын нақыштар» (Совет. энци. слов., 1985:936) - деген анықтамамен түйіндедік.

Қазақтың ою-өрнектерінің даму кезеңдері біріншісі, дүниенің құрылымынан түсінік қалыптастырудан, екіншісі, табиғат құбылыстарын ұғынудан туындаған екі құндылықтан қалыптасқан. Табиғат жаратылысынан туындаған күн мен түнге, жыл мезгілдерінің айналып келуіне, күн, ай, жұлдыздардың қозғалысына байланысты қалыптасқан «ай», «айшық», «күн», «жұлдыз», «жұлдызша», «құс жолы», «аймүйіз» т.б. ою-өрнектерді бүгінде халық шеберлері сәндік бұйымдарға бейне ретінде қолданып келеді. Көне заманнан туындаған таңбалар мен ою-өрнектердің үлгілері қазіргі қазақтың ою-өрнек түрлерін молайтып, геометриялық, оймалау, дәнекерлеу әдістерімен әрі қарай дамытылып, өзінің эстетикалық мағынасымен ұлттық ою-өрнек өнерінде рухани жаңғырып, халық тарихымен, мәдениетімен, мәдени құндылықтарымен бірге жасасып келеді.

Әдебиеттер

1. Каган М.С., Холостова Т.В. 1988. Культура - философия - искусство (Диалог). Москва: Знание. 64 с.
2. Қасиманов С. 1969. Қазақ халқының қол өнері. Алматы: Қазақстан. 248 б.
3. Маргулан А.Х. 1988. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата, 256 с.
4. Нурланова К. 2017. Символика мира в традиционном искусстве казахов. Central Asian Journal of Art Studies, Т. 2, № 3. С. 19-33
5. Нысанбаев Ә., Әбжанов Т. 1992. Адамға қарай бет бұрсақ: Ежелгі грек философиясы туралы ой толғаулары. Алматы: Қазақ университеті. 160 б.
6. Ожегов И.С. 1989. Словарь русского языка. М., изд. Русский язык. 458с.
7. Советский энциклопедический словарь. 1985. Москва: Советская энциклопедия. 1600 с.

References

1. Kagan M.S., Kholostova T.V. 1988. Kultura – filosofii – iskusstvo (Dialog) [Culture – philosophy – art (Dialogue)]. Moscow: Znanie. 64 p. [in Russian]
2. Kasimanov S. 1969. Kazak qalhynyn kol oneri [Handicrafts of the Kazakh people]. Almaty: Kazakhstan. 248 p. [in Kazakh]
3. Margulan A.Kh. 1988. Kazakhskoe narodnoe prikladnoe iskusstvo [Kazakh folk applied art]. T.1. Alma-Ata, 256 p. [in Russian]
4. Nurlanova K. 2017. Simvolika mira v traditsionnom iskusstve kazakhov [Symbols of peace in traditional Kazakh art] Central Asian Journal of Art Studies, Vol. 2, № 3. pp. 19-33. [in Russian]
5. Nysanbaev A., Abzhanov T. 1992. Adamga karai bet bursak: Ezhelgi grek filosofiiasy turaly oi tolgaulary [Turning to People: Reflections on Ancient Greek Philosophy]. Almaty: Kazak universiteti. 160 p. [in Kazakh]
6. Ozhegov I.S. 1989. Slovar russkogo yazyka [Russian language dictionary]. Moscow. Russkij yazyk. 458p. [in Russian]
7. Sovetskii entsiklopedicheskii slovar [Soviet encyclopedic dictionary]. 1985. Moscow: Sovetskaia entsiklopediia. 1600 p. [in Russian]

Кузембаева С.Е.¹

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи
Туркестан, Казахстан
e-mail: Svetlana.Kuzembayeva@ayu.edu.kz

ФИЛОСОФСКОЕ ПОЗНАНИЕ ОРНАМЕНТАЛЬНОГО ИСКУССТВА

Аннотация. В статье на основе новых материалов сформулированы и подробно изложены философские знания о развитии, становлении, расцвете и расширении казахского орнаментального искусства. Период становления орнаментального искусства начался в глубокой древности

и развивался на протяжении многих веков. Оно является основой культурных ценностей и духовного богатства жизни народа и продолжает отражаться в различных модных изделиях и предметах быта в наше время. Орнаменты казахского народа – это неисчерпаемое сокровище, дошедшее из глубины веков и имеющее уникальную историю. Казахский народ учитывал культурные ценности развития ремесел и определял их видами орнаментов. В основе данной статьи выделяются особенности использования орнаментов в повседневной жизни с точки зрения философского познания. Представлены новые сведения о трансформации и дополнении зооморфных, растительных, космогонических, геометрических типов орнаментов в контексте их использования. Они характеризуется тем, что древнейшие и широко распространенные виды орнаментов расширили горизонты казахских ремесел, повысили философское мышление народа и составили многовековое наследие в развитии народных промыслов. Орнаменты являются генеалогией культурного развития казахского народа и основным выражением его духовной ценности и философского мышления. Становление и развитие казахского орнаментального искусства раскрыто на основе философских знаний А. Маргулана, С. Касиманова, И. Ожегова, М.С. Кагана, Т.В. Холостовой, К. Нурлановой, А. Нысанбаева, Т. Абжанова.

Ключевые слова: орнамент, ремесло, культурные ценности, философское знание, духовные ценности, эпоха палеолита, эпоха мезолита, эпоха неолита.

Для цитирования: Кузембаева С.Е. Философское познание орнаментального искусства // Мәдени Мұра. 2024. №1 (104). 118-128 с. (Каз.)
DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.09>

Kuzembaeva S.E.¹

¹Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University
Turkestan, Kazakhstan
e-mail: svetlana.kuzembayeva@ayu.edu.kz

PHILOSOPHICAL KNOWLEDGE OF ORNAMENTAL ART

Abstract. On the basis of new materials, philosophical knowledge about the development, formation, flourishing and expansion of Kazakh ornamental art is formulated and described in detail in the article. The period of formation of ornamental art began in ancient times and developed over many centuries. It is the basis of cultural values and the spiritual wealth of the people's life and continues to be reflected in various fashionable products and household items in our time. The ornaments of the Kazakh people are an ancient treasure with a unique history. The Kazakh people took into account the cultural values of the development of crafts and defined them by types of ornaments. At the heart of

this article, the features of the use of ornaments in everyday life are highlighted from the point of view of philosophical cognition. New information is presented on the transformation and addition of zoomorphic, plant, cosmogonic, geometric types of ornaments in the context of their use. They are characterized by the fact that the most ancient and widespread types of ornaments expanded the horizons of Kazakh crafts, increased the philosophical thinking of the people and formed a centuries-old legacy in the development of folk crafts. Ornaments are the genealogy of the cultural development of the Kazakh people and the main expression of their spiritual value and philosophical thinking. The formation and development of Kazakh ornamental art is revealed on the basis of the philosophical knowledge of A. Margulan, S. Kasimanov, I. Ozhegov, M.S. Kagan, T.V. Kholostova, K. Nurlanova, A. Nysanbaev, T. Abzhanov.

Keywords: ornament, craft, cultural values, philosophical knowledge, spiritual values, Paleolithic era, Mesolithic era, Neolithic era.

For citation: Kuzembayeva S.E. Philosophical knowledge of ornamental art // Madeni mura. 2024. №1 (104). 118-128 p. (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.09>

Автор туралы мәлімет:

Кузембаева С.Е., магистр, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, Түркістан, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Кузембаева С.Е., магистр, старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Кожа Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан.

Information about the author:

Kuzembayeva S.E., master, Senior lecturer at Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

Бақдәулет Ж.Ж.¹ *Кузембаева С.Е.¹

¹Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті
Түркістан, Қазақстан

*e-mail: svetlana.kuzembayeva@ayu.edu.kz

КІЛЕМДЕГІ ОЮ-ӨРНЕКТЕРДІҢ ФИЛОСОФИЯЛЫҚ БЕЛГІЛЕРІ МЕН ИДЕЯЛЫҚ МӘНІ

Аңдатпа. Мақалада халықтың өмірі мен тұрмыс-тіршілігінде тұрақты орын алған, бүгінгі күнге дейін философиялық белгілері мен идеялық мәнін жоймаған, бағалы үй бұйымдарының бірі – кілем түрлері мен атаулары туралы тереңнен баяндалады. Ел тұрмысында мәдени мұра болып табылған қалы кілем, жібек кілем, масаты кілем, мақта кілем, құлпырма кілем, тақыр кілем, түкті кілем түрлері қазақ халқының кілем тоқу өнерімен ертеден айналысқанын дәйектеп береді. Кілем қазақтың топырағында бұдан мың жылдар бұрын, өнер шеберлерінің ой қазынасынан туындап, шеберлердің қолдарымен жасалып, оюлардың түрлері мен атаулары кілемдерде толық қолданғаны айтылады. Қазақ кілемдегі ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәні ою-өрнек өнерінің қалыптасып, дамуы туралы Ә.Марғұлан, М.Ш.Өмірбекова, К.Ибраева, Ә.Тәжімұратов, Ө.Жәнібеков, Ш.Әбдуалиева ғалымдардың тұжырымды ой-пікірлерімен сараланады.

Мақалада қазақ кілемдегі ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәні сараланып, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде кілемді қолданудың ерекшеліктері сипатталады. Кілемнің философиялық танымында жаңа буындармен өрнектелген ою-өрнек түрлерінің өрістеп жетілгені қарастырылады. Қазақ ою-өрнектері қолданылу аясында кең мағынаға ие болып, ою-өрнектердің зооморфтық, өсімдіктік, космогониялық, геометриялық түрлерінің қайта түрленіп, толығыуы туралы тың мәліметтер берілген. Кілемше теріліп тоқылатын жіптердің бояу түстері анықталып, «қошқар мүйіз», «сыңар мүйіз», «иттабан», «көбелек» ою-өрнек түрлері кілем өрнектерінің жеке мүшелерін суреттейтін өрнек түрлері баяндалады. Кілем өрнегінде орын алатын қызыл түске қара, көк, сары және ақ түсті ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәніне зерттеу жүргізілген.

Кілт сөздер: қолөнер, кілем, жібек кілем, масаты кілем, құлпырма кілем, түкті кілем, өрмек, қосмүйіз, сыңармүйіз, қошқармүйіз, ою.

Дәйексөз үшін: Бақдәулет Ж.Ж., Кузембаева С.Е. Кілемдегі ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәні // Мәдени мұра. 2024. №1 (104). 129-138 б.(қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.10>

Кіріспе

Кілем - әсемдікпен үйдің жылылығын сақтау үшін пайдаланылатын түрлі-түсті ою-өрнектермен тоқылған бұйым. Көне заманнан осы уақытқа дейін тұрмыс дәстүрімен тығыз қайнасып, өмір сүріп келе жатқан өнеріміз – кілем өнерінде халықтың материалдық және рухани өмірі көрініс тапқан. Кілем түрлері халық тұрмысында материалдық мұра болып қана қоймай, ертедегі халықтың тарихынан, таным-түсінігінен, эстетикалық талғамынан хабар берері сөзсіз. Қазақтың ұлттық кілеміндегі ою-өрнектің негізі болған «мүйіз» оюымен кілемдердің түрлері нақышталып, тұрмыс-тіршілігінде кеңінен қолданылған. Қошқар мүйіз ою-өрнегімен өнер шеберлері кілемдердің барлық түрін өрнектеп, өз ырғақ мәнерімен безендірген. Оюдың құрамы, сырт пішіні, ырғақты толқыны, сызықтарын кілемдерге түсіріп, кілем түрлеріне арналған үлгілі ою-өрнектерді орналастырған.

Ғалым-зерттеуші Ө.Жәнібеков ежелгі ою-өрнектердің зооморфтық, өсімдік, космогониялық, геометриялық атаулары мен үлгілерін қазақтың ою-өрнектерінің ішінде ең көп тараған, ең көп қолданылған түрі деп бағалаған. Кілемдегі олардың образдарын шеберлер асқан ойлылықпен орналастырып, ою-өрнекке айналдырған. Кілемдегі оюдың негізін «қошқар мүйіз» өрнегі құрап, ал негізгі құрамын мүйіз, сыңар мүйіз, арқар мүйіз, сынық мүйіз, тармақ мүйіз, бұғы мүйіз, ешкі мүйіз, қисық мүйіз түрлері құраған.

Кілемдерде мүйіз элементтері «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «қошқармүйіз» өрнегімен қазақ кілеміндегі ою-өрнектердің философиялық белгілері мен

идеялық мәні жан-жануардың бейнесі айшықталып, мүйіз оюының симметриялық тепе-теңдігімен өрнектелген.

Ою-өрнектердің қазақ қолөнерінде белгілі заңдылықпен қолданылуына байланысты ғұлама ғалым Ә.Марғұлан: «Қазақтар ою-өрнектер әлемінде өмір сүреді» - деген ой-тұжырымымен қазақ халқының өнегелі өмірінде үлкен мәнге ие болғанын айтады» (Марғұлан, 1988: 83).

Өсімдік тектес оюлар қазақтың кілеміндегі ұлттық өнерімізге өте ертеден қалыптасып, кеңінен тараған және кілем түрлерінің қалыптасу, даму заңдылығыда кілем бұйымдарында көркемділікпен өрнектелген.

Материалдар мен зерттеу әдістері

Қазақтың үй бұйымдарының бірі – кілем түрлері мен атауларына байланысты материалдарды жинақтап, зерттеу әдістерінде кілемдегі өсімдік тектес ою-өрнектердің негізін гүл, жапырақ, сабақ сияқты буындар құрайтындығы анықталды. Гүл мен жапырақ тәрізді оюлар әртүрлі кілемдегі өрнектермен ұйқас тауып, дәстүрлі үйлесіммен кілемдердің философиялық белгілері мен идеялық мәнін тереңдете түскен. Кілемдегі өсімдік тектес ою-өрнек өзінің даму барысында әртүрлі жолдардан өтіп, кілем түрлеріне көркемдік қасиет беріп, мазмұнын арттырды. Мәселен, өсімдік оюларымен бұқар кілем, жол кілем, жолаң кілем, жібек кілем, масаты кілем, мақта кілем, қалы кілем, құлпырма кілем, тақыр кілем, түкті кілем безендірілген.

Қазақтың ұлттық кілеміндегі өрмек сән мен сұлулыққа байланысты өрнектелетін болған. Кілемнің өрмегін «аспалы өрмек» немесе «кілем өрмегі»

деп атаған. Кілемге пайдаланылатын түйе жүні аралас мақта, жібек заттарын қолдана отырып, кілем арқауын әрі мықты, әрі жуандау етіп иіріп жасаған. Міне осыдан қазақ кілемдеріндегі ою-өрнектердің қалыптасу, даму кезеңдерін өмір қажеттілігінен туындағанын көреміз. Кілем тоқушы шеберлер ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәніне, мазмұндық және мағыналық ерекшеліктеріне байланысты бояу түсін, сызықтық ырғағын, олардың үндестігін белгілі бір тәртіпке сай қолөнер түрімен орналастырған. Кілемді жерге төсеумен бірге туырлық пен үзіктің орнына да жапқан, әрі сән үшін, әрі жылылық үшін керегенің ішінен де тұтқан. Қазақ халқы кілемді алтын, күміс бұйымдармен бірге байлықтың, баршылықтың белгісі деп санаған. Кілем қыз жасауының елеулі құрамы болып табылған. Сыйлы қонақтарға арнап кілем төсеу, кілем төсеп қарсы алу, көшіп-қонғанда салтанаттыққа түйеге кілем жабу сияқты дәстүрлермен бірге оны құн төлеуге, сый-сияпат жасауға да пайдаланған. Қазақ арасына кілем тоқудың кең тарағанын және әр жерде әртүрлі мәнермен тоқылатынын төмендегі атаулардан байқауға болады. Мысалы, масаты кілем, тақыр кілем, арабы кілем, алаша кілем, тұс кілем, хан кілемі, шешенгүл кілем, шатыргүл кілем, самауыргүл кілем түрлері қазақ халқының рухани және материалдық құндылықтары болып табылған. Өрмек қазақтың қолөнеріндегі кілем, алаша, кілемше тәрізді бұйымдарды тоқу ісінде қолданылатын өте қарапайым әдіс. Өрмек барлық жағдайда қолдануға болатын, қажетті де, керек жабдықтары оңай табылатын өнер түрі. Біріншісі – аспалы немесе термелі кілем. Мұндай өрмекке кілем тәрізді тұтас, енді заттар

тоқылған. Екіншісі – жай өрмек. Ол шекпен, алаша, қап, қоржын, белбеу, термебау, басқұрсияқтыенсіз нәрселерді тоқуға арналған. Өрмекке жеңіл әрі жиі қолданылатын өрнектің екі түрі: «су» өрнегі және «тіс» өрнегі. Кілемшілер «су» өрнегі өрмектің белгілі бір шетінен ерсі жіппен қарсы жіптің өнбойын бір түсті етіп жүгірту арқылы тоқылса, «тіс» өрнегін осы екі жіптің екеуін екі түсті түрмен жүгіртіп, астыңғы жібін қара, үстіңгі жібін ақ түспен тоқыған. Өрмекке мүйіз, өсімдік, геометриялық кескіндер тәрізді күрделі өрнектерді термелеп тоқыған. Термелеп тоқу тәсілі қазақ шеберлерінің кілем өнерінің ең бір көп тараған және көркем дүниелерді тоқуға ең қолайлы түрі болып табылады.

Тақырыптың зерттелу дәрежесі

Қазақтың кілемін зерттеу барысында ою-өрнектердің жүннен жасалып, кілемше болып теріліп, тоқылатын бұйымдардың жіптері ашық та арайлы көп түсті жүннен боялып жасалатындығын, кілем өрнегінде, қызыл түске қара, көк, сары және ақ түсті өрнектерді көбірек жүргізу дәстүрі анықталды.

Қазақтың кілемдері сан алуан түр мен түске толы. Қазақтың қолөнерін зерттеуші М.Ш.Өмірбекова «Қазақтың ою-өрнектері» деген еңбегінде кілем жіптерінің бояуы жөнінде: «Бояудың өзінде нышандық мән болғандықтан, қиылған ою-өрнек түрлі-түске боялғанда, белгілі философиялық ойды білдіреді. Ою-өрнектегі бояу түсінің сан құбылмалылығы бірден көз тартады. Бояулар бір-бірімен үйлескенде терең мағынаны меңзейді» - деп ой түйген (Өмірбекова, 1995:81).

Кілемнің жасалу технологиясына байланысты қалыптасқан кілем, киіз, төсек-орын жабдықтарына, тігіс

түрлеріне, ыдыс-аяққа байланысты атаулар өте көп. Мысалы: тықыр кілем, түкті кілем, терме кілем, бөртпе кілем, түксіз кілем, оюлы текемет, алма құрақтың қатарларын қолмен орналастырып, гүл құрақтың көздігі мен жиегіне түрлі түсті барқыт орнатқан.

Тақырыпты зерттеу барысында кілемнің алғашқы түрі Алтай тауы маңындағы қола дәуіріндегі Пазырық қорғанынан табылғандығы дәлелденіп, кілемнің сан алуан көріністерімен қоғам өмірі мен адам қызметінің ауқымдылығы, шексіздігі көрсетілген. Кілемнің жасалуына байланысты атаулар заттың қандай материалдан, қандай тәсілмен жасалғанын, оның сапалық белгісін білдіре отырып, эстетикалық сипатымен айқындалған.

Қазақ халқының кілеміндегі бояу үндестігі, бояу шешімі ою-өрнек өнерінде идеялық және эмоциялық мәні бар негізгі арқау болып саналған. Кілем түрлеріндегі бояулардың тарихы ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәнін тереңдете түскен. Қазақ халқының кілем өнеріндегі кілем жіптері қойдың, түйенің жүнінен, шудасынан иірген жіптен тоқылған. Кілем тоқылу ерекшелігіне қарай (түкті, тықыр), материалына байланысты (жүн, жібек, мақта) көлеміне орай (қос күмбезді, бес күмбезді), ою-өрнектері түрліше аталып, бірнеше топқа бөлінген.

Ғалым-зерттеуші Ә.Тәжімұратов еңбегінде кілем тоқу, ши тоқу өнер түрлері өзінің эстетикалық талғамдарымен қолөнерімізде ерекше орынға ие болғандығын тереңнен талдап өткен. Солардың ішінде түкті кілем бірнеше қабаттан тұрса, оның негізгі арқауы жекелеген жіптерден және бір-біріне тығыз араласқан түйіндерден құралатынын айтады.

Өнертану саласындағы зерттеулерде

Қ.Ибраева: «қазақ халқының ою-өрнек өнері жан-жақты толысқан, кемеліне жетіп, ел арасына кең таралған өнегелі өнер болып табылады. Қазақ ұлттық ою-өрнектерінің шығу тегі, дамуы, ою-өрнек жүйесінің қалыптасуы, мазмұны тереңнен сыр шертеді» - деп пікір білдірген (Ибраева, 1994: 125).

Талдау

Кілемнің философиялық белгілері мен идеялық мәні ел тұрмысында маңызды орын алып, кілем тоқу ерекшелігіне байланысты түкті, тықыр, жібек, масаты, қалыкілемдер деп аталған. Қазақ кілемдерінде қызыл, сары, ақ, қара, аспан көк түстерді басым қолданған. Кілем үлгілерінің ою-өрнектері (қошқар мүйіз, т.б.) негізгі өрнектерден құралған. Қазақ кілемі түрлерінде негізгі гүлдері «күмбезді», жиектеріндегі текшелі өрнектері «қорған» деп аталып, оны қуалай күлгін түсті «су» өрнегі жүргізілген. Геометриялық өрнектер өте басым орын алып, ішінара «аймүйіз», «қосмүйіз», «сыңармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «қошқармүйіз» өрнектері өрнектелген. Түксіз қазақ кілемі жалпақ өрнекті белдеулерді шебер алмастырып отыру арқылы безендірілген. Кілем өрнегінде қызыл түске қара, көк, сары және ақ түсті өрнектер көбірек жүргізілген немесе негізгі түске жақын түспен өң берілген. Мысалы, қызыл, алқызыл, қызылкүрең түстер кілемдердің философиялық белгілері мен идеялық мәнін айшықтай түседі. Қазақ кілемі өрнектерінің ішінде зооморфтық оюлар: «сыңар мүйіз», «иттабан», «көбелек» көп кездеседі. Мұнымен бірге геометриялық өрнектер кілем тоқудың дәстүрлі жолымен өз шеберлігін өнерге айналдырған халық шеберлері кілем үлгілерінде ұлттық ою-өрнектерді

заман тынысымен, өмір шындығымен бейнелеп, жаңа түр қосып отырған. Халық шеберлері кілем түрлеріндегі ою-өрнектің философиялық мәнін, қолдану сырын, шығу тарихын жақсы игерген. Кілем түрлеріне эстетикалық талғаммен «қошқармүйіз», «сынықмүйіз», «қырықмүйіз», «сыңармүйіз», «аймүйіз», «қосмүйіз» түрлерін қосып, зооморфтық, өсімдік тектес, геометриялық және басқа мотивтегі ою-өрнектермен үндестіре үйлестірген. Кілем тоқу қазақ халқының қолөнерінде ерте заманнан қалыптасқан өнер болғандықтан, өнегелі өмірін, тұрмыс-тіршілігін, тылсым табиғат сырын, дүниетанымдық пайымдарын кілем өнерімен көрсете білген.

Алынған нәтижелер

Кілем өрнегіндегі бояу түрлері философиялық белгілері мен идеялық мәніне байланысты халықтың тұрмыс-тіршілігінде қолданылуына қарай кілем түрлерімен көптеген жаңа атауларға ие болған. Қазақтың кілем өнері – әсемдік пен талғампаздықтың туындысы ретінде рухани және материалдық құндылығы болып табылған.

Өнер саласын зерттеуші Ә.Тәжімұратов: «Кілемді әсемдік туындысы ретінде кілем бетінде бейнеленетін әрбір ою-өрнек нақыштарында философиялық ой жатқанын көреміз, яғни, өзінің терең тарихи мағлұматтарды паш ететін ерекшеліктері бар. Олар бұдан сан жылдар бойы өмір сүріп келе жатқан ата-бабаларымыздың салт-дәстүрін, әдет-ғұрпын, сан ғасырлар мәдениетін, тұрмыс-тіршілігін бейнелейді» - деп баға берген (Тәжімұратов, 1977: 31-32).

Бүгінде кілем өнерімен қазақтың эстетикалық дүниетанымын танытуда халық шеберлері кілем түрлерінің

тұрақты сипатын, айрықша белгісін, әсемдік әлемін, көркемдік ерекшелігін кең танытып, қазақ қолөнерін көкке көтерді.

Шаңырақ үй-тұрмыс энциклопедиясында: «Кілем әсемдік үшін, сондай-ақ үйдің жылылығын сақтау, дыбысты бәсеңдету үшін пайдаланатын түрлі-түсті ою-өрнек салып тоқылған бұйым. Кілем түкті немесе тақыр болып келеді. Қолдан тоқылған түкті кілемдер өте берік келеді. Күтіп ұстаған жағдайда ондаған жылдар бойы пайдалануға болады. Қолдан тоқылған түкті кілемді тоқуға жүн (қой, ешкі, түйе жүні), мақта-мата, жібек, зығыр, кендір жіптері пайдаланады» - деп қазақ кілемдерінің философиялық белгілері мен идеялық мәніне жоғары баға берілген (Нұрғалиев, 1997: 49-50).

Шын мәнінде, қазақ кілемнің қай түрі болмасын өзінің көркемділігімен, сұлулық сипатымен, эстетикалық талғамымен салт-дәстүрімізді, наным-сенімімізді жаңғыртып, ою-өрнек өнерінің философиялық мазмұнын тереңнен танытты. Сондықтан да кілемдегі ою-өрнек түрлері қазақ халқының философиялық ойтанымынан сыр шертері анық. Халық шеберлерінің қолынан шыққан кілем түрлерінен халықтың саналы өмірін, дүниетанымдық көзқарасын көреміз.

Өнер саласын зерттеуші ғалым Ә.Жәнібеков: «Бұл тектен тек емес, халық дүниенің иесі - тек Алла деп білген. Бар жақсылық, игі тілектерді көк иесі - Алладан тілеген. Сол себептен көк түсті өрнекті «Аспан әлемі» немесе «Ғарыштық» өрнектер тобына жатқызамыз. Ою-өрнектерден халқымыздың тұрмыс-салт, әдет-ғұрып және тәрбиелік өнегесінің маңызы өте үлкен өмір мектебін көреміз» - деп баға берген (Жәнібеков, 1982: 10-12).

Қазақ халқының негізгі кәсібі төрт-түлік болғандықтан, төрт-түлікке байланысты ою-өрнектердің орналасуы заңдылық. Қазақ кілемдерінің ою-өрнектерінен халықтың өмір бейнесін, дәстүрлі мәдениетін, тұрмыс-тіршілік жағдайын, ақыл-парасаттық ой-пайымдарын, сұлу да әсем табиғатқа деген сүйіспеншілігін көреміз.

Кілемдегі ұлттық ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәнін өнер саласын зерттеуші Ш.Әбдуалиева: «...әдептілік, адамгершік, мейірімділік, тәлім-тәрбие ұғымдарын, кілем бетіне түсірілген ою-өрнек нақыштарының мағыналық ерекшеліктерімен жеткізіп отырған. Сондықтан қазақтың кілем тоқу өнерін көңіл-күй мен сезім тереңдігін арттыратын, ұлттық мәдениетімізді дамытатын, эстетикалық дүниетанымдық тәлім-тәрбиенің даңғыл жолын ашуға табиғи-рухани жағдай жасайтын мәдени мұрамыз ретінде қарастырамыз» - деп ой түйеді «Халық қолөнері» атты зерттеу еңбегінде (Әбдуалиева, 1992: 25-26).

Ұлттық ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәні кілемдегі суреттермен бейнеленгенімен, нақышты өрнектермен өмір шындығы айқын аңғарылады. Қазақтағы кілем бетіндегі сан қилы сәнді өрнектерден көшпелі қазақ халқының өмір шежіресін көреміз. Халықтың қолөнер кәсібіне игі әсерін тигізген мал, егін-шаруашылығы мен әлеуметтік-экономикалық жағдайлары кілем өрнектерінде бейнеленген. Кілемдер қазақ топырағында мұнан мың жылдар бұрын, қарапайым халық өнерпаздарының ой қазынасынан дүниеге келген. Кілемнің алғашқы түрлері біз жоғарыда айтып өткендей Алтай тауы маңындағы қола дәуіріне

жататын. Пазырық қорғанынан табылған. Философ, этнограф, тарихы ғалымдардың зерттеуінде қазақ кілемдерінің шығу тегі байырғы сақ, ғұн, қыпшақ өнерінің мұраларынан бастау алады. Кілем бетіндегі ою-өрнектерден сол уақыттағы халықтардың әдет-ғұрып, салт-жора, тіршілік, кәсіп, табиғат көріністерінің түрлі-түсті бояулармен астастыра бейнелегенін көреміз. Халықтың кілем өнерінде «бітпес» оюы мәңгіліктің символы ретінде алынған. Кілем бетіне өрнектелген «бітпес» оюы өмірдің тоқтаусыз даму үстінде болатынын, дүниедегі барлық тіршілік атауы философия ғылымы қарастыратын диалектикалық қозғалыста, үздіксіз дамуын өрнектейді. Кілем ою-өрнектері болып табылатын «тұмар ою» – киелі оюлардың бірі. Сондықтан бұл ою қазақ халқының дүниетанымдық түсінігімен сабақтасып жатқанын білдіреді. Кілем өнерінде «тұмар» ою қолдану аясына байланысты бұл оюдың философиялық мәні «жер ана желеп жебесің», «туған жерге аман-есен оралсын» деген сеніммен өрнектеген. Ою-өрнектердің ең қарапайым үлгісі болып табылатын «тұмар ою» негізінен кілем шетіне салынады. Өнер шеберлері бұл оюды «тұмарша», «шаршы», «қос тұмар» деп атаған. Қазақ халқының көзі болған «тұмар ою» шеберлердің философиялық ойларынан туындап, қоршаған ортаны кейіптеуші ретінде оның кілем түрлерінде өрнектеген. Кілем түрлерінде өрнектелген ою-өрнектердің киелісі «қошқар мүйіз» өрнегі түкті кілем, терме кілем, бөртпе кілем, тақыр кілем, түксіз кілемдерде өрнектелген. Кілем бетіндегі бұл ою-өрнек төртбұрышты бейнеде салынып, қазақ халқының ең көне ою-өрнектерінің бірі болып саналған. Төрт түлікті пір тұтқан қазақ елі байырғы ұғымында «қошқар

мүйіз» оюының негізінде «сыңар мүйіз», «қос мүйіз» сияқты ою-өрнектерін кілемдерінде сәндік, салтанат белгілері ретінде бастапқы мағына ұғымын сақтап қалған. Қазақ халқы тұрмыс-тіршілігінде қонақ қабылдайтын салтанатты киіз үйге арнайы қалы кілем тоқып, қошқар мүйіз бен мүйіз табан өрнектерімен өрнектеген. Қазақ халқындағы кілем ою-өрнектерінің құрылымдық жүйесі ертедегі Қазақстан жерінде өмір сүрген VII-V ғасырлардағы сақ тайпаларынан бастап, бүгінгі қазақ кілем өнерінің барлық түріне бірдей негіз болып келеді.

Қорытынды

Ою-өрнек өнерінің философиялық танымын қортындылай келгенде, халық шеберлерінің қолынан шыққан ою-өрнектердің композициясы өсімдік тектес оюлармен кілем беттерінде нақышталған. Кілемдегі әрбір ою-өрнектің философиялық мәнін шеберлер тереңнен талғап алып, ою түрлеріне үш жапырақты, үш гүлді, қызғалдық, жауқазын т.б. өсімдік элементтерін тыңнан қосып, әшекейлеу композициясын жасаған. Өсімдік тектес ою-өрнектің философиялық мәні, орналасу жүйесі, мотиві, пішіні мен үйлесімді бірігуі өмір деген мағына білдірген. Кілем бетіне түскен өсімдік тектес ою-өрнек композициясы космогониялық өрнектермен бірігіп (симметрия, пропорция, ырғақ) мотивтермен толықтырылып отырған.

Кілем өнеріндегі уақыт пен кеңістік халық дүниетанымында тұзу сызық бойындағы өлшемге бағынған. Күн мен түннің ауысып келуі, жыл мезгілінің қайталанып отыруы кілемдегі ою-өрнектің ырғағына байланысты өрнектелетін болған. Мәңгілік қозғалыс пен уақыт ырғағы кілем ою-өрнегінің құрылымдық жүйесін, мазмұнын толықтыра түскен. Кілем өрнектерінің композициясында бояу түстерінің қарама-қарсылық элементтері оюдың әсемдігін ашып, түс пен өң беруге байланысты үйлесімділікпен тепе-теңдік заңдылығына бағындырылған. Кілемдегі ою элементтерінің жиегіндегі ырғақтың үйлесіммен жүргізілуі кілемнің көркемдік пішінін байыта түсетін болған. Кілем өнерінде оюдың жиі кездесетін түрі – «қошқар мүйіз» оюы өз ішінде бірнеше рет түрленіп, жаңаша сипатқа ие болған пішінімен өрнектелген. Қазақ халқы құстардың бейнелерінің эстетикалық сипатын терең ұғынып, әрқайсының қасиеттері бар деп түсінген. Халық шеберлері аққу үйдің аясын қорғаушы, бақыт әкелетін қасиетті құс деген ұғыммен кілемнің көптеген түрлерінде қолданған. Ою-өрнектердің философиялық белгілері мен идеялық мәнін танымдық тұрғыдан сараласақ, ою-өрнектердің аттары жаман нәрселерден сақтайтындығы халықтың наным-сенім түсінігімен сабақтасып жатқандығынан көреміз

Әдебиеттер

1. Әбдуалиева Ш. 1992. Халық қолөнері. Алматы: Рауан. 120 б.
2. Жанибеков У.Д. 1982. Культура казахского ремесла. Алматы: Өнер. 142 б.
3. Ибраева К. 1994. Казахский орнамент. Алматы: Қорағаты. 125 с.
4. Маргулан А.Х. 1988. Казахское народное прикладное искусство. Т.1. Алма-Ата: Өнер. 256 с.
5. Нұрғалиев Р. 1997. Шаңырақ үй-тұрмыс энциклопедиясы. Алматы: Қазақстан.

567 б.

6. Өмірбекова М.Ш. 1995. Ою-өрнектің қолданылуы. Алматы: Санат. 81 б.
7. Тәжімұратов Ә. 1977. Шебердің қолы ортақ. Алматы: Қазақстан. 95 б.

References

1. Abdualieva Sh. 1992. Halyk koloneri [Folk handicrafts]. Almaty: Rauan. 120 p. [in Kazakh]
2. Zhanibekov U.D. 1982. Kultura kazakhskogo remesla [Kazakh craft culture]. Almaty: Oner. 142 p. [in Russian]
3. Ibraeva K. 1994. Kazakhskii ornament [Kazakh ornament]. Almaty: Koragaty. 125 p. [in Russian]
4. Margulan A. Kh. 1988. Kazakhskoe narodnoe prikladnoe iskusstvo [Kazakh folk applied art]. Vol.1. Alma-Ata: Oner. 256 p. [in Russian]
5. Nurgaliev R. 1997. Shanyrak ui-turmys entsiklapediiasy [Shanyrak household encyclopedia]. Almaty: Qazaqstan. 567 p. [in Kazakh]
6. Omirbekova M.Sh. 1995. Oyu-ornektin koldanylyuy [Use of ornaments]. Almaty: Sanat. 81 p. [in Kazakh]
7. Tazhimuratov A. 1977. Sheberdin koly ortak [The hand of the master is common]. Almaty: Kazakhstan. 95 p. [in Kazakh]

Бақдәулет Ж.Ж.¹ *Кузембаева С.Е.¹

¹Международный казахско-турецкий университет имени Ходжа Ахмеда Ясауи,
Туркестан, Казахстан

*e-mail: svetlana.kuzembayeva@ayu.edu.kz

ФИЛОСОФСКИЕ ЗНАКИ И ИДЕЙНОЕ ЗНАЧЕНИЕ КОВРОВЫХ УЗОРОВ

Аннотация. В статье подробно описаны виды и названия ковров, как одного из ценных предметов быта, занимающего постоянное место в образе жизни людей и не потерявшего своих философских особенностей и мировоззренческого значения. Рассмотрены и описаны такие виды ковров, как ворсовые ковры «калы», шелковые ковры, ворсовые ковры «масаты», хлопковые ковры, ковры «кулпырма», безворсовые ковры, ворсовые ковры, которые являются культурным наследием страны и свидетельствуют о зарождении ковроткачества у казахского народа в древние времена. Имеются свидетельства об изготовлении первых ковров на казахской земле несколько тысяч лет назад из фантазии мастеров и многогранном использовании видов и названий узоров. Философские знаки и идейное значение орнаментов на казахском ковре представлены в исследованиях А. Маргулана, М. Ш. Омирбековой, К. Ибраевой, А. Тажимуратова, О. Жанибекова, Ш. Абдуалиевой.

В статье выделяются философские знаки и идейное значение

орнаментов на казахском ковре, а также описываются особенности использования ковра в повседневной жизни казахского народа. Философское осмысление ковра предполагает развитие видов орнамента нового поколения. Казахские орнаменты имеют широкое значение в контексте их использования, в данной работе приводятся новые сведения о трансформации и пополнении зооморфных, растительных, космогонических, геометрических типов орнаментов. Определены цвета красителей нитей, используемых для плетения ковра, и описаны виды узоров такие, как «бараний рог», «одиночный рог», «иттабан», «бабочка». Проведено исследование философских знаков и идейного значения красного, черного, синего, желтого и белого мотивов в узорах ковров.

Ключевые слова: ремесло, ковер, шелковый ковер, ковер «масаты», ковер «кулпырма», ворсовый ковер, паутина, парные рога, одиночный рог, бараний рог, орнамент.

Для цитирования: Бақдаулет Ж.Ж., Кузембаева С.Е. Философские знаки и идейное значение ковровых узоров // Мадени Мұра. 2024. №1 (104). 129-138 с.(Каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.10>

Bakdaulet Zh.Zh.¹*Kuzembayeva S.E.¹

¹Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University
Turkestan, Kazakhstan

*e-mail: svetlana.kuzembayeva@ayu.edu.kz

PHILOSOPHICAL SIGNS AND THE IDEOLOGIC MEANING OF CARPET ORNAMENTS

Abstract. The article describes in detail the types and names of carpets as one of the valuable household items that occupies a permanent place in people's lifestyle and has not lost its philosophical features and ideological significance. Such types of carpets as pile carpets “kala”, silk carpets, pile carpets “masaty”, cotton carpets, carpets “kulpyrma”, lint-free carpets, pile carpets are considered and described. These carpets are the cultural heritage of the country and testify to the origin of carpet weaving among the Kazakh people in ancient times. There is evidence of the manufacture of the first carpets on the Kazakh land several thousand years ago from the imagination of craftsmen and the multifaceted use of types and names of patterns. Philosophical signs and the ideologic meaning of ornaments on the Kazakh carpet are presented in the studies of A. Margulan, M. Sh. Omirbekova, K. Ibraeva, A. Tazhimuratov, O. Zhanibekov, Sh. Abdualieva.

The article highlights the philosophical signs and the ideological significance of ornaments on the Kazakh carpet, as well as describes the features of using the carpet in the daily life of the Kazakh people. The philosophical understanding of the carpet presupposes the development of types of ornament of a new generation. Kazakh ornaments have wide significance in the context of their use, this work provides new information about the transformation and replenishment

of zoomorphic, plant, cosmogonic, geometric types of ornaments. The colors of the dyes of the threads used for weaving the carpet are determined, and the types of patterns such as “ram's horn”, “single horn”, “ittaban”, “butterfly” are described. A study of philosophical signs and the ideological meaning of red, black, blue, yellow and white motifs in carpet patterns has been conducted.

Keywords: craft, carpet, silk carpet, carpet “masaty”, carpet “kulpyrma”, pile carpet, cobweb, paired horns, single horn, ram's horn, ornament.

For citation: Bakdaulet Zh.Zh., Kuzembayeva S.E. Philosophical signs and the ideologic meaning of carpet ornaments // Madeni mura. 2024. №1 (104). 129-138 p. (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.10>

Авторлар туралы мәлімет:

Бақдаулет Ж. Ж. Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан, Қазақстан.

Кузембаева С.Е. магистр, Қожа Ахмет Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің аға оқытушысы, Түркістан, Қазақстан.

Сведения об авторах:

Бақдаулет Ж. Ж. Международный казахско-турецкий университет имени Ходжи Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан.

Кузембаева С.Е., магистр, старший преподаватель Международного казахско-турецкого университета имени Кожа Ахмета Ясави, Туркестан, Казахстан.

Information about the authors:

Bakdaulet Zh. Zh. Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

Kuzembayeva S.E., master, Senior lecturer at Khoja Ahmet Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan.

Қазақстан музейлері / Museums of Kazakhstan / Музеи Казахстана

<https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.11>

Алманқұлова Ж.А.¹

¹Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі

Тараз, Қазақстан

e-mail: osken_91_92@mail.ru

ОТАНДЫҚ ТАРИХЫМЫЗДЫҢ ҚҰНДЫ ЖӘДІГЕРЛЕРІ САҚТАЛҒАН – ЖАМБЫЛ ОБЛЫСТЫҚ ТАРИХИ-ӨЛКЕТАНУ МУЗЕЙІ

Аңдатпа. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі Қазақстандағы көне, әрі бірегей музейлердің қатарына жатқызылады. 1931 жылы ашылған музей 1970 жылдары Бүкілодақтық туристік маршрутқа қосылып, 1977 жылдан бастап шетелдік туристтер қабылдай бастайды. Аталмыш кезеңде музейдің экспозициялық ауданы небәрі 328,5 шаршы метрді құраған. Музей ашылған алғашқы жылдарда құнды жәдігерлер болып археологиялық олжалар есептелген. Қазіргі таңда «Көне Тараз» этно-мәдени, тарихи кешені жалпы аумағы 4000 аса шаршы км құрайды, 2 қабаттан тұратын 4 экспозициялық зал халыққа қызмет көрсетуде. Музей қорында 50-ге жуық тас мүсіндер сақтаулы. Музей қоры: археологиялық, нумизматикалық, заттық, кітап, құжаттық, этнографиялық, графика, мүсіндер, фотосуреттер атты 9 топтамаға топтастырылған. Барлық бөлімдерді қоса есептегенде 75 мыңнан аса жәдігер сақтаулы. Сонымен қатар, музейдің 6 қалалық және 4 аудандық бөлімдері де жұмыс жасайды. Мақалада музейдің қалыптасуы, бірегей жәдігерлер тарихы, қалалық және аудандық бөлімдері туралы мәліметтер ұсынылған.

Осы негізде жазылған бұл мақаланың басты мақсаты – музей тарихын, бағалы, әрі бірегей қорының құндылығын, қызметін, халқымыздың көне тарихындағы рөлі мен маңыздылығын насихаттау болып табылады. Музей жұмысының басты көрсеткіші-экспозициялары мен қорлары. Мақалада экспозициялық залдарға жеке-жеке тоқталып, кең көлемде ақпарат берілген. Музейдің қалалық бөлімдері: Көркемсурет галереясы, Д.А. Қонаев орталығы, Асанәлі Әшімов шығармашылық орталығы, Даңқ залы, Бауыржантану ғылыми-зерттеу орталығы, К.И. Скрябин музей-үйі туралы қысқаша ақпарат ұсынылған. Экспозициялық залдарға жекеше тоқталып, залда қойылған экспонаттардың тарихы туралы кеңінен баяндалады.

Дәйексөз үшін: Алманқұлова Ж.А. Отандық тарихымыздың құнды жәдігерлері сақталған – Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі // Мәдени мұра. 2024. №1 (104). 139-150 б.(қаз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.11>

1931 жылы 25 тамызда Әулиеата өлкетану музейін ашу туралы шешім қабылданды. Жамбыл облысының мемлекеттік мұрағатында бұл жөнінде сақталған құжаттар осыны айғақтайды. Әулиеата өлкетану музейі кеңесінің бірінші отырысында алғашқы директор (ол кезде музей меңгерушісі) П.Р. Косивцев музейдің алғашқы экспонаттары мен қойылған жәдігерлер туралы мәліметтер келтірген. Сонымен бірге учлеспромхоз, Ленин атындағы, Октябрь революциясының жеті жылдығы атындағы мектептер, аңшылар серіктестігі ұжымдастарына, медицина қызметкерлерінің одағына музейге өздеріндегі жәдігерлерді тапсырғаны үшін алғыс айта келіп, алдағы уақыттада бірлесе жұмыс істейтіндігі жөнінде мәлімдеген. Осы отырысқа қатысушылар бір ауыздан Әулиеата өлкетану музейі 1931 жылдың 25 тамызында ашылғаны жөнінде Әулиеата радио желісінен хабарлау туралы шешім қабылдаған. Сонымен бірге, осы шешімде музей күн сайын кешкі сағат бестен сегізге дейін жұмыс істейтіндігі, экскурсияға келетіндермен ерекше келісім жасалынатындығы және кіру тегін екендігі айтылған.

Музей отырысының екінші отырысында (1931 жылдың 27 тамызында) қабылдаған шешімде былай делінген: «Қала және аудан тұрғындарына музейдің ашылғандығы жөнінде листовкалар мен жергілікті газеттер мен радио желілері арқылы хабарлансын. Археологиялық қазба байлықтарын музейге өткізу және табылған археологиялық қазба байлықтардың маңызы жөнінде археолог М.Е. Массонға хабарлап отыру міндеттелінсін».

Сондай-ақ, бұл уақытта халқымыздың тарихында ауыр

кезеңдер өтіп жатқандығы белгілі. Алғашқы музей кеңесінің төрағасы болып П.Р. Косивцев, хатшысы болып Сержинский сайланған.

Музейдің алғашқы ғимараты ортағасырлық сәулет ескерткіші, бүгінгі Тараздың бейнесі Қарахан кесенесінің маңындағы шағын ғимаратта орналасты. Екі экспозициялық залдың көлемі небәрі 328,5 шаршы метрді қамтыған. Осылайша музей қызметі бар мүмкіндікке орай дами бастады, археологиялық жәдігерлер жинақтау жұмыстары жүргізілді. 1939 жылы Жамбыл облысының құрылуына орай, музей статусы облыстық деңгейге көтерілді. Музейдің құрылған уақытынан бастап жұмысының алғашқы жанданған кезі 1947 – 1948 жылдарға сәйкес келеді. Музей жәдігерлерін тіркеу және каталогтеу жұмыстары жүйеленді. 1946 жылы ВКП (б)- ның қысқаша тарихы негізінде «Өлкетану музейлері экспозицияларының үлгілік-тақырыптық құрылымдары» деп аталатын құжат қабылданды. Тұңғыш рет бірыңғай үлгідегі тіркеу кітабы енгізілді.

Халық үшін музей көрсеткішінің жұмысы әрине экспозициялар мен қорлары. Бұл жұмыстар екінші дүниежүзілік соғыс жылдары болсын, соғыстан кейінгі қиын кезеңдер де музей қызметі ешқашан тоқтаған емес. Көптеген археологиялық экспедициялар мен музей қызметкерлерінің ерен еңбегі негізінде музей қоры әрдайым толығып отыр. Сондай-ақ, Жамбыл жұртшылығы да музей қорын толықтыруға үлкен септігін тигізді.

Музей экспозицияларының жасақталуы мен қорының толығыуына П. Косивцев, Л.И. Ремпель, К. Байбосынов, Ж. Қазиева, А. Попов, Г.И. Пацевич және т.б. зерттеуші-

ғалымдардың еңбегі баға жетпес болды.

Алғашқы экспозициялар: «Әлемнің жаратылуы мен жердегі өмір», «Ортағасырлық Тараз қаласының орнынан табылған археологиялық қазба байлықтар», «Жамбыл облысының жануарлар дүниесі», «Ұлы Октябрь социалистік революциясына - 30 жыл», «Жамбыл -Қазақстанның халық жыршысы», «Қоныстанушылар», «Қазақстан Ұлы Отан соғысы жылдарында», «Халықтар достығы» тақырыптарында жасалды.

Қазіргі таңда жасақталған 4 үлкен экспозиция бойынша келушілерді қабылдайды. Бірінші экспозициялық залда Жамбыл облысының жер бедері, табиғаты, флорасы мен фаунасы, тас және қола, темір дәуірлеріндегі тайпалар тарихы, құнды, әрі бірегей жәдігерлер қойылған түркі дәуірі тарихы баяндалады. Осы орайда, келушілер назарын, әсіресе талас тудырып, көптеген ғалымдардың ғылыми-зерттеуіне арқау болған жәдігерлерді атап өтуіміз қажет. Қола дәуіріндегі адамдардың дүниетанымы мен о дүние туралы түсінігінен мол ақпарат беретін Мойынқұм ауданы, Хантау тауы, Қожабала жерінен әйел адамның қорымынан қоладан жасалған әшекей бұйымдар: сырға, білезік, қыш ыдыстар табылған. Бұл жәдігерлер қола дәуіріндегі өркениеттің, қолөнердің дамуы мен тұрмыстық өмірлерінен мол ақпарат береді. Сақ тайпаларынан да мол мұра сақтаулы тұр. Қазақстан, Орта Азия территориясынан табылған үш сақ дулығасының бірі облыстық музей қорында сақтаулы тұрғаны үлкен мәртебе. Ежелгі Орталық Азия территориясында металдан жасалынған дулыға табылуы өте сирек кездесетін олжа. Оның бірден-бір себебі қарапайым жауынгерге қол жетімсіз

әлеуметтік маңызы бар металл қорғаныс құралының бағалы түріне жатқызылатынында. Ежелгі көшпелі тайпалардың (сақтардың) мекен еткен территорияларынан үш дана сақ дулығасы табылған.

Бірінші данасы - Жетісудың батысындағы Қордай ауданы, Қысмышы қалашығынан табылған. Дулығаның биіктігі -20 см, ені (оңнан-солға) - 20 см, ұзындығы (алдынан артқа қарай) - 23 см. Екінші данасы - Самарқанд аумағынан табылған, таластық типке өте ұқсас келеді. Үшінші данасы - Қырғызстанның Джалал-Абад облысы, Тоғуз Тороос ауданынан кездейсоқ табылған.

Экспозицияда, сондай-ақ, Түркілердің діні, жазуы, сенімі кеңінен көрсетілген және де бұл жәдігерлер түпнұсқа күйінде тұр. Түркілердің дүниетанымы бойынша Тәңір көкте деп түсініп, тәңірлік дінді ұстанған. Сондай-ақ, әйелдердің, бала-шағаның қорғаушысы ретінде Ұмай анаға сыйынған.



Сур. 1. Сақтардың қола дулығасы
Fig. 1. Bronze helmet of the Saks

Ұмай ананың тасқа қашалған бейнесі Талас ауданы, Майтөбе ауылы, Билікөл көліне жақын жерден табылған. Беті жақсы сақталған. Көзқиығы бадам дәні тәрізді жақын орналасқан. Қыр мұрынды. Билікөлдік тас мүсіннің ерекше атрибуты – тақтатастың бетіне түсірілген үшбұрышты сызықтар түрінде келген бас киімі. Бұл үш мүйізді бас киім болып табылады. Яғни, Ұмай ана ертедегі Ұлы Даланы мекендеген түркі тілдес халықтардың ұрпақ жалғастырушы, береке-молшылық тәңірісі. Отбасы және бала-шағаның қорғаушысы, жебеушісі. Тас мүсін VI-VII ғғ. жатқызылады.

Көне түркілер дәуірінен жеткен құнды мұралардың бірі – ол көне түркі руна жазулары. Ғылымда оны «Орхон Енисей жазулары» деп атайды. Бүгінде түркі руникасының Талас типіне жатқызылатын бітіктастар мен орхон жазуы бар балбал тастар Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі қорында сақтаулы және бұл бірегей ескерткіштер музей қорының мақтанышы екені сөзсіз. Өйткені, бірнеше Талас руникалық жазуы бар ескерткіштер Ресейдің Мемлекеттік Эрмитажына өтіп кеткен. Сондай-ақ,


Қырғызстандағы Бішкек қаласындағы Мемлекеттік тарих музейінде сақтаулы. Талас – I (T1) бітіктасы Талас қаласынан (бұрынғы Әулие – Ата уезі, Дмитриевский қалашығы) 8 шақырым шығыс-оңтүстіктегі Айр – Там - Ой (Қырық-Қазық) деген жерден табылған.

4 жол мәтін қашалған. 1896 жылы В.А. Каллаур, Гастев тапқан. Г. Гейкел, В.В. Радлов, Ю. Немет, С.Е. Малов, Х.Н. Орхун, И.А. Батманов, Ч. Жумагулов, А.С. Аманжоловтар зерттеу жүргізген. Мәтіннің қазақша мағынасы: Ат үйірім ер батыр атым Ұдын, иесіздерме Қатұн енесі сонда тұл қалды. Інілері Қара барыс, оғұл барыс. Өзі сонда Есішке (аты).

Музей қорында 50 - ге жуық тас мүсіндер сақтаулы. Балбал тастардың осынша данада экспозицияға қойылған бірегей музей екенін атап өткен жөн. Тас мүсіндерге табыну ғұрпы VII-XII тасырларда Түркі және Қарлұқ қағанаттарының, Оғыз, Қыпшақ және Қараханид мемлекеттерінің құрамына кірген Түркі тілдес тайпалардың арасында өріс алды. Көне тас мүсіндер Қазақстанның барлық аймақтарында күні бүгінге дейін сақталған. Олар



Сур. 2. Ұмай ананың тасқа қашалған бейнесі
Fig. 2. The image of Umai Ana carved in stone



Сур. 3. Талас I бітіг тас
Fig. 3. Talas I runic script

Орталық Қазақстанда Торғай өзенінің бойы мен Ұлытау бөктерінде, Сарыарқаның күншығысына қарай Алтай мен Тарбағатай тауларының төңірегінде көптеп кездеседі. Ал оңтүстікте Қаратау мен Қырғыз Алатауының жоталарында, Шу, Іле алқаптарында, Хантау мен Жамбыл маңындағы жазық далаларда ұшырасады.

Екінші экспозициялық залда 2022 жылы Дүниежүзілік қолөнершілер қаласы атағын алған Тараз қаласының тарихы халық назарына ұсынылған. Тараз қаласы Ұлы Жібек жолы бойында орналасқан ең ірі сауда, мәдени, ғылым ошақтарының бірі болды. «Тараз қаласы алғаш рет 568 жылы Византиялық жазба деректерінде кездеседі. Осы кезеңде Византия Парсыларға қарсы одақтас табу үшін Земарх бастаған елшілерін, Шығыста дүркіреп тұрған Батыс Түрік қағанына жібереді. Осы елшілерді Византия тарихшысы Менандрдың айтуы бойынша Түрік қағаны Естемі (Дизабул) Тараз маңындағы ұлы ордасында қабылдайды...» - деп жазған В.В.Бартольд. Сонымен қатар, қытай және араб деректерінде қала туралы көптеген мәліметтер сақталған.

Экспозицияда қыш өндірісінің дамуы, сауда жолы арқылы таралған діни ағымдар, исламның енуі, мешіттер мен қала құрылысының тарихы, Тараздан шыққан ұлы ғұламалар берілген. Ортағасырлық Тараз қаласының дамуы барлық сипаты жағынан бірнеше кезеңдерден өткен:

- Ерте феодализм кезеңіндегі Тараз VI-IX ғғ.


- Тараздың гүлденген кезеңі X-XII ғғ- феодализм дәуірі.

- Талас бойындағы мәдениеттің құлауы – XIII-XVIII ғғ. Ежелгі Тараз

қалашығы 3 бөліктен тұрған: цитадель, шахристан, рабад.

Бұл залдада Қазақстанның басқа музейлерінде кездеспейтін бірегей жәдігерлер көптеп

қойылған. Атап айтқанда, мыспен безендірілген құмыра. Көлемі: h - 23,5, d - 15,5 см. Тарихи жәдігер Жалпақтөбе ауылында бақшадағы жер жұмыстары кезінде табылған. Құмыраны музейге қала тұрғыны Дәулетбаев табыстады. Қыш құмыраның сфералық дене тұрқы құс тұмсығы түрінде шығатын өрікпен аяқталады. Төменде екі ай тәріздес өрнектің ортасына қарашық жабыстырылған. Дене мен мойынның түйіскен жерінде тізбек (немесе флагелла) түрінде бедерлі ою байқалады. Магистральда ат тәрізді пішінді бедерлі қалыптар көрінеді, олардың ортасында мыспен қапталған жабысқақ конустар бар. Сондай-ақ, мұндай конустар су төгетін жерден тік жақта орналасқан. Құмыраның тұтқасы тік, шығыңқы. Мұндай құмыралар сирек кездеседі, олар «соғды» түріне жатады.



Сур. 4. Мыспен безендірілген құмыра
Fig. 4. Vessel, inlaid with copper.

Ою-өрнек мотивтерінің сюжеті бойынша Тараздық қыш ыдыстарды сәндеудің төрт түрлі тобын атауға болады: сызықтық-геометриялық, өсімдік, эпиграфиялық және зооморфтық. Осы аталған топтардың арасында эпиграфиялық өрнектегі жалатапалы қыш ыдыстар музей қорында көптеп кездеседі. Ыдыстарда қарапайым куфиден бастау алып, стилі қалыптасқан араб жазуымен жазылған мәтіндер ұсынылған. Араб жазуларында көбінесе Құранның үзінділері мен игі тілектер мағынасындағы мәтіндер берілді.

Эпиграфиялық өрнектегі ыдыстар Орта Азиялық қалаларда X-XII ғғ. өте кең таралды. Таразда бұдан ерте кезеңге жатқызылатын жалатпалы қыш ыдыстар кездеспейді. Сондай ерекше жәдігердің бірі – араб жазуы бар жалатпалы қыш құмыра.

1971 жылы 24 ақпанда Жамбыл қаласынан 15 шақырым қашықтықтағы қорғаннан жасөспірім өлкетанушы, археологтар үйірмесінің мүшесі болған Александр Шабловский XII-XIV

ғасырларға жататын көгілдір жалатпалы құмыраны кездейсоқ тауып алып, музейге тапсырған. Өлшемі: биіктігі - 20 см; дене диаметрі - 16,5; мойын диаметрі - 7 см.

Төменгі Барысхан, Жікіл, Жамұқат қалашықтарында жүзім шаруашылығының, шарап өндірісінің болғандығын дәлелдейтін музейде бірнеше жәдігерлер бар. Соның бірі қыш ыдыстың қақпақ бөлігі. Өлшемі: биіктігі - 7,5 см, диаметрі - 28 см. Мерзімі VII-IX ғғ., екі фрагменттен желімделген. Қақпағы дөңгелек, бедерлі өрнегі бар дөңес, қолы бүгілген және аяғы кең, жанында ешкі бейнесі бар адамның схемалық бейнесі бейнеленген. Жоғарыда-жеміс шоғырлары бар жүзім бейнеленген. Шетінде екі бедерлі белдеу созылып жатыр, олардың үстінде батырмалап шеңберлер салынған. Оның шеттерінде және ішкі жағында күйе іздері бар. Күйдіру біркелкі жүргізілген. Төменгі Барысхан қалашығының аумағынан кездейсоқ табылған. В.В. Быков жеткізген.

Музей қорында археологиялық



Сур. 5. Араб жазуы бар жалатпалы құмыра
Fig. 5. Irrigation ceramics with Arabic inscription



Сур. 6. Қақпақ бөлігі.
Fig. 6. A fragment of the lid

олжалар өте көп сақталған. 2000 жылдан аса тарихы бар қаланың тағы бір тарихи ерекшелігі - сәулет өнері болып табылады. Юнесконың ескерткіштер құрамына кірген Өрнек қалашығынан табылған үйдің қабырғасын әсемдеген бөліктері, Айша бибі кесенесінің түпнұсқа кірпіштерін ерекше атауға болады. Облыста бірегей кесенелер бүгінде туристтердің ең көп келетін орындарының біріне айналды. Тараз қаласы тек ірі сауда орталығы ғана емес, Тараз - Қазақстандағы Ислам өркениеті алтын бесіктерінің бірі, ұлы ғұламалар дүниеге келген киелі мекен саналады.

Үшінші экспозициялық зал Қазақ хандығының құрылуы және қазақ халқының экспозициясымен таныстырады. Бұл залда халқымыздың музыкалық өнеріне, тұрмысына, әшекей бұйымдары мен әскери өнеріне аса мән берілген. Ежелден қазақ халқында ауызша халықтық және музыкалық өнер дамыған, 100 ден аса музыкалық аспап түрлері болған, алайда, бізге 20 - дан аса түрі жетті. Музыкалық өнердің даму шегі XVIII-XIX ғғ сәйкес келеді. Музейдің құнды жәдігері Ықылас Дүкенұлының қобызы экспозиция төрінен орын алған. XIX-XX ғасырларда өмір сүрген қобызшы, күйші – сазгер Ықылас



Сур. 6. Ықылас Дүкенұлының қобызы
Fig. 6. musical instrument of Y.Dukenuly

Дүкенұлының өзі жасап, күй шертіп, пайдаланған музыкалық аспабы.

Қазақ даласында Қорқыт пен Қойлыбай аталардан кейінгі атақты қобызшы Ықылас Дүкенұлының бұл құнды жәдігерін Сарысу ауданы Жайлаукөл ауылының тұрғыны, қобызшының шөбере келіні Алтын Ақынбаева музей қорына 2008 жылы табыстаған болатын.

Музей қызметкерлері жинаған, қазақ зергерлері шебер орындаған күміс зергерлік бұйымдар топтамасы лайықты таңданыс тудырады. Бұл өңір жиек, бойтұмар, шашбау, білезіктер, сырғалар, тоғалар сияқты түрлі конструкциялардағы кеуде әшекейлері. Қазақтың зергер шеберлері зергерлік бұйымдарды жасауда ою, штамптау, монеталау, асыл тастарды және сәндік тастарды қырку сияқты техникалық әдістерді қолданған. Қазақ әйелінің өмірінде зергерлік бұйымдар маңызды рөл атқарды. Олар бақытқа деген үмітті, табиғат пен зұлымдықтан қорғауға қабілетті ғажайып Күштерге деген сенімді бейнеледі. Бұл залда қазақтың өресі биік – құсбегілік өнеріне қатысты ерекше экспозиция жасақталған. Құсбегі Жапар Сатылғанов 2017 жылы желтоқсан айында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы аясында музей қорына әкесі Тілеужан Сатылғанұлынан қалған аңшылық мұраларын тапсырған. Мойынқұм ауданының Құрметті азаматы, танымал этнограф, зерттеуші-натуралист, құсбегі Жапар Сатылғанов құсбегілік өнердің қайта жандануына өз үлесін қосып келеді. Сондай-ақ, тағы бір экспозиция XVII-XIX ғасырлардағы қазақтардың қарулануымен танысуға мүмкіндік береді. Әскери дәстүрлер көшпенділердің өмірінде үлкен

маңызға ие болды. Темірден жасалған әскери дулыға, сауыт, найза, садақтар сақталған. Облыстық музейдің бірегей экспонаттарының бірі - әскери сауыт. Мұндай қару-жарақты жасау үшін бір сақинаны екіншісіне шыдамдылықпен өткізіп, оларды дәнекерлеп, қару-жарақ шебері бірнеше жыл бойы жасағаны көрінеді, жәдігер өлшемі: 86, 5x67 см, 6 кг 800 гр құрайды. Үшінші экспозициялық залда Қазақ хандығының құлдырауы мен өлкемізді Қоқандықтардың басып алуы, жеріміздің Ресей империясына қосылуы, Алаш және Кеңес үкіметі және қуғын-сүргін жылдарының тарихына және осындай тарихи оқиғалардың куәсі болған, Жамбылдық жерлестеріміздің өмірбаяны мен еңбектерінің, ерліктерінің тарихы баяндалады.

Төртінші залда Жамбыл облысының құрылуынан қазіргі күнге дейінгі ауыл шаруашылығы, медицина, ғылым мен білімнің, бұқараттық ақпарат құралдарының дамуы, Жамбылдан шыққан атақты өнер адамдары мен жазушы, журналисттеріне экспозициялар жасақталған. Музей қорында А.А. Асқаров, Б. Момышұлы, К. Байбосынов, Ж. Кәрібайұлы, Т. Омарбеков, К.И. Скрябин, А. Әшімов, Қ. Рысқұлбеков, Ж. Қуанышбаев, К. Әзірбаев, С. Сапарбаев, Л. Брюммер сынды ұлы тұлғалардың жеке заттары мен мұралары сақтаулы.

Бүгінгі таңда музей қоры: археологиялық, нумизматикалық, заттық, кітап, құжаттық, этнографиялық, графика, мүсіндер, фотосуреттер атты 9 топтамаға топтастырылған. Барлық бөлімдерді қоса есептегенде 75 мыңнан аса жәдігер сақтаулы. Сонымен қатар, музейдің 6 қалалық және 4 аудандық бөлімдері де жұмыс жасайды. Қалалық бөлімдері:

Көркемсурет галереясы - 1971 жылдан жұмыс жасап келеді. Галереяда Жамбыл облысының атақты суретшілерінің және екінші дүниежүзілік соғыс жылдары жер ауып келген суретші Л. Брюммердің 1000-нан аса суреттері сақтаулы. Көпшіліктің жиі келетін орнына арналған галерея балалармен, жас жеткіншектермен аса тығыз жұмыс жасайды.

Д.А. Қонаев орталығы - 2022 жылы 13 тамызда аса көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, үш мәрте Социалистік Еңбек Ері Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевтың өмір жолы мен елімізге сіңірген еңбектерін кеңінен насихаттау мақсатында 110 жылдығына орай ашылып, халыққы қызмет етіп келеді.

Асанәлі Әшімов шығармашылық орталығы - ерекше мәдени орындардың бірі. 2008 жылы Тараз қаласындағы мәдениет үйінің ғимаратында театр – кино өнерінің биік шыңы, КСРО және Қазақстан Халық әртісі, танымал актер Асанәлі Әшімовке арнап көрме залы ашылса, 2011 жылы ресми түрде орталық ретінде қызметін бастады. Орталықта актердің көптеген құнды жеке заттары қойылған.

Даңқ залы - Ұлы Отан соғысының тарихына, даңқты батырлардың ерлігін ұлықтауға арналған зал 2019 жылы салтанатты түрде ашылған. 1941 жылдың 22 маусымында басталып 1418 күнге созылған алапат соғысқа арналған зал 5 бөліктен жасалған, соғыстың әр жылдарына арналған.

Бауыржантану ғылыми-зерттеу орталығы - Даңқ залының екінші қабатында орналасқан. Б. Момышұлының өміріне, шығармашылығына арналған шетелдік және Қазақстандық архив деректерін зерттеуге бағытталған

негізгі орталықтың бірі.

К.И. Скрябин музей-үйі. Гельминтология ғылымының негізін қалаушы К. И. Скрябин 1907-1911 жж аралығында Әулиеата қаласында тұрып, мал емдейтін дәрігер болып жұмыс істеді. Бұл музей үйі 1962 жылы ғалымның көзі тірісінде ашылған. Музейде ғалымның өмірі мен қызметімен байланысты болған жеке заттар, құжаттар мен материалдары, кеңестік және әлемдік ғалымның алтын қорына кірген академиктің еңбектері насихатталады.

Аудандық бөлімдер:

Бауыржан Момышұлының мемориалдық музейі Жуалы ауданының, Ақсай округының, Қайрат ауылында орналасқан. Музейдің құрылысы 1990 жылы басталып, 1995 жылы 5 мамырда салтанатты түрде ашылды. Айта кететін жайт, Б. Момышұлы 1965 жылы өзінің барлық мұрасын, жеке заттарын дәл Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейінің қорына табыстайтынын, басқа ешбір музей талас тудырмауын өсиет етіп қалдырған. Бүгінде өмірі мен қызметіне, шығармашылығына қатысты жәдігерлер жергілікті, басқа өңірлер мен шетелден келетін қонақтарға насихатталуда.

Сарысу аудандық Т. Мақашев атындағы тарихи-өлкетану музейі. 1978

жылы Сарысу ауданының құрылуының 50 жыл толуына орай, Саудакент ауылында Т.Мақашев атындағы тарихи-өлкетану музейі ашылды. Бұл музейде Сарысу ауданының қилы тағдырларынан сыр шертетін тарихи жәдігерлер өте көп. Музейге аудан мәдениеті мен экономикасының көтерілуіне, дамуына үлкен үлес қосқан Т. Мақашевтың есімі берілген.

Т. Рысқұлов аудандық тарихи-өлкетану музейі. 1983 жылы Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері, өлкетанушы Әміре Сұлтанбековтың бастамасымен ұйымдастырылған тарихи жәдігерлер көрмесі бүгінде Т. Рысқұлов ауданының тарихын насихаттайтын музей ретінде қызмет атқарады.

Шу аудандық тарихи-өлкетану музейі. Шу ауданының орталығындағы Төле би ауылындағы тарихи-өлкетану музейі облыстық музейдің Шу аудандық бөлімі болып 1986 жылы алғаш қоғамдық негізде құрылса, 1988 жылы ресми түрде жұмыс істей бастады.

Музей ареалы тек қана жәдігерлерді жинау, сақтау, халыққа насихаттаудан тұрмайды, музей сонымен қатар жалпы қоғамның ағартушылық, мәдени дамуына да тікелей ықпал етеді. Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі бұл қызметтерді лайықты атқарып келеді.

Алманкулова Ж.А.¹

¹Жамбылский областной историко-краеведческий музей

Тараз, Казахстан

e-mail: osken_91_92@mail.ru

ЖАМБЫЛСКИЙ ОБЛАСТНОЙ ИСТОРИКО-КРАЕВЕДЧЕСКИЙ МУЗЕЙ – ХРАНИЛИЩЕ ЦЕННЫХ ПАМЯТНИКОВ НАШЕЙ НАЦИОНАЛЬНОЙ ИСТОРИИ

Аннотация. Жамбылский областной историко-краеведческий музей считается одним из старейших и уникальных музеев Казахстана. Музей, открытый в 1931 году, в 1970-е годы был включен во Всесоюзный туристический маршрут, а с 1977 года начал принимать иностранных туристов. В этот период выставочная площадь музея составляла всего 328,5 квадратных метров. В первые годы открытия музея археологические находки считались ценными реликвиями. В настоящее время этнокультурно-исторический комплекс «Древний Тараз» имеет общую площадь более 4000 квадратных километров, а публику обслуживают 4 выставочных зала, состоящих из 2 этажей. В фонде музея хранится около 50 каменных изваяний. Фонды музея сгруппированы в 9 коллекций: археологическая, нумизматическая, материальная, книжная, документальная, этнографическая, графика, скульптура, фотография. С учетом всех отделов в музее хранится более 75 тысяч артефактов. Кроме того, работают 6 городских и 4 районных отделов музея. Значительное внимание уделяется представлению сведений о становлении музея, истории уникальных экспонатов, городских и районных ведомств.

Основной целью статьи является популяризация истории музея, ценности значимой уникальной коллекции, деятельности, а также роли и значения в древней истории нашего народа. Особый акцент в работе сделан на представление отдельных выставочных залов музея, так как главный показатель работы музея – его экспозиции и коллекции. Представлена краткая информация о городских подразделениях музея: картинная галерея, центр Д.А.Конаева, творческий центр Асанали Ашимова, зал Славы, научно-исследовательский центр по бауыржановедению, дом-музей К.И.Скрябина. В работе подробно описывается история экспонатов, представленных в залах.

Для цитирования: Алманкулова Ж.А. Жамбылский областной историко-краеведческий музей – хранилище ценных памятников нашей национальной истории // Мәдени Мұра. 2024. №1 (104). 139-150 с.(Каз.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.11>

Almankulova Zh.A.¹

¹Zhambyl Regional Museum of Local Lore

Taraz, Kazakhstan

e-mail: osken_91_92@mail.ru

ZHAMBYL REGIONAL MUSEUM OF LOCAL LORE IS A PLACE OF PRICELESS EXHIBITS OF NATIONAL HISTORY

Abstract. Zhambyl Regional Museum of Local Lore is considered one of the oldest and unique museums in Kazakhstan. The museum, opened in 1931, was included in the All-Union Tourist Route in the 1970s, and since 1977 began to receive foreign tourists. During this period, the museum's exhibition area was only 328.5 square meters. In the early years of the museum's opening, archaeological finds were considered valuable relics. Currently, the ethnocultural and historical complex "Ancient Taraz" has a total area of more than 4,000 square kilometers, and the public is served by 4 exhibition halls locating on 2 floors. The museum has about 50 stone sculptures in its collection. The museum's funds are grouped into 9 collections: archaeological, numismatic, material, book, documentary, ethnographic, graphics, sculpture, photography. Taking into account all departments, the museum houses more than 75 thousand artifacts. In addition, there are 6 city and 4 district departments of the museum. Considerable attention is paid to the presentation of information about the formation of the museum, the history of unique exhibits, city and district departments.

The main purpose of the article is to popularize the history of the museum, the value of a significant unique collection, activities, as well as the role and significance in the ancient history of our people. Special emphasis is placed on the presentation of individual exhibition halls of the museum, as the main indicator of the museum's work is its expositions and collections. Brief information about the city divisions of the museum is presented: the art gallery, the D.A.Konaev Center, the Asanali Ashimov Creative Center, the Hall of Fame, the research center for bauyrzhanology, the K.I.Scriabin House Museum. The work describes in detail the history of the exhibits presented in the halls.

For citation: Almankulova Zh.A. Zhambyl regional museum of local lore is a place of priceless exhibits of national history // Madeni mura. 2024. №1 (104). 139-150 p. (in Kaz.)

DOI: <https://doi.org/10.47500/2024.v17.i1.11>

Автор туралы мәлімет:

Алманқұлова Ж.А., ғылыми зерттеу жұмыстарын қамтамасыз ету бөлімінің (тарих, археология, этнография) меңгерушісі, Жамбыл облыстық тарихи-өлкетану музейі, Тараз, Қазақстан.

Сведения об авторе:

Алманкулова Ж.А., заведующий отделом обеспечения научно-исследовательской работы (история, археология, этнография), Жамбылский областной историко-краеведческий музей, Тараз, Казахстан.

Information about the author:

Almankulova Zh.A., head of the Department of Research Support (History, Archaeology, Ethnography), Zhambyl Regional Museum of Local Lore, Taraz, Kazakhstan.

МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

FTAMP 03.41.91: (<http://grnti.ru/> сілтеме бойынша анықталады)

***Мұсырманқұл П.Б.¹**

Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі,
Астана, Қазақстан

*e-mail: pmusilmankul@bk.ru

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ҚОЛА ДӘУІРІНДЕГІ СҮЙЕК КОНЬКИЛЕРІ ТУРАЛЫ

Аңдатпа. Мақалада Қазақстан территориясынан табылған қола дәуірінің сүйек конькилері туралы айтылады. Мұндай олжалар көбінесе қоныстық ескерткіштерде кездеседі. Коньки сияқты сүйектен жасалған бұйымдарды қолдану туралы әртүрлі пікірлер бар. Ол туралы О.А. Кривцова-Гракова, А.М. Оразбаева, М.Қ. Қадырбаева, С.А. Семенова, т.б. ғалымдардың қорытындыларында қарастырылады. Садчиков, Шағалалы, Мыржық, Бұғылы 2, Түрген 2 қоныстарынан табылған қола дәуірінің сүйек конькилерінің сипаты мен қолданылуы талданады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық музейінің қорындағы Мыржық қонысынан 1980 жылы табылған сүйек конькилер зерттеудің негізгі нысаны болып табылады.

Сонымен қатар қола дәуіріндегі сүйек конькилер мен этнографиялық кезеңге жататын сырғанауға арналған сүйек бұйымдарының арасындағы дәстүрлі сабақтастық мәселелері де қарастырылған... [180-200 сөз]

Кілт сөздер: қола дәуірі, қоныстар, сүйектен жасалған құралдар, коньки, сойшаңғы... [8-10 сөз / сөз тіркестері]

МАҚАЛАНЫҢ НЕГІЗГІ МӘТІНІ

Мақаланың негізгі мәтіні келесі құрылымдық элементтерді қамтуы керек:

- Кіріспе
- Материалдар мен зерттеу әдістері
- Тақырыптың зерттелу дәрежесі
- Талдау
- Алынған нәтижелер
- Қорытынды
- Әдебиет

Мақалаға қойылатын негізгі талаптармен журнал сайты арқылы таныса аласыздар. Журналға мақалалар <https://madenimura-journal.kz/> сайты арқылы қабылданады.

ОБРАЗЕЦ ОФОРМЛЕНИЯ СТАТЬИ

МРНТИ 03.41.91: (определяется по ссылке: <http://grnti.ru/>)

***Мусырманкул П.Б.¹**

Национальный музей Республики Казахстан,
Астана, Казахстан

*e-mail: pmusilmankul@bk.ru

О КОСТЯНЫХ КОНЬКАХ ЭПОХИ БРОНЗЫ КАЗАХСТАНА

Аннотация. В статье говорится о костяных коньках эпохи бронзы, найденных на территории Казахстана. Подобные находки чаще всего обнаруживаются в поселенческих памятниках. Встречаются различные мнения о применении костяных изделий типа коньков. Среди них были рассмотрены выводы ученых О.А. Кривцовой-Граковой, А.М. Оразбаева, М.К. Кадырбаева, С.А. Семенова и др. Проанализированы характер и функции костяных коньков бронзового века из поселений Садчиков, Шагала, Мыржык, Бугулы 2, Тургень 2. Костяные коньки из фонда Национального музея РК, найденные в поселении Мыржык в 1980 году, являются основным объектом нашего исследования.

Также рассмотрены вопросы традиционной преемственности между костяными коньками бронзового века и костяными предметами для катания, относящимися к этнографическому периоду... [180-200 слов]

Ключевые слова: бронзовый век, поселения, костяные орудия, коньки, сойшангы... [8-10 слов/словосочетаний]

ОСНОВНОЙ ТЕКСТ СТАТЬИ

Основной текст статьи должен содержать следующие структурные элементы:

- Введение
- Материалы и методы исследования
- Степень изученности темы
- Анализ
- Полученные результаты
- Выводы
- Литература

С основными требованиями оформления статей вы можете ознакомиться на сайте. Статьи в журнал принимаются через сайт <https://madenimura-journal.kz/>.

SAMPLE FORMAT OF AN ARTICLE

MPHTI 03.41.91: (it is determined by the link: <http://grnti.ru/>)

***Musyrmankul P.B.¹**

National Museum of the Republic of Kazakhstan,
Astana, Kazakhstan

*e-mail: pmusilmankul@bk.ru

ABOUT THE BONE SKATES OF THE BRONZE AGE OF KAZAKHSTAN

Abstract. The article considers the bone skates of the Bronze Age, discovered on the territory of Kazakhstan. Such findings are most often found in the settlement sites. There are different opinions about the use of bone products such as skates. Among them, the conclusions of scientists O.A. Krivtsova-Grakova, A.M. Orazbayev, M.K. Kadyrbayev, S.A. Semenov and others were considered. The nature and functions of the bone skates of the Bronze Age from the settlements of Sadchikov, Shagalaly, Myrzyk, Buguly 2, and Turgen 2 have been analyzed. The bone skates from the fund of the National Museum of the RK, found in the Myrzyk settlement in 1980, are the main object of our research study. As well as the issues about the traditional continuity between the bone skates of the Bronze Age and bone skating items related to the ethnographic period have been considered.... [180-200 words]

Keywords: Bronze Age, settlements, bone tools, skates, soyshangy... [8-10 words/word combinations]

THE MAIN TEXT OF THE ARTICLE

The main text of the article should contain the following structural elements:

- Introduction
- Materials and methods of research
- The degree of study
- Analysis
- Results
- Conclusions
- References

You can find the basic requirements to articles on the website. Articles in the journal are accepted through the website <https://madenimura-journal.kz/>.

Журналдың құрылтайшысы және меншік иесі –
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі

11.03.2020 ж. Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық
келісім министрлігінде тіркелген. Куәлік №KZ74VPY00021104

Бас редактор – Сыдыков А.Ж.
Жауапты редактор – Султанова А.К.
Редакторлар – Оспанова А.К.,
Рубас А.,
Ақпанбекова Ғ.Р.
Суретші-дизайнер – Смайлова А.Б.

Редакцияның мекен-жайы:
010000, Астана қаласы,
Тәуелсіздік даңғылы, 54,
Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі
6-блок, 6-қабат, 618-бөлме

Байланыс телефондары:
+7 (7172) 91 90 35; 335, 663, 664, 641 (ішкі)
Журнал сайты: <https://madenimura-journal.kz>
e-mail: journal.madenimura@gmail.com



Журналдың Instagram
парақшасына QR-код




Журналдың Facebook
парақшасына QR-код

Журнал жылына 4 рет жарыққа шығады

Басуға 15.03.2024 ж. қол қойылды.
Пішімі 205 x 275 мм. Офсеттік басылым 4 + 4.
Шартты баспа табағы 16,62.

Таралымы 200 дана

«Big Dream» баспаханасында басылды.
Баспахана мекен-жайы:
Астана қ., Байсейітова к., 114/2
377-074, 87024848813.



**Ұлттық құндылықтарымызды
насихаттап, рухани
қазыналарымызды ұлықтауға
үн қосып жүрген «Мәдени мұра»
ғылыми журналына жазылыңыздар!**

Журнал жылына 4 рет шығады

**Журналдың газеттер мен журналдар
каталогындағы индексі – 75 379**

«Қазпочта» АҚ, «Астана-Пресс» ЖШС

